

ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах



ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах

№1 (53) 2021

Бас редактор

Ә. Қаба

Жауапты редактор

Қ. Есентаев

ҚР Мәдениет, ақпарат
және қоғамдық келісім
министрлігінде тіркеліп,
тіркеу туралы
2002 жылғы 27 мамырда
№2993 – ж қуәлігі
берілген.

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Тіл саясаты комитеті

Редакциялық алқаның төрағасы

Шолпан Каринова

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
вице-министрі

Редакциялық алқа

Әділбек Қаба

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі Тіл саясаты комитетінің
төрағасы

Сұлтан Оразалы

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
қайраткері, жазушы

Оразкүл Асанғазы

Мемлекет және қоғам қайраткері

Сайлау Батыршаұлы

Нұр-Сұлтан қаласының «Мемлекеттік тіл
қозғалысының» төрағасы

Дос Көшім

«Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы

Асылы Осман

«Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің
Төрайымы

Дихан Қамзабекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің проректоры, ҚР ҰҒА
академигі



ӘДІЛБЕК ҚАБА

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы*



ЖАҢА ІСТЕРГЕ ЖАҢАШЫЛ БАСТАМА КЕРЕК

Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгіні және болашағы. Ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп тілдің маңыздылығын бір ауыз сөзге сыйдырды.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің ғана емес, елімізде тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілінің дамуына жағдай жасалды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен Тіл саясаты комитеті Білім және ғылым министрлігінің қарамағына өтті. Министрлік тіл саласындағы орталық уәкілетті орган ретінде мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі рөлін күшейтуге бағытталған жүйелі шараларды атқаратын болады.

Тіл – татулық тірегі. Өркениетті елдердің қай-қайсысына барсаңыз да мемлекеттік тілінің үстемдігі анық байқалады. Сол елдерде тұратын ұлт пен этностар әртүрлі болса да барлық азаматтары бір тілде сөйлеп, бір тілде тіршілік жасайды. Мемлекеттік тілдің қоғамды топтастырып, елді біріктірудегі тигізер үлес-салмағы ұшан-теңіз. Осы тұрғыдан келгенде мемлекеттік тілді ардақтап, құрметтеуді қоғамның әрбір мүшесі саналы түрде үйренуге бет бұруы қажет.

Міне, осындай іргелі жұмыстарды пәрменді жүргізуде Тіл саясаты комитеті шығаратын «Тіл және қоғам» альманағы көппен байланыс-



тыратын алтын көпір. Электрондық басылымда тіл, оқыту, үйретудің әлемдік озық ғылыми жетістіктері туралы мақалалар жарияланады. Оқырман қажетін осы электрондық басылым беттерінен табары сөзсіз.

Олай болса, электронды басылыммен танысыңыздар. Ой бөлісіп, ұсыныс айтыңыздар, тың идеяға толы мақалалар жолдаңыздар!

Жаңа істерге қашанда жаңашыл бастамалар керек. Іске сәт!

ЛАТЫН ӘЛІПБИІН ТАҢДАУЫМЫЗДЫҢ СЕБЕБІ?

Латын әліпбиі ғылым мен техникада, әсіресе, компьютер тілі ретінде кеңінен қолданылады. Сондықтан латын графикасына негізделген қазақ жазуын жасау – заман талабы, уақыт сұранысы.

Әліпби ауыстыру - өз тілімізді ұмытып басқа тілге (латын тіліне) көшу емес, ана тілімізді түлетіп, қоғам сұранысына сай ету, қолданыс аясын арттырып, ғылыми-техникалық прогреске икемді тіл ету.

Жаңа әліпбиді игеру бүгін басталып, ертең аяқталатын мәселе емес. Ол арнайы бекітілгеннен кейін өзіндік емле ережелері жасалып, кезең-кезеңмен жүзеге асатын кешенді үдеріс. Жаңа әліпбиді игере алмаймыз деп қорқудың, еш қисыны жоқ. Қайта ана тілімізді әлемнің дамыған тілдерінің қатарына қосатын жақсы жаңалыққа үн қосып, қолдау білдірейік.

Латыннегізді жаңа әліпбиді қабылдау алды ғалымдар мақалаларымен альманах арқылы танысыңыздар, қадірлі оқырман!

Редакциядан

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТАРИХЫ

Қазақ жазуы – батыс түркі тілдері тобының қыпшақ тармағына жататын қазақ тілінің жазуы. Қазақ жазуы – қоғамдағы түрлі тарихи-әлеуметтік өзгерістерге сәйкес бірнеше жазу нұсқаларына (араб, латын, кирил жазулары) бағындырылған, фонематикалық принципке сүйенетін қазақтың дыбыстық жазуы.

Қазақ тілінің жазу тарихында 1929 жылға дейін араб жазуы, 1929-1940 жылдары – латын графикасы қолданылса, кирил графикасы – ресми түрде 1940 жылдан бастап қолданылады.

Латын графикасы – латын графикасындағы әліпби 2017 жылы Қазақстан Республикасында ресми түрде бекітілді. Бұл әліпбиге көшуді 2017-2025 жылдар ішінде жүзеге асыру жоспарланған.

Араб графикасына негізделген жазуды қазақ мәдениеті VIII ғ. бастап, ұйғыр жазуынан кейін XX ғ. басына дейін қолданды. Бұл жазудың қазақ даласында екі түрі пайдаланылды: қадим және жәдид. Қадим жүйесінде 35 таңба болды.

Бұл классикалық араб әліпбиі негізінде) ۞ (і парсы-4, і араб әліпбиіне

сәйкес емес, жалпытүркілік әліпби болды. Оның 28) ى (і ауған жазуынан-1,)ве,)و,)ңе)ك(і түркі-2,пе) әліпбиінен)پ)че)چ,)ге)گ,)жеиамәжһул, е) алынды. Қадим жазуының басты ерекшелігі: дауысты дыбыстардың көп жағдайда жазуда таңбаланбауы, ң дыбысының сегіз түрлі графемамен берілуі, араб, парсы сөздерінің түпнұсқа тұлғасымен жазылуы, оғыз, қарлұқ, қыпшақ тілдеріне тән грамматикалық формалардың аралас болуы, көне, архаикалық элементтердің мол болуы.

Араб әліпбиінде ң таңбасы болмағандықтан, түркі халқы ол дыбыстың мәнін білдіру үшін бірнеше жолды ұстанған. Бұл дыбысты М.Қашғари өз еңбегінде «Мұрын нуны» деп атайды әрі каф және нун әріптерінің қосындысы арқылы береді. Қадим жазуындағы дауыстыларды таңбаламау жүйесі ХІХ ғасырға дейінгі араб жазуы қазақ жазбаларында қатты сақталған. Дауысты дыбыстары таңбаланбаған сөздерді мағынасына қарай ажыратып оқиды. Яғни логикалық әдіс (контекстік әдіс) арқылы (сөз құрамында графикалық әдіспен көрсетілмеуі) берілген. Қадим жазу жүйесінде дауыстылардың таңбаланбауы араб тілінің негізгі ерекшеліктерінің бірі харакаттардың (қысқа дауыстылардың) болуымен байланысты. Жадид жазуы – араб әліпбиіне негізделген жазу жүйесі. ХІХ-ХХ ғасырда қолданыста болған. «Түркістан уалаяты» газеті қадим жазуының біртіндеп жадид жазу үлгісіне ауысуының бастауы болып саналады. Жадид жазуының басты ерекшелігі: дауысты дыбыстардың жазуда таңбалана бастауы, ң дыбысының қадим ك (жазуындағыдай сегіз түрлі графемамен емес, екі түрлі таңбамен берілуі (каф, қосындысы арқылы), араб) ن+ ك (арқылы және диграф түрінде нун мен кафтың) парсы сөздерінің түпнұсқа тұлғасымен емес, қазақ тіліне икемделген вариантының таңбалана бастауы, оғыз, қарлұқ тілдеріне тән грамматикалық формалардың азайып, қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшелігінің сақталуы, көне, архаикалық азаюы.

Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынұлы реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді, ол 1929 жылға дейін «төте жазу» деген атпен қолданылып келді. 1920 жылдардың аяғында қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі көтерілді. Оған А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары қарсы болды.

Бірақ кеңестік билік саяси күшпен 1929 жылдан бастап латын әліпбиін енгізуге шешім қабылдады. 1930 жылы Н.Төреқұлов бастаған топ латын әліпбиінің нұсқасын дайындап, ол ресми түрде бекітілді. Бұл әліпбиге 1938 жылы толықтырулар енгізілді. ХІХ ғ. аяғында Ресей

үкіметі саясатының есебінен орыс жазуына көшу бағыты шыға бастады. 1876 жылы қазақ жазуын орыс графикасына көшіру туралы мәселе ресми түрде қолға алынды.

Алғашқы әліпбилер жасала бастады. Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпбиі жобасын Н.И. Ильминский жасады. Н.И. Ильминский әліпбиіндегі қазақ тілінің өзіне тән дыбыс дауыстылардың таңбалары мынадай болды: ә – <ə>, ө – <ө>, у – <ү>, і – <і>, ы – <ы>, н – <ң>, к – <қ>, г – <ғ>. Орыс әліпбиіндегі е, в, и, ф, ц, х, ч, щ, ь, ь, э, ю, я таңбаларын (қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес дыбыс таңбаларын) қолданбады.

1879 жылы Ы.Алтынсаринның «Қырғыздарды орыс тіліне оқытудың бастапқы жетекші құралы», «Қырғыз хрестоматиясы» кітаптары кирил әліпбиінде жарияланды.

1940 жылы саяси шешіммен қазақ жазуы кирил әліпбиіне ауыстырылды. Оны С.А. Аманжолов бастаған ғалымдар әзірледі. Бұл әліпби 42 әріптен тұрады. 1951 жылы Ұ әрпі Ұ-ға ауыстырылды. 1957 жылы Е әрпі енгізілді. 1957 жылға дейін қазақ тіліне тән әріптер әліпби соңында орыс әріптерінен кейін орналасты. 1940 жылы орыс графикасы негізінде қалыптасқан қазақ әліпбиі мен орфографиялық емлесіне әр кезде (1957, 1970), әртүрлі өзгерістер енгізілді. Кирил графикасы негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін дұрыс көрсете алмауына байланысты қазіргі кезде қазақ ұлттық жазуын латын графикасы негізіне көшіру мәселесі қойылды. 2017 жылы апострофты әліпби, 2018 жылы акутты әліпби нұсқасы бекітілді. 2020 жылдан бастап әліпби нұсқасын жетілдіру жұмыстары атқарылуда. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Әліпби» энциклопедиялық анықтамалығы



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

ДЫБЫСТАРДЫ ЖІКТЕУ ТУРАЛЫ

1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының 2-нөмірінде басылған Елдестің «Қазақ дыбыстары» деген мақаласы туралы төмендегі пікірімді айтқым келеді.

Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек. Қазақтікі сияқты заңы азбаған тілдің айтылу жүзіндегі дыбыс жіктері сөз жүзінде білінетін дыбыс қасиеттерінің жіктерімен түйісетін көрінеді.

Айтылуына қарай жіктегенде, қазақ тіліндегі дыбыстар *дауысты*, *дауыссыз* болып екі айрылады.

1. Дауыстылар: **а, р, ң, м, н, е, о, ұ, у, ы, й.**

2. Дауыссыздар: **б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г.**

Дауысты дыбыстар өзара *толық дауысты*, *шала дауысты* болып екі айрылады.

Толық дауыстылар: **а, е, о, ұ, ы.**

Шала дауыстылар: **р, ң, л, м, н, у, й.**

Толық дауыстылар өзара *кең шығысты*, *тар шығысты* болып, тағы екі айырылады.

1) Аңғал түрлісі: **а, е, ы.**

2) Қымқыру түрлісі: **о, ұ.**

Шала дауыстылар *ауыз шығысты*, *мұрын шығысты* болып олар да екі айырылады.

1) Ауыз шығыстылар: **р, л, у, й.**

2) Мұрын шығыстылар: **ң, м, н.**

Ауыз шығыстылар *босаң жолды, қысаң жолды* болып екі айрылады.

1) Босаң жолдылар: **р, у, й.**

2) Қысаң жолдылар: **л.**

Мұрын шығыстылары *босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі* болып үш айрылады.

1) Босаң бөгеулісі: **ң.**

2) Қысаң бөгеулісі: **н.**

3) Тұйық бөгеулісі: **м.**

Дауыссыз дыбыстар *босаң жолды, қысаң жолды* болып екі айрылады.

1. Қысаң жолдылар: **п, т, с, ш, қ, к.**

2. Босаң жолдылар: **б, ж, д, з, ғ, г.**

Қысаң жолдылар *ашық жолды, тұйық жолды* болып екі айрылады.

1) Ашықтары: **с, ш.**

2) Тұйықтары: **п, т, қ, к.**

Босаң жолдылары да *ашық, тұйық, тұйықтау* болып үш айрылады.

1) Ашықтары: **ж, з.**

2) Тұйықтары: **б, д.**

3) Тұйықтаулары: **ғ, г.**

Сөйтіп қазақ дыбыстары көшелеп көрсеткенде былай болады:

а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, й

I. Дауыстылары: а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, й;

II. Дауыссыздары: б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г.

1. Толықтары: а, е, о, ұ, ы; **2. Шалалары:** р, ң, л, м, н, у, й

1. Қысандары: п, т, с, ш, қ, к.; **2. Босандары:** б, ж, д, з, ғ, г.

1) Аңғал: а, е, м.

2) Қымқарулы: о, ұ.

1) Ауыз ш.:
р, л, у, й;

2) Мұрын ш.:
м, н, ң.

1) Қысаңы: л.
2) Босаңы: р, л, й.

1) Босаңы: н.
2) Қысаңы: ң.
3) Тұйығы: м.

1) Ашықтары: с, ш.

2) Тұйықтары: п, т, қ, к.

1) Ашықтары: ж, з.

2) Тұйықтары: б, д.

3) Тұйықтаулары:

Бұлардың бірінен бірінің шектерін айыратын нәрсе не десек, ол нәрселер мынау болады:

1. Дауыстылар мен дауыссыздардың шегін айыратын жіктеу жалғауы

«мын», жалғаулық «мен»: дауыстылардан соң «мын», «мен», дауыссыздардан соң «бын», «бен» (пын, пен).

Дауыстылардың өзара шегін ашып, толық дауысты, шала дауысты қылып айыратын тәуелдеу, жіктеу жүзінде толып жатқан нәрселер бар. Оларды түгендеп жатпай, мына жағынан да айыруға болады:

Толық дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында да, соңында да келеді.

Шала дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында келеді, соңында келмейді.

Толық дауыстылардың өзара шегін ашып, **аңғал** деп, **қымтырынды** деп айыратын мынасы:

Аңғалдар орын талғамайды.

Қымтырындысы бас буыннан басқа буында келмейді.

Шала дауыстылар да өзара, әуелі, дыбыстардың шығу орнына қарай ауыз шығысты, мұрын шығысты болып екі айырылады. Екінші, шығу орны басқа болғандықтан, арасының шегін ашатын басқа нәрселер де бар.

Ауыз шығыстылары, септегенде, «-дың», «-дан» мен, жіктегенде «-мыз» бен келеді.

Мұрын шығыстылары, септегенде, «-ның», «-нан» мен, жіктегенде, «-быз» бен келеді.

Ауыз шығыстылардың жігін ашып, біреуін босаң, екіншісін қысаң деп айыратын айтылу түрінен басқа – босаң сөз басында келмейді, қысаң – келеді.

Мұрын шығыстыларын да босаң, қысаң, тұйық деп айыртатын айтылу түрінен басқа нәрсе – босаңның сөз басында келмеуі; қысаңның алдындағы дыбысқа әсер етуі (аздыруы); тұйығының алдындағы дыбысқа әсер етпеуі (аздырмауы).

Дауыссыздарға келсек, бұлар да өзара жіктеліп, бірнеше түрге айырылады. Әуелі, бұлар қысаң, босаң болып екі айырылады. Бұлай айырылуы айтылу түріне қарай болғанмен, басқа да жігін ашатын нәрселер бар.

Қысаңдары мен босаңдары біріне-бірі жуыспайды, екінші сөзбен айтқанда, бірі қысаң, бірі босаң болып екеуі қатарынан келмейді.

Қысаңдарын ашық, тұйыққа бөліп, екі айыратын нәрсе – ашықтарының азбайтыны, айнымайтыны, тұйықтарының азатыны, айнитыны.

Босаңдарын ашық, тұйықтау деп айыратын айтылу түрінен басқа нәрсе – ашықтары сөздің басында да, аяғында да келуі; тұйықтары сөз аяғында келмеуі; тұйықтаулары сөздің басында да, аяғында да келмеуі.

Түсінікті болуы үшін көшелеп көрсетсек, былай болып шығады:

Дыбыстар

I. Дауыстылары: (а, р, н, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, й);
-мын, -мен: баламын, ермін, таңмын.

1. Толықтары: а, е, о, ұ, ы; **2. Шалалары:** р, н, л, м, н, у, й

Буын ішінде дауыссыздың алдында да, соңында да келеді.

Буын ішінде дауыссыздың соңында келмейді.

1) Анғат: а, е, м.
Орын таңғалайды.

2) Қыяқырын: о, ұ.
Бас бұғаннан басқасын сүймейді.

1) Ауыз ш.: р, л, у, й;
«-дың», «-дан», «-мыз».

2) Мұрын ш.: м, н, н.
«-нын», «-нан», «-быз».

3) Тұйықты: м.
Алтынаты дабысқа асери жоқ.

1) Босаңы: н.
Сөз басында келмейді.

2) Босаңы: р, л, й.
Сөз басында келмейді.

1) Қыяңы: л.
Сөз басында келеді.

II. Дауыссыздары: (б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г.)
- бың, - пен: көпшің, азбың, сізбен, атпен... - пың, - пен.

1. Қысаңдары: п, т, с, ш, қ, к.; **2. Босаңдары:** б, ж, д, з, ғ, г.

Босаңға жуыспайды. Босаңмен бірге қатарынан келмейді.

Қысаңға жуыспайды. Қысаңмен бірге қатарынан келмейді.

1) Ашықтары: с, ш.
Азайып, Айнымайды.

2) Тұйықтары: п, т, қ, к.
Азайып, Айнымайды.

3) Тұйықтаулары:
Сөзін басында да, аяғында да келмейді.

2) Тұйықтары: б, д.
Сөзін басында ғана келеді.

1) Ашықтары: ж, з.
Сөзін бас, аяғы демені келе береді.

Тіл дыбысына қатысатын мүшелердің қайсысынан шыққан дыбыс жоғарғы жіктеудің қайсысына келеді екен, онысын да қарап өтелік.

Дыбыстың шығуына қызмет қылатын өкпе, кеңірдек, тамақ (жұтқыншақ), мұрын, түрлі мүшелері менен ауыз.

Ауыз мүшелерінің ішінде де, көбінесе қызмет қылатын – тіл. Тілдің қатыспайтын дыбысы жоқ. Төменде тілдің аты қатысқан дыбыс атаулары бар жерлерді тілдің қатысатын орындары сол жерлер ғана екен деп ұқпасқа керек. Қай сөзде де болса дыбысқа түр беріп, тіл дыбысы болып шығуына тіл қатыспай қалмайды. Басқа мүшелер тілдің жұмсайтын құралы, ылаждаушы (амалдаушы) есебіндегі нәрселер болады. Дыбыс жасауға жем беретін – өкпеден кеңірдек арқылы келетін ауа. Сол ауаны, бірде ананы, бірде мынаны сепке алып, керегіне қарай олай да, былай да жіберіп, сөзге керек түрдегі дыбыс қылып шығаратын – тіл. Сондықтан да «сөз», «сөйлеу», «айту», «хабар» дегеннің орнына, көбінесе, «тіл» аты жұмсалады. Мұны («мұның» деп қате кеткен – Е.М.) сөз қылып отырғандағы мақсат сол – егерде дыбыс атына тіл аты немесе басқа мүшенің аты қатысса, ол тек тілден («тік тылдан» деп қате кеткен – Е.М.) немесе аты қатысқан мүшеден ғана шыққандықтан емес, бұлардың басқадан гөрі басымырақ қатысатынын көрсетеді.



Жоғарыдағы жіктеулер дыбыстардың айтылуына қарай істелген. Айтылу түрлері басқа-басқа болатыны – түрлі мүшенің түрліше қатысуынан. Сол қатысу түріне қарай дыбыстардың біреулері еркін, біреулері қымтырына, біреулері қақтыға, біреулері имене, біреулері қысыла, біреулері бөгеле өткелден өткен сияқты болғанда, біреулері олай да өте алмай, не сүзіліп өтіп, не қамалып қалып қойған сияқты болып шығады.

Сонда, еркін өтсін, қысылып өтсін, бөгеліп өтсін, әйтеуір өтетін өткелділері «*дауысты дыбыстар*» болып шығады. Өткелсіздері «*дауыссыз дыбыстар*» болып шығады.

Сөйтіп дыбыстарды мүшелердің қатысу түріне қарай дыбыс қалай жасалатынын көрсете жіктесек, мынау түрде болып шығады.

I. Өткелділер

Бұлар әуелі ауыз арқылы, екінші мұрын арқылы, өтетін болып екі айрылады.

1. Ауыз арқылы өтетіндер:

А, е, ы – ауыз мүшелерінің күшіне онша тиместен, еркін өтеді.

О, ү – ны айтқанда ерін едәуір қымқырылады. Сондықтан бұлар қымтырынып өтеді.

У, й – ерін жабылуға бейім болғандықтан, жабылып қала ма деп имене өтеді.

Р – тіл қақтықтыра қимылдағандықтан, қақтыға өтеді.

Л – тіл келе жатқан бетін бөгеп алғандықтан («алғандытан» деп қате кеткен – Е.М.), тілдің жан-жағынан өтеді.

2. Мұрын арқылы өтетіндер:

М – ерін бөгеп жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді;

Н – тіл бөгеп жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді;

Ң – тамақтан бөгеп ауызға қарай жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді.

II. Өткелсіздер

1. Қамалатындар:

Б, п – ерінге қамалады;

Т, д – тіске қамалады;

Қ, қ – тамаққа қамалады.


2. Сүзілетіндер:

С, ш, ж, з – тіл үші мен таңдайда сүзіліп шығады;


Ғ, к – тіл түбі мен таңдайдан сүзіліп шығады.

Сөйтіп, дыбыстарды мүшелердің қатысына қарай жіктеп көшелеп көрсетсек, мынау түрде болады:

а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, й



Дыбыстардың айтылуына қарай жіктелген жүйесін мүшелер қатысуы түріне қарай жіктелген жүйесі мен шағыстырсақ, былай түйіскенін көреміз:



4-кесте

Бұлай жіктеуде бұрынғыдан артық қанша қолайлылық барлығы келесі жолы айтылмақ. 1927.04.28 Қызыл Орда.

Мақаланы төте жазудан кириллицаға түсіріп, кестелерді түпнұсқа бойынша дайындаған – PhD доктор Е.Маралбек



АНАР ФАЗЫЛЖАНОВА,

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
директоры, ф.ғ.к.*



ЕРМУХАМЕТ МАРАЛБЕК,

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
ғылыми қызметкері,
PhD доктор*

ТИЛТАНУШЫ РЕТІНДЕГІ ҚОРЫТЫНДЫМЫЗ

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының бүгінге белгілі дыбыстарды жіктеу туралы ең терең танымы көрініс табады. Бұған дейінгі «Тіл-құрал», «Әліппе» сияқты тілтанытқыш, сауаташқыш кітаптарының негізгі арналған аудиториясы мектеп оқушылары болғандықтан, тіл білімінің аса күрделі, терең мәселелері оған енбейді, тек аудиторияның деңгейі ескерілген, мүмкіндігінше анық тануға болатын, әбден қорытындыланған, канондық сипаты басым білімдер жүйесі аталмыш құралдарға енді. Ал бұл мақала, зиялы қауымға, тілтанушы ғалымдарға арналғандықтан, оның ғылыми құндылығы аса жоғары. Мұны қазақ тілі дыбыстарын ұзақ жылдар бойы зерттеудің, дыбыстардың сөз ішіндегі өзгерісін, фонологиялық, функционалды сипатын тексеру нәтижесінде жасалған Ахмет Байтұрсынұлының терең зерттеуді қажет ететін еңбегі деуге болады.

Аталған мақаланы фонетикалық тұрғыдан әр бағытта зерттеп, түрлі тұжырымдар жасауға болады. Алайда мақала қазіргі жаңа қазақ әліпбиіне көшу қарсаңында дау тудырып жатқан [y] мен [й/и] дыбысының түйткілдерін қалың жұртшылыққа түсіндіру мақсатында ұсынылғандықтан, осы мақаланы оқыған тілтанушылардың бірі ретінде,

тек тақырыпқа байланысты ғана қорытындылар ұсынамыз. Қорытынды тұжырым түрінде беріледі:

1. Тіл дыбыстарын жіктеудің түрлі әдіс-тәсілдері бар. Алайда оның барлығы шартты. Сол шарттылыққа тілдің функционалды табиғатын байлауға болмайды және оны тілдің өзгермес заңы ретінде көрсетуге болмайды;

2. Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі қазақ тіліндегі үнді дауыссыздарды, әлемдік лингвистикадағы сонорларды дауыссызға тиесілі емес, дауыстының құрамына жататын дыбыс ретінде қарастырады. Демек, **ғалымның «жарты дауысты»** дегені, өзі дауыстыға акцент жасағандай, **«дауысты дыбыстар»** тобында тиесілі.

3. Ахмет Байтұрсынұлы **«дауыс»** ұғымын «өкпеден сыртқа бағытталған ауаның ағыны» ретінде қарастырады да, оның ауыз қуысында шыға алмай қамалған түрі дауыссыз, ашық не қысылып шықса да, қайткенде де сыртқа шыққан түрін **«дауысты дыбыс»** деп таниды.

4. Сонорлардың дауыстылардан да, дауыссыздардан да бөлек, өз алдына функционалды ерекшелігі, қасиеті бар. Ол сөз ішінде жарты дауыс ағынынан құралады.

5. Толық дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында да, соңында да келеді. Шала дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында келеді, соңында келмейді.

6. [й] дыбысы:

1) Дауысты, шала дауысты, ауыз шығысты, босаң жолды;

2) Өткелді, ауыз өткелді, именішті;

Позициясы – сөз басында келмейді, басқа буындардың бәрінде келеді.

7. [у] дыбысы:

1) Дауысты, шала дауысты, ауыз шығысты, босаң жолды;

2) Өткелді, ауыз өткелді, именішті;

Позициясы – сөз басында келмейді, басқа буындардың бәрінде келеді.

Қазақ фонетикасы тарихында XX ғасырдың басы – классикалық дәуір. Осы кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде 28 дыбыс (графемалық дыбыс) бар екенін, жуан/жіңішке сингормотүрімен қосқанда 43 дыбыс бар екенін алғаш анықтады. Ғалым қазақ тілінің дыбыстарын **дауысты, жарты дауысты, дауыссыз, қатаң, ұяң, үнді** деп атай отырып, олардың түрлерін де дәл анықтап топтастырды. Бұл тұжырымдар қазақ фонетикасында бүгінге дейін өзгеріссіз қолданыста. Бұл – таңданарлық, әрине. Көптеген оқырмандар мен зерттеушілердің көкейінде дыбыс-

тарды зерттейтін лаборатория, лингафон кабинеті жоқ кезде Ахмет Байтұрсынұлы дыбыстарды қалай ғана осылай дөп басып, түр-түрін ажыратып жіктеді екен деген ой туындауы мүмкін.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарын «осылай болуы керек» деп ішкі түйсігімен (интуициясымен) долбарлап, үстінен дөп түсіп қалған жоқ. Ғалым өз әдісімен қазақ тілі дыбыстарын, тіл ішіндегі функционалды өзгерістерін мұқият бақылай отырып, ғылыми тұрғыдан аса жоғары деңгейде зерделеді. Арнайы фонетикалық аппараттарға сүйенбесе де, тіл дыбыстарының табиғи жүйесіне мұқият назар аударып, олардың сөз ішіндегі, түбір мен қосымша жігіндегі өзгерістеріне назар аударды. Біздің ойымызша, керісінше, фонетикалық аппараттардың нәтижесі күмәнді. Себебі, әркім әртүрлі дыбыстайды, әркімнің, әр өңірдің өз сөйлеу ерекшелігі бар. Сондай-ақ лабораториялық зерттеулердің нысаны болған дикторлардың дыбыстау ерекшелігінде таза қазақы ма? Әлде кірме дыбыстар мен сөздерді айнытпай айта алатын, артикуляциялық аппараттары қазіргі заманға сай интеграцияға түскен дикторлар ма, ол жағы белгісіз. Зерттеулерде ол туралы да ақпарат берілмейді.

Ал Ахмет Байтұрсынұлы ғасырлар бойы таза қазақ тілде сөйлеген миллиондаған қазақ тілді қауымның аузында дыбысталып қалыптасқан сөздер мен қосымшалардың тұлғасын, синтагмалық өзгерістерін мұқият зерделей отырып, бұлтартпас ақиқатты талдаумен, зерттеумен айналысты.

Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының әдісі қазақ тілі дыбыстарының төл табиғатын тануға шынайы мүмкіндік береді.

Олай болса Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарын жіктеу әдісін өз жүйесімен ашып көрсетейік:

СЕПТІК ЖАЛҒАУҒА ЖАЛҒАНУЫ						
	ілік	барыс	табыс	жатыс	шығыс	көмектес
Дауыс-ты:	н	ғ/г	н	д	д	м
а	ана+ның	ана+ға	ана+ны	ана+да	ана+дан	ана+мен
е	әке+нің	әке+ге	әке+ні	әке+де	әке+ден	әке+мен
о	о+ның	о+ған	о+ны	о+да	о+дан	о+мен
ұ	бұ+ның	бұ+ға	бұ+ны	бұ+да	бұ+дан	бұ+мен
ы	қазы+ның	қазы+ға	қазы+ны	қазы+да	қазы+дан	қазы+мен

Үнді:	н/д	ғ/г	д	д	д/н	м
у	тау+дың	тау+ға	тау+ды	тау+да	тау+дан	тау+мен
й	ай+дың	ай+ға	ай+ды	ай+да	ай+дан	ай+мен
ң	оң+ның	оң+ға	оң+ды	оң+да	оң+нан	оң+мен
м	там+ның	там+ға	там+ды	там+да	там+нан	там+мен
р	ор+дың	ор+ға	ор+ды	ор+да	ор+дан	ор+мен
л	жол+дың	жол+ға	жол+ды	жол+да	жол+дан	жол+мен
н	сан+ның	сан+ға	сан+ды	сан+да	сан+нан	сан+мен
Қатаң:	т	қ/к	т	т	т	т
п	топ+тың	топ+қа	топ+ты	топ+та	топ+тан	топ+пен
к	көк+тің	көк+ке	көк+ті	көк+те	көк+тен	көк+пен
қ	оқ+тың	оқ+қа	оқ+ты	оқ+та	оқ+тан	оқ+пен
т	ат+тың	ат+қа	ат+ты	ат+та	ат+тан	ат+пен
с	ас+тың	ас+қа	ас+ты	ас+та	ас+тан	ас+пен
ш	шаш+тың	шаш+қа	шаш+ты	шаш+та	шаш+тан	шаш+пен
Ұяң	д	ғ/г	д	д/г	д	б
б	-	-	-	-	-	-
г	-	-	-	-	-	-
ғ	-	-	-	-	-	-
д	-	-	-	-	-	-
ж	тәж+дің	тәж-ге	тәж+ді	тәж-ге	тәж+ден	тәж+бен
з	жаз+дың	жаз+ға	жаз+ды	жаз+да	жаз+дан	жаз+бен

Қорытынды: «у» мен «й»-ға септік жалғаудың барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері дауысты дыбыстарша жалғанады. Ал ілік, жатыс септіктері ұяң дауыссыздарша жалғанады.

КӨПТІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ ЖАЛҒАНУЫ									
Дауысты		Қатаң дауыссыз		Ұяң дауыссыз		Үнділер		Жарты дауысты	
-лар/-лер		-тар/-тер		-дар/-дер		-дар/-дер		-лар/-лер	
а	Бала+ лар	п	топ+тар	б	-	ң	аң+дар	у	тау+лар

е	Ене+ лар	к		г	-	м	адам+дар	й	қой+лар
о	О+лар	қ	ақ+тар	ғ	-	н	сан+дар		
ұ	Бұ+лар	т	ат+тар	д	-	л	жол+дар		
ы	қозы+ лар	с	жас+тар	ж	уәж+дер	-лар/-лер			
		ш	шаш+тар	з	қаз+дар	р	ер+лер		

Қорытынды: Көптік жалғауы «у» мен «й»-ге және «р»-ға дауысты дыбыстарша -лар/-лер жалғанады. Ал өзге үнділерге ұяң дауыссыздарша -дар/-дер жалғанады.

ЖІКТІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ ЖАЛҒАНУЫ										
Дауысты		Қатаң дауыссыз		Ұяң дауыссыз		Үнділер		Жарты дауысты		
1-жақ; -мыз/-міз		-пыз/-піз		-быз/-біз		-быз/-біз		-мыз/-міз		
						ң	аң+быз			
а	аға+мыз	п	топ+пыз	б	-	ң	аң+быз	у	тау+мыз	
е	әке+міз	к	көк-піз	г	-	м	адам+быз	й	ай+мыз	
о	-	қ	оқ+пыз	ғ	-	н	хан+быз			
ұ	-	т	жат+пыз	д	-	-мыз/-міз				
ы	қазы+мыз	с	жас+пыз	ж	тәж+біз	л	тал+мыз			
		ш	аш+пыз	з	аз+быз	р	бор+мыз			

ШЫЛАУЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ:											
1. Демеулік шылаулар: мен, бен, пен.											
Дауысты дыбыстар											
Толық дауысты дыбыстар					Жарты дауысты		Үнділер (сонор)				
а	е	ұ	о	ы	у	й	ң	м	р	л	н
мен	мен	мен	мен	мен	мен	мен	мен	мен	мен	мен	мен
Дауыссыз дыбыстар											
Қатаң дауыссыздар						Ұяң дауыссыздар					
п	к	қ	т	с	ш	б	г	ғ	д	ж	з

пен	пен	пен	пен	пен	пен	бен	бен	бен	бен	бен	бен
2. Сұраулық шылау: ма? ба? па?											
толық дауысты дыбыстар						жарты дауысты	үнділер (сонор)				
а	е	ұ	о	ы	у	й	р	л	ң	м	н
ма?	ма?	ма?	ма?	ма?	ма?	ма?	ма?	ма?	ба?	ба?	ба?
Дауыссыз дыбыстар											
Қатаң дауыссыздар						Ұяң дауыссыздар					
п	к	қ	т	с	ш	б	г	ғ	д	ж	з
па?	па?	па?	па?	па?	па?	па?	пе?	-	па?	ба?	ба?

Қорытынды: Шылаулар «у» мен «й»-ге және барлық үнділерге дауыстыларша тіркеседі.

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ ЖАЛҒАНУЫ			
	-м, -ым- ім	-ң, -ың, -ің	-сы, -сі, -ы, -і
а	бала+м	бала+ң	бала+сы
е	әке+м	әке+ң	әке+сі
о	-	-	-
ұ	-	-	-
ы	тары+м	тары+ң	тары+сы
	-м	-ң	-сы
үнді			
у	тау+ым	тау+ың	тау+ы
й	ай+ым	ай+ың	ай+ы
ң	аң+ым	аң+ың	аң+ы
м	там+ым	там+ың	там+ы
р	ар+ым	ар+ың	ар+ы
л	қол+ым	қол+ың	қол+ы
н	қан+ым	қан+ың	қан+ы
	-ым	ың	-ы

қатаң			
п	(тоб+ым)	тоб+ың	тоб+ы
к	(көг+ім)	көг+ің	көг+і
қ	(оғ+ым)	оғ+ың	оғ+ы
т	ат+ым	ат+ың	ат+ы
с	ас+ым	ас+ың	ас+ы
ш	шаш+ым	шаш+ың	шаш+ы
	-ым	ың	-ы
ұяң			
б	- (доб+ым)	- (доб+ың)	- (доб+ы)
г	- (көг+ім)	- (көг+ің)	- (көг+і)
ғ	- (оғ-ым)	- (оғ-ың)	- (оғ-ы)
д	жад+ым	жад+ың	жад+ы
ж	тәж+ім	тәж+ің	тәж+і
з	қаз+ым	қаз+ың	қаз+ы
	-ым	ың	-ы

Қорытынды: тәуелдік жалғауы «у» мен «й»-ге дауыссыздарша жалғанады.

Қазақ тілінің сингармоқосымшалары мен үнділердің синтагмалық ерекшелігі

		Септік жалғауы						Көптік жалғау	Жіктік жалғау	Тәуелдік жалғау	Шылау-лар		Қоры-тынды саны	
		і\с	б/с	т/с	ж/с	ш/с	к/с				с/ш	д/ш	«-»	«+»
1.	у	-	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	2	9
2.	й	-	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	2	9
3.	р	-	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	2	9
4.	л	-	+	+	+	+	+	-	+	-	+	+	3	8
5.	м	+	+	+	+	-	+	-	-	-	+	+	4	7



6.	ң	+	+	+	+	-	+	-	-	-	+	+	4	7
7.	н	+	+	+	+	-	+	-	-	-	+	+	4	7

Кестедегі «-» белгісі дауыссыздарша, «+» белгісі дауыстыларша жалғануды білдіреді. Кестеде үнді дыбыстардың қазақ қосымшаларымен тіркесу ерекшелігі, синтагмалық қатынасы көрсетілген. Жалпы 11 түрлі сингармоқосымшалар [у], [й], [р] дыбыстарына 9 рет дауыстыларша, 2 рет дауыссыздарша жалғанса, [л] үнді дыбысына 8 рет дауыстыларша, 3 рет дауыссыздарша жалғанған. Ал [м], [ң], [н] үнді дыбыстарына 7 рет дауыстыларша, 4 рет дауыссыздарша жалғанған. Демек үнділердің функционалды ерекшелігі, синтагмалық қасиеті дауысты дыбыстарға жақын, әсіресе [у], [й], [р] дыбыстары дауысты дыбыстарға тіптен жақындайды. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы [у], [й] дыбыстарын «Тіл-құрал» еңбегінің әр жылдардағы (1914, 1918, 1920, 1922, 1923, 1924) алты басылымында *жарты дауысты, шала дауысты, орта дыбыс* деп бірнеше түрлі атап, дыбыстардың үшінші тобы ретінде бөлек береді. 1925-1927 жылдардағы 3 басылымында аталған дыбыстарды «жарты дауысты» деп атап, дауыссыз дыбыстардың тобына жатқызады. Ал 1927 жылғы біз сөз етіп отырған «Дыбыстарды жіктеу туралы» деген осы мақаласында **[у], [й]** дыбыстарын «өткелді», «шала дауысты» деп атай келіп, қайтадан дауысты дыбыстардың қатарына жатқызады. Бұдан кейінгі жылдарда жазылған Ахмет Байтұрсынұлының емле туралы бірнеше мақаласы бар, бірақ дыбыстарды дәл осылай топтастырған мақаласы қазірге белгісіз. Сондықтан аталған мақала Ахмет Байтұрсынұлының дыбыстарды жіктеу туралы соңғы тұжырымы көрініс тапқан еңбегі деуге болады. Сондай-ақ Ғалым соңғы тұжырымдарында [у], [й] дыбыстарының дауысты дыбыстар тобында қарастырған және аталған дыбыстардың өз алдына фонологиялық, функционалды ерекшелігі барын жақсы байқаған. Оның ғылыми негізі жоғарыда біз ашып көрсеткендей.

Олай болса, «дауыстыдан кейін дауыссыз келеді» деген Ахмет Байтұрсынұлының әліппе деңгейіндегі мектеп оқушыларына арналған ережесі негізінде **[у]** мен **[й]** дыбысын дауыссыз деп танып, жөнсіз таратып жазудың теориялық қисыны аз, практикалық қажеттілігі жоқ. Жарты дауысты дыбыстармен дауыстылар да, дауыссыздар да қатар келеді.



ҚҰРАЛАЙ КҮДЕРИНОВА,

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ҚАНДАЙ ЖАЗУ?

Иә, қазақ жазуы қандай жазу, осы?

....Қазақ қауымдастығында қолданып келген әліпбилер қазақтың төлтума графикасы емес. Біз ашық әліпби түрлерінің бәрімен де – араб, латын, кирил графикаларымен – жазып көрдік.

Басқа тілдер сияқты біз де түпнұсқа әліпбидегі таңбаларды толық қабылдау/қабылдамау, әріптердің мәнін сақтау/сақтамау деген проблемаларға тірелдік.

Бірақ қай жазу кезеңінде болсын, тілдегі дыбыстардың барлығына әріп арнаған, «бөгде» әліпбиден «өзіміздің» әліпби жасап алған, жазуына аса мән берген, біршама уақыт өтсе де дұрыс, жетілген әліпби жасауға ұмтылатын, жасап алатын ұлт болдық.

Тілдің болашағын ұлттың болашағына байлайтын, оны жазуымен бекітетін өзге ұлттық тілдерден қалысқан жоқпыз. Өйткені жазба мәдениетіміздің басында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әліпби жүйесі тұрды. Қазақ «байқаусызда» латынға өтсе де, кирилге зорлықпен таңылса да А.Байтұрсынұлының жүйесінен тайқыған жоқ. Оның басты себебі – Байтұрсынұлының әріп графикасының тілтанымдығынан еді: ұқсас дыбыстардың таңбалары араб әліпбиіндегі базалық әріптен шығарылды. 1912-1922 жылдары «жарты дауысты» және дауыссыз у мен еріндік дауыстылар – **о-ө, ұ-ү** дыбыстары бір ғана «**у**» таңбасымен таңбаланған. 1923 жылғы кезекті реформадан кейін «**у**» жарты дауысты дыбысты таңбалау үшін «**ү**» таңбаның үстіне үш нүкте қояды

да, «џ» (у) таңбасын жасайды, «ұ» әрпін үстіне «'» белгісін қойып «э» жасайды. Жіңішке дауыстылар дәйекше – «е» арқылы реттеледі. Сонда 5 фонема џ (у), э (о), еэ (ө), з (ұ), эз(ү) болып айқындалып, бес түрлі таңба өрбітіліп шығарылады. Яғни араб әліпбиіндегі бір у әрпінен қазақ тіліндегі 5 дыбысты таңбалайтын әріптерді «балалатып», ұқсас дыбыстар ұқсас әріптермен белгіленген соң көзшалымға бірден танымды, көзге ұсынақты болған.

Сөйтіп, Байтұрсынұлының әліпбиі ықшам, оңтайлы, тілтанымдық, сондықтан жеңіл әліпби боп шыққан.

Латын әліпбиіне ауысқанда да Байтұрсынұлының өзі болмағанмен, идеясын, салып кеткен жолын алып, тілтанымдық әліпби жасадық. Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарының таңбасы ұқсас дыбыстардың әрпінен шығарылды: 1) ә әрпі е жіңішке дауыстысының төңкерілген таңбасы, 2) ө таңбасы о әрпінің белі сызылған түрі, 3) ɒ (ғ) ұяң дыбысын қатаң q (қ) әрпін өзгертіп таңбаладық; 4) ы дыбысын і әрпінің графикасын дөңгелендіріп аяқтадық (ь), ш дыбысына с таңбасын берді де, 5) ш дыбысының ұяң түрі ж дыбысына с таңбасын өзгертіп бердік (ç), 6) ң дыбысын п әрпіне ұқсатып, ɲ-мен таңбалады. Ұқсас дыбыстар ұқсас әріптермен таңбаланғаны оқытуда, сауат ашуда оңай болған, әліппені тез үйренген, ал оқуда тез танылған, жазуда қолды үзбей жазған. Тек ү→u, Ү→y, у→w дыбыстарының таңбасы үш түрлі болған.

1929 ж. жазу ықшам, оңтайлы, жеңіл жазу болған. Бұл Байтұрсынұлының жетілген, «үлгі әліпбиінің» арқасы еді!

Бұл – 1940 жылы орыс әліпбиіне көшкенде де үлгі болды: қ дыбысы к әрпінің аяқ салынған түрі, ғ дыбысы г әрпінің белі сызылған түрі, ң дыбысы н әрпінің аяқ салынған түрімен бейнеленіп, ө мен ә дыбыстары латындағы түрін сақтады, ұ мен ү дыбысы еріндік у дыбысының таңбасынан шығарылды.

Қазақ жазуы қашан да бір дыбысқа бір әріп арнаған, ортақ түркі әліпбиінің шарттарын сақтаған әліпби түрлерімен жазған. 1929 жылғы латын әліпбиін де, 1940 жылғы кирил әліпбиінде де ортақ келісілген таңбалардан өзгені пайдаланбаған. Ноғай жазуы сияқты ә дыбысын аь, қ дыбысын кь, ң дыбысын нь, ө дыбысын оь, ұ дыбысын уь, ғ дыбысын гь әрпімен беріп жазуын ұзартпаған. Немесе қарашай жазуындай гь (ғ), кь (қ), нг (ң) қосар әріптермен қатар, орыс тілінің таңбаларымен төл дауыстыларды беріп, елді шатастырмаған: е (ө), ю (ү), и (і).

Қазіргі кирил әліпбиіндегі жазуымыз – Байтұрсынұлы қалаған негіз-

бен фонологиялық жүйені толыққанды таңбалай алған, орфоэпиямызға сызат түсірмеген **жетілген, оңтайлы, жеңіл**, үлгі жазу (тек орфоэпияға мән берілмеудің салдары болмаса). Әліпбидегі **и, у, ю, я** таңбалары жазу үнемділігін жасаған. **һ** әрпі, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов айтқандай, төл сөздерде болмаса да, одағайларда кездесетін дыбыс, Н.Уәлиұлы айтқандай, кірме сөздердегі бейүндес буынның жігін жымдастыру қызметінде жұмсалатын маркерлі әріп (*Ахмет, жиһаз* т.б. сөздерде буындардың жіңішке/жуан айтылуына сілтеп тұрады), сондықтан қай жазудан да қалмай таңбаланып келген. Әсіресе одағайларды жазу үшін жаңа әліпбиде де **х** әрпін қосақтап таңбалап отыр.

Сөйтіп, **Байтұрсынұлы төте жазуынан бастап қазақ ұлты жетілген, жақсы әліпбидің иесі болып келеді**. Сондықтан ендігі жаңа жазуда да академик Ә.Қайдар, профессорлар Ә.Жүнісбек, К.Хұсайын, Н.Уәли және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары ұсынған тілтанымдық әліпбиде де ұқсас дыбыстар ұқсас әріптермен таңбаланады: дауысты дыбыстар жүйесінің жіңішке жұбы базалық әрпінен умлаут арқылы ажыратылады (**а-ä, о-ö, u-ü**), дауыссыз, дауысты еріндіктер (**у, ұ, ү**) латын әліпбиіндегі **u** әрпінен шығарылады: **ü, û**. Ал **i** дыбысы латын әліпбиіндегі **i** әрпіне ұқсатылып, әрі ортақ түркі әліпбиіндегі нүктесіз **ı** әрпімен берілген. Дауыссыздар ерекше белгілерімен айырылады (**g-ğ, s-ş, n-ñ**). Сауат ашуда, тіл үйренуде жеңілдік туғызады.

Бұл жерде әртүрлі диакритика пайдаланылды деп, шошынудың қажеті жоқ. **Ğ** әрпіндегі айшық тек осы таңбада ғана бар, сондықтан ол таңбамен тұтас қабылданады. Сол сияқты **ş** әрпіндегі седиль диакритикасы да тек осы әріпте ғана қолданылып, әріптің тұтас осы белгісімен қабылдануын тездетеді. **Ñ** әрпі туралы да осыны айтуға болады.



ҚУАНЫШ ЕРҒАЛИЕВ,

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, ф.ғ.к.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕДЕН ТУЫНДАҒАН

Әліпби – белгілі бір тәртіппен орналасқан таңбалар жиынтығы. Ал таңба – тілдегі дыбыстың тұрпаты, оны танудың «сыртқы жамылғысы», түрі. Ол, негізінен, халықаралық ғылыми стандартқа жуықтатылып, оны қолданатын халыққа барынша түсінікті, көзге жағымды етіп жасалумен қатар, сол ел тілінің ұлттық ерекшелігі де ескеріліп әзірленеді. Бұл таңбаға «жамылғы» берудің басты ұстанымы болып табылады. Осы негізді басшылыққа ала отырып жасалған әліпбидің бірі – қазақ тіліне негізделген латын графикасы.

Латынграфикалы жаңа әліпбиді жасау қолға алынғаннан - бастап оның бірнеше түрі (**диграф, апостроф, акут**) даярланып, көпшілік талқысына ұсынылғаны белгілі. Алайда оларда олқылықтар жіберілгендіктен, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев қайтадан қарастырып, жетілдіруді тапсырды.

Осы тапсырмадан кейін Қазақстанның түкпір-түкпірінен, түрлі сала өкілдері 34 жоба үлгілерін Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығына жолдады. ҚР Үкіметі жанынан құрылған Ұлттық комиссияның орфографиялық жұмыс тобы мүшелері осы жобаларды саралап, әр таңбаға тұрпат беруде латын графикасына көшкен бауырлас түркі халықтары тәжірибелеріне талдау жасап, бұрынғы жіберілген кемшіліктерді ескеріп, сондай-ақ ғылымда қалыптасқан ұғым-түсініктерді басшылыққа ала отыра умлаутқа негізделген әліпбиді әзірледі. Әліпби Ресей, Түркия, Әзербайжан және т.б. елдің тілші-ғалымдары қатысуымен ұйымдастырылған екі ғылыми-

практикалық конференцияда қарастырылды. Ол бойынша сынамалы сауалнама жүргізілді. Баспасөз беттеріне ғылыми, танымдық бағыттарда біршама мақала да жарық көрді.

Бүгінгі қалың жұртшылыққа ұсынылған латынграфикалы жаңа әліпби 31 таңбадан тұрады. Ондағы үш таңба («ä», «ö», «ü») *умлаутпен* (¨), яғни әріптің үстіңгі жағына қос нүкте қоюмен берілген: ***zämzäm, käsıp, mäñgılık, öris, kösem, köbelek, ürdıs, ükımet, jügen.*** *Умлаут* дауысты дыбыстардың жіңішке айтылуын білдіреді және халықаралық фонетикалық әліпбиде бар диакритикалық белгі болып табылады. Ол түрік, әзербайжан, түрікмен, неміс, фин, швед және басқа 30 ел әліпбиінде ұшырасады. Бревис (˘) – әріп үстіндегі доға – қысқа дыбысты білдіретін таңба. Онымен «f» – «ğ» дыбысы белгіленген: ***ğalym, tabıǵat, ğaryş.*** *Седиль* (,) – дауыссыз дыбыстардың астындағы күршек – «u» – «ş» таңбасын белгілеуде қолданылған диакритикалық белгі: ***şekpen, bolaşaq, alaş.*** Ол курд, португал, румын, түрік, француз және т.б. әліпбилерде пайдаланылады. *Макрон* (ˉ) – әріпүсті көлденең сызық – дауысты дыбыстардың созылыңқылығын білдіреді. Онымен «ұ» – «ü» дыбысы ұсынылады: ***mūqtaj, qūrmet, būlbūl.*** Байқағанымыздай, бұрынғы «ұ» дыбысын таңбалаудағы «белдік» тәріздес сызықша қазіргі әріпте жоғары жағына шығарылған. Бұл мектеп қабырғасындағы жасөспірімге оны жылдам қабылдап, игеруге өз септігін тигізері сөзсіз. Дауысты «i» дыбысы жетілдірілген әліпбиде бас және кіші таңбасы да нүктесіз «I» берілген: ***ırımşık, bılım, tıltanym.*** Сондай-ақ әліпбидің астыңғы жағында «c», «w», «x» таңбалары цитаталық принциппен шеттілдік сөздерді жазу мақсатында ұсынылған. Мысалы: ***Coca Cola, Snickers, KFC, UFC, Mercedes, McDonald's, Nescafe, Milky Way, BMW, Wella, Windows, Twix, Lexus, Galaxy, Rolex,*** т.б. Таңбалар жүйесіндегі басқа дыбыстар латын графикасына тән, көпшілікке таныс белгілер болып табылады. Олар физика, химия, математика, т.б. пәндерде, шетел сөздерінде ұшырасады. Сондықтан оларды меңгеру қалың жұртшылық үшін қиындық тудырмайды.

Қысқасы, жетілдірілген әліпби *Unicode* таңбалау стандартына, сондай-ақ «бір дыбыс – бір таңба» қағидатына сай келеді және қазақ тілінің табиғатын барынша дұрыс беретін графика болып табылады. Ең бастысы, түркі ақпараттық кеңістігімен байланыстыратын, тіпті әлемдік ақпарат кеңістігіне алып шығатын, заманауи байланыс жүйелерін еркін меңгере алатын ұлттық мүддеден шыққан әліпби деп айтуға толық негіз бар.



АЙНҰР ҚАРШЫҒАЕВА,

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Фонетика бөлімінің аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШІРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады.

Н. Назарбаев

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында таяу жылдардағы міндеттердің ішіндегі маңыздысы, заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобалардың бірі – қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру қажеттігін, 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін атап көрсетіп, «*Латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасуға, ертеден қолданған әдебиетімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады*», – деген болатын. Осыдан бастау алған бағалы бастама қазақ тілінің тазалығы үшін аса қажетті реформа, әлемдік өркениетке ілесу, сондай-ақ ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кірігуін қамтамасыз ететін бірегей қадам ретінде көпшілік тарапынан кең

қолдау тауып, жүзеге асыру шаралары атқарылуда. Бұл жөнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: *«Бүгінде Қазақстан халқы да замана көшінен қалмай, латын графикасына негізделген әліпбиді таңдауға бел буып отыр. Көрші мемлекеттердің көпшілігі латын графикасын таңдады. Әлемдегі ақпараттардың 90 пайызы латын графикасында жарық көреді. Ал ақпаратқа кім иелік етсе, ғылым мен технологияға да сол ие болады. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі – рухани жаңғырудың ең шешуші кезеңдерінің бірі. Бұл қоғамдық ой мен санаға түпкілікті өзгеріс жасайтын қадам»,* – деді. Мемлекет басшысының айтуынша, латын әліпбиіне көшу кезең-кезеңімен жалғаса береді. *«Нақты белгіленген кесте бар. Сол жүйеден ауытқымаймыз. Бірақ, қоғамдық пікір, әліпбиді қолдану барысындағы артықшылықтар мен олқылықтар ескеріледі»,* – деп, кез келген ұлттың әліпби таңдауы тек жазу үлгісін таңдау емес екенін атап өтті.

Латын әліпбиіне көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы маңызы орасан. Қазіргі таңда, қазақ тілі қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың басты факторы ретінде қарастырылады. Тілдің басқа да қырларының аса қажеттілігін мойындай отырып, жазудың ой мазмұнының графикалық таңба ретінде жеткізу жолдарының бірі екендігін естен шығармау қажет. Жазу ой мен сезімді объективтендіруде, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесінде де өзіндік дербес мәнге ие. Көптеген халықтар үшін олардың жазу ұлттық мәдениет пен бірегейліктің ең басты элементі болып табылады.

Қазақ тілін жаңғыртудың басты көрсеткіші – латын жазуына көшу екендігі бүгін ғана айтылып отырған жоқ. Президентіміз бұл туралы 2006 жылы Қазақстан халқы ассамблеясының ХІІ сессиясында сөйлеген сөзінде және «Қазақстан – 2050» стратегиясында да айтқан болатын. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыр» мақаласында латын жазуына көшудің нақты жолдарын белгілеп, тиісті шараларды қолға алу керек екенін жеткізді. Бұл қазіргі заман талабы. Әрине, «біткен іске сыншы көп» дегендей, осы мәселеге байланысты айтылып жатқан пікірлер де әртүрлі. Бірақ еліміздің әрбір азаматы латын жазуына көшу әлемдік өркениетке жетудің басты жолы екенін білуі тиіс. Себебі латын қарпі адамзаттың дамуындағы ең мықты жазудың бірі.

Латын әліпбиіне неге көшеміз, не үшін керек?

Біріншіден, бұл мәселені Елбасымыз тегіннен-тегін көтеріп отырған жоқ. Оның саяси, мәдени, әлеуметтік астарлары жеткілікті. Екіншіден, қазіргі уақытта кең етек алып отырған компьютерлік және техникалық байланыс жүйелері арқылы хат-хабар, ақпарат алмасу мәселесі оңайлайды. Ол ХХІ ғасырдағы ғылым мен техниканың, интернет пен IT-технологиялардың тілі. Сонымен қатар:

- өркениетті елдердің бәрі осы әліпбиді пайдаланады, біз де солардың қатарына ілінуіміз керек;

- жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады;

- өзге түркі елдері латын әліпбиіне өтіп болды немесе өткелі жатыр;

- ағылшын тілін үйренуді жеңілдетеді т.б.

Латын әліпбиі – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге зор ықпал етеді. Сонымен бірге шетелде жүрген жастарымыздың осы жазу арқылы өз тілін басқа да ұлт өкілдеріне түсіндіру жағдайлары қиын болмасы анық. Басқа мемлекеттерде тұратын қандас бауырларымыз да латын әліпбиіне көшсек, еліне бір табан жақындай түспек. Осы орайда өзіме етене таныс жағдайға тоқталып кеткім келеді. Бүгінде мемлекеттік бағдарлама бойынша Қытай, Өзбекстан және Моңғолия елдерінен жастар білім қуып, атамекеніне оралып жатыр. Бұл қуантарлық жағдай. Бірақ олар қазақ тілінде сөйлегенімен, кириллицаға шорқақ. Алғашқы бір жылын жазу үйренумен өткізеді. Бұл уақыт жағынан ұтылуымызға алып келеді. Латын әліпбиіне көшкен жағдайда дүниеге кең қанатын жайған ағылшын тілін меңгеру де оңайға соғады. “Үштілділік” саясатына сәйкес ағылшын тілін білу – заман талабы.

Латын әліпбиіне көшу ХХІ ғасырдың жалынды жастары үшін ешқандай қиындық тудырмайды деп сенімді айтуға болады. Мағжан сенген жастар бұл үрдісті оңай қабылдай алады. «Жастар – еліміздің болашағы» деп Елбасымыз айтқандай біздің қазіргі жастар қай салада болмасын өздерін белсенді көрсете біледі. Сол себепті жастар Елбасының ұсынысын қолдайды және оның жүзеге асырылуына бар күштерін жұмсайды. Өйткені латын әліпбиіне көшу Тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыру жолындағы тағы да бір айқын қадамдарының бірі болмақ. Әлемнің

өркениетті елдер қатарынан қалмау үшін латын әліпбиінің атқаратын міндеті көп.

Тіл білімінің негізін қалаған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: *«Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Артық әріптері көп әліпби қолайсыз болады»*. Осы талапты ескере отырып, біз жаңа әліпбиді жан-жақты талқылап, әрбір әріпті, әрбір таңбаны, әрбір белгіні терең талдауымыз қажет. Себебі тіл мәселесінде, жаңа әліпби мәселесінде ешқандай қателік болмауы керек.

Осыған дейін талай рет латын әліпбиінің бірнеше нұсқасы жоба болып ұсынылып, қызу талқыға да түсті. Жазу туралы пікірталас әліпби қабылдау мен емле ережелерін дайындау кезінде өршиді. Қазақ тілінің тарихында осындай жағдайлар 1926 жылы әліпбиге байланысты айтыстар туғанда, 1929 жылы **«Қазақ жаңа емлесі туралы декрет»** қабылданған кезде байқалды. Ол кездегі айтыстар зиялылар арасында болды, ал қазіргі әліпби айтысына халық та қатысып отыр. Ашық, жария түрде болғандықтан, көп пікірлер айтылып, халық белсенділік танытып жатыр. Ғылыми ортада да, баспасөз бетінде де, экран мен эфирде де, әлеуметтік желілерде де сан түрлі, қым-қиғаш ойды емін-еркін ортаға салуға толық мүмкіндік берілді.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынып отырған жетілдірілген соңғы нұсқасы да қызу талқыланып жатыр.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады. Латын әліпбиін қолдану арқылы болашағымыз жарқын болады деген сенімдеміз. Әрине, төте жазу немесе кириллицамен жазылған мол мұрамыз бар екені рас, олардың жаңа қаріпке көшірілетіні анық.

Қазір адамзат баласы ХХІ ғасырға аяқ басып отыр. Жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Латын әліпбиіне көшу – әлемдік ғылыми, тілдік кеңістікке кіру үшін қажет. Бұл басқасын айтпағанда, түркі халықтарына ортақ әріп. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы.



ХАНГЕЛДІ ӘБЖАНОВ,

*Тарих ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА академигі*

ЖАЗУЫМЫЗ ДА, ДЫБЫСЫМЫЗ ДА ҚАЗАҚТЫҚПЕН КӨМКЕРІЛЕДІ

Елімізде әліпби реформасының жүзеге асқанына да жүз жылға жуықтапты. Ал бірде даулы, бірде шешімін тапқандай болған латын әліпбиіне көшуге қатысты мәселеде күні бүгінге дейін бір тоқтамға келе алмай жүрген едік.

Осы тұста қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы Бакуде съезде сөйлеген сөзінде «Әліпби дұрыс болмаса, онда тіл хаосқа, анархияға ұшырайды» дегені еске түседі. Бүгінде ағартушы-ғалымның осы сөзінің рас тығына көз жеткізіп отырмыз. Орыс графикасымен жазуымызда тілімізде жоқ таңбалар, әріптер қолданысқа еніп кетті. Осыған қарай бейімделіп, өзіміздің тарихи қалыптасқан көптеген құндылықтарымыздан айырылып қалдық. Мысалы, менің есімім «Хангелді» болса, құжат бойынша «Хангельды» болып, қазақта жоқ жіңішкелік белгісі мен «і» әрпінің орнына «ы» әрпімен жазылатын болды. Сонымен қатар «Алматы» деп жазудың орнына «Алма-ата» деп, кәдімгідей мәселе етіп көтеріп жүрген жағдайлардың куәсі болып жүрміз. Яғни кириллицаның артында пәрменді, мүдделі күштің тұрғаны біздің адымымызды аштырмай отыр. Латынның артында ондай зорлықшыл, мәжбүрлеуші күш жоқ. Латыншаға көшкенде өз қалауымызбен, өз ерекшелігімізбен жазуды, сөйлеуді, айтуды игеретін боламыз.

Тәуелсіздік алғаннан кейін жазу-сызуымыз да тәуелсіздік деңгейіне шығуы керек. Мен әліпби реформасын осы тұрғыдан қабылдаймын. Бүгінгі күні жаңа әліпбиде бірқатар әріптер жоқ деген де пікірлер

айтылуда. Бұлда бір керексіз даудамайдың көрінісі. Байтұрсынұлы айтқандай, мұны анархияға кіріп кеткендігіміздің салдары дер едім. Егер біздің тілімізде ондай әріп болмаса, дүние жүзінің әрпі мен дыбысын түгендейміз бе? Оның бізге еш қажеті де жоқ.

Сондықтан өз тілімізде бар, қолданылатын әріп дыбыстарды түгендеп алудың өзі жеткілікті. Тұңғыш Президент – Елбасы латын қарпіне көшуді асықпай, байыппен жүзеге асырайық деп атап өтсе, Президент Қ.Тоқаев та латынды дәріптеп, осы жолдай айнымай, қалай болғанда да әрпіміздің, дыбысымыз бен жазуымыздың азаттыққа шыққандығының нақты көрінісі латын әліпбиіне көшуде жатқандығын айтқан болатын. Олай болса, латын әліпбиін игерсек, жазуымыз да, дыбысымыз да қазақтықпен көмкерілетін болады.



НҰРСӘУЛЕ РСАЛИЕВА,

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми практикалық орталығының ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

ЛАТЫН ЖАЗУЫ БІЗДІ ҮШ ӘЛЕММЕН БІРІКТІРЕДІ

Латын жазуы бізді үш әлеммен біріктіреді, бұл бірінші кезекте қазақты қазаққа қосады. Бүкіләлемдік қазақтардың Құрылтайына шақыру үшін әлемнің түкпір-түкпіріне қазақстандық ұйымдастырушылар қазақ тілінде кирилше хат жазады екен. Олардан ағылшын тілінде немесе өз жазуларымен «*Не жазылғанын түсінбедік*» деген жауап келеді екен. Қайдан түсінсін? Батыс Еуропа, Түркия, АҚШ, Канада қазақтары латын жазуында, Ресей, Қырғыстан, Монғол қазақтары кирилде, Өзбекстандық қандастарымыз латын және кирилде, Қытай, Біріккен Араб Әмірлігі қазақтары араб графикасында (төте жазуда), Иран қазақтары парсы жазуында, осылай түрлі-түрлі жазуды тұтынып, бір-біріміздің айтқанымызды ұға алсақ та, жазғанымызды оқи алмай, өз-өзімізден алшақтап қалғаннан көп нәрсені жоғалтқан жайымыз анық. Өзінің түбінен алшақ кету «жат» болудан басқа нәтиже бермейді. Ол қазақтардың тек үлкендері ғана ана тілінде сөйлеп, ұрпақтарының көпшілігі (қажеттілік те болмаған соң) тілдерін тіпті ұмытқан. «*Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді*» деген Ғ.Мүсіреповтің сөзін еске түсіреді. Жер бетіне әрқилы себептермен тарап, өздері өмір сүретін мемлекеттердің жазуында отырған осындай 5 миллион «*Қазақтың Қазақстаннан басқа Отаны жоқ*» екенін білетін жұрттың енді тамырына қан жүгіріп, елдің жазба жауһарларына қол жеткізіп, күнделікті хабар-ошарын алып отыра алатын болады деген үмітіміз бар. Бұл – біздің бұйырса қол жеткізетін бір әлеміміз – өз жұртымыз.

Екінші жұрт – дәл осындай әртүрлі жазуда отырған біздің түркі

әлеміміз. Олардың бүгінгі жазу графикасының шынайы қолданыстағы көрінісін былайша көрсетуге болады: түрік, әзербайжан, ғағауыз – латын жазуында; қырғыз, татар, чуваш, башқұрт, қарашай-балқар, якут, тува – кирилде; өзбек, түрікмен, Қырым татарлары, қарақалпақ – латын және кирилде; ұйғырлар – кирил және арабша жазуда. Осылай жазудың ғана әркелкілігінен дисинтеграцияланып кеткен бір тамырдан өрбитін түркі жұртын интеграциялаудың функциясын бүгінде қолға алынып жатқан латын әліпбиіне негізделген жаңа жазуымыз атқара алатын болады деп сенеміз. Олай деуімізге ағылшын тілінің ғаламдық экспанциясына орай, әркелкі жазудың ішінде латын жазуы барша әлем жұртшылығына жаттығы жоқ, ең тануға жеңіл жазу екендігі себеп.

Ал үшінші жұрт – бұл, әрине, ғаламторды дөңгелетіп отырған батыс – латын жазуында отырған әлемнің жетекші тілдері. Оның ішінде бір ғана ағылшын тілінің өзі күні бүгінгі 2021 жылы 3 наурызда жаңартылған әдебиет көзіне сүйенсек, ғаламтордағы ақпарат тілінің 60, 6 пайызын жүргізеді екен (осы деректің өзін де ағылшын тілінен алып отырмыз: https://en.wikipedia.org/wiki/Languages_used_on_the_Internet). Бұл – әрине, өте үлкен, ғаламат көрсеткіш. 2-орында 8 пайызбен орыс тілі, 3-орында 4 пайызға жуық (3,9) көрсеткішпен түрік тілі тұр. Ең сөйлеушісі көп қытай мандарині бүкіл ғаламтор (вебсайт) жұмысының 1,4 пайызын, испан – 3,8, ал 341 млн. сөйлеушісі бар хинди тілі бар болғаны 0,1 пайызын ғана жүргізеді екен. Демек, бұл белсенділік тілде сөйлеушілердің санына байланысты емес. Бұл белсенділік – тілдің, жазудың өзінің мүмкіндігіне және сол жазуда отырған жұртшылықтың өз әлеуетіне байланысты мәселе.

Міне, компьютердің тілі (*Microsoft Office, Google Chrome* т.б.), техниканың тілі (*iphone, Samsung Galaxy, HP* т.б.), бренд логолардың тілі (*Colgate, Coca Cola* т.б.), әуежайдың тілі деген сияқты ғаламдық артықшылықтары өз алдына, латын жазуы осылай бізді үш әлеммен біріктіреді деген үміт бар, себебі, жаңа әліпбиді түзу барысында ғалымдарымыз әрбір таңбаға терең үңіліп, жан-жақты зерделеп, осы үміттердің үдесінен шығу мақсатын алға қойды.

ТАМЫРЛАС ТҮРКІ ТІЛДЕРІ

«Тіл тұтас» айдарында Түркі тілдерінің қазіргі ахуалы мен келешек даму үрдісін анықтайтын ғылыми материалдар берілетін болады. Олардың латын әліпбиіне көшудегі жетістіктері мен кемшін тұстары, тәжірибесі талқыланады. Өркениетке бетбұрған түркі халықтарының тілдік ерекшеліктері, әлеуметтік лингвистикалық мәселелерін назарда ұстап, олардың озық тәжірибелерімен бөлісетін боламыз.

Бүгін Қазақстан, Өзбекстан, Ресей ғалымдарының латыннегізді әліпбидің қолдану аясындағы ғылыми ұстанымдарына негізделген зерттеу мақалалары және тәжірибелерімен таныстырамыз.

Редакциядан



НҰРЛЫХАН АИТОВА,

Ш.Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығы
Орфография басқармасының
басшысы, ф.ғ.к.



АЛМАЖАН ҚАДЫРХАН,

Орфография басқармасының
ғылыми қызметкері

ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ӘЛІПБИІНДЕГІ ДИАКРИТИКАЛЫҚ ТАҢБАЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (халықаралық тәжірибе)

Әлемдегі барлық тілдердің бір-бірінен лингвистикалық жағынан ерекшеліктері мен заңдылықтары болатыны – табиғи құбылыс. Ол құбылысты әсіресе әр тілдің табиғатына сәйкес түзілген әліпбиінен болмаса жазуынан толық аңғаруға болады. Кейбір тілдер әліпби түзу барысында классикалық латын әліпбиін негізге алғанымен, өздерінің тілдік ерекшеліктерін танытатын спецификалық дыбыстарына таңба бере алмай жатады. Мұндай жағдайда халықаралық тәжірибелердің негізінде латын таңбаларын әртүрлі жолдармен икемдеуге болады. Латын әліпбиінде жоқ дыбыстарды таңбалауда ең жиі қолданылатын әдістердің бірі – диакритикалық белгілерді қосу. Диакритикалық белгі дегеніміз – тіл білімі саласында әріптің фонетикалық мәнін айқындау үшін әріп үстіне, астына немесе өн бойына қойылатын арнайы белгі. Жалпы әліпбидің мінсіз болуы оның құрамындағы диакритикалардың аз-көптігіне байланысты болмайды. Бастысы – алынған диакритикалар сол тілдің табиғатындағы дыбыстарды толық бере алса, болғаны.

Кез келген тілдің артикуляция-акустикалық базасы молайған сайын, соған сай ол тілдің де өзіне тән спецификалық дыбыстарының қатары көбейіп отырады. Ал диакритикалық белгілер әрбір тілдің өзіне тән төл дыбыстарының қорын айқындау үшін қолданылады. Латын әліпбиіне көшкен кез келген тілдердің әліпбилерінде диакритикалық белгілерді кездестірмеу мүмкін емес. Бір диакритиканың өзі әлем тілдерінде әртүрлі дыбыстың мәнін беру үшін жұмсалады. Кейбір әліпбилердің құрамында сол диакритикалық белгілердің орнын диграфтар да алмастырып жатады.

Құрамында диакритикалық таңбалары бар әлем тілдерінің әліпбиін сараптауда біз оларды тілдік туыстығына қарай топтастықта салыстыра қарастырдық. Төменде осы принципті ұстана отырып, қолданылу ерекшеліктеріне назар аударсақ:

1. Түркі тілдері тобы. Бұл топқа латын әліпбиіне көшкен тілдердің қатарына – әзербайжан, ғағауыз, қарақалпақ, қырым-татар, өзбек, түрік, түркімен және т.б. тілдер жатады.

1) Әзербайжан әліпбиінің құрамында барлығы 32 әріп бар. Әліпби құрамында 3 диакритикалық белгі арқылы (умлаут, седиль, бревис) 5 төл дыбыстары берілген. Умлаут диакритикалық белгісі – ö, ü әріптерін береді. Дыбыстық мәніне келетін болсақ, әзербайжан тіліндегі ö әрпі қазақтың «ө» дыбысына келеді. Уикипедия мәліметі бойынша ол «орыстың «ё» дыбысына ұқсас келеді», ал ü әрпінің дыбыстық мәні орыстың «ю» дыбысына сәйкес келеді» - деп берілген[1]. Седиль диакритикалық белгісі 2 дауыссыз дыбысқа берілсе ç (ч), ş (ш), ал бревис белгісі ğ әрпіне берілген. Ğğ әрпінің дыбыстық мәні француз тіліндегі «г» дауыссыз дыбысына сәйкес келеді [сонда].

2) Ғағауыз әліпбиінің құрамында барлығы 31 әріп бар. Бұл әліпбиде 3 диакритикалық белгі арқылы (умлаут, циркумфлекс, седиль) 7 төл дыбыстары берілген. Умлаут диакритикалық белгісі қысқа дауысты дыбыстарды белгілеу үшін берілсе: ä, ö, ü, дыбыстың созылыңқылығын білдіру үшін ê дауысты дыбысына циркумфлекс белгісі алынған. Оның дыбыстық мазмұны орыстың «э» дыбысына сәйкес келеді [2]. Қатаң дауыссыз дыбыстарды таңбалау үшін седиль диакритикасы алынған – ç (ч), ş (ш), ț (ц).

3) Қарақалпақ әліпбиінің құрамында барлығы 34 әріп бар. Алғашқы әліпби жүйесінде дауысты және дауыссыз дыбыстар апостроф диакритикасының негізінде бекітілсе, кейін бұл әліпби жүйесіне толықтырулар

мен өзгерістер енгізіліп апостроф диакритикасы акут диакритикасына алмастырылды. Сонымен бүгінде қарақалпақ тілінің ерекшелігін көрсететін 5 төл дыбыс осы белгінің негізінде берілген: á, ó, ú, ġ, ń.

Аталған дыбыстардың фонологиялық мәні қазақ тілінің табиғатына сәйкес келеді á~ә, ó~ө, ú~ү, ġ~ғ, ń~ң. Сондай-ақ, ы және и дыбыстарының бас және кіші әріптерін бір-бірінен ажырату мақсатында ы дыбысының бас әрпіне акут таңбасы Í қойылса, ал и дыбысының кіші әрпіне ноқат (i) берілген. Сонда ы және и дыбыстарының бас әрпі мен кіші әрпінің тұрпаты мынадай болады: Í (ы), Ii (и). Бұл әліпбидің бір ерекшелігі – Ш және Ч дыбыстарының таңбасы диграфтың негізінде жасалған – Sh/sh, Ch/ch[3].

4) Қырым-татар әліпбиінің құрамында барлығы 31 әріп бар. Бұл әліпби жүйесінде қырым-татар тілінің өзіне тән 6 төл дыбыстары 4 диакритикалық белгілері (умлаут, седиль, бревис, тильда) арқылы жасалған. Умлаут диакритикасы ö, ü дыбыстарына берілсе, ал седиль диакритикасы арқылы қатаң дауыссыз ç (ч), ş (ш) дыбыстары таңбаланған. Мұрынжолды ң дауыссыз дыбысына тильда диакритикасы алынған (ñ). Бревис диакритикасы қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келетін ғ дыбысына берілген (ǵ).

5) Өзбек әліпбиінің құрамында барлығы 29 әріп бар. 1 белгінің (') негізінде өзбек тілінің өзіне тән 2 төл дыбыстары жасалған. G' g' дауыссыз дыбысы мен O'o' дауысты дыбыстарына әріпүсті теріс үтір белгісі берілсе, қатаң дауыссыз дыбыстарына диграф алынған. Алайда өзбек тілінде (') бұл белгіні диакритикалық белгі ретінде танымайды.

6) Түрік әліпбиінде барлығында 29 әріп бар. Бұл әліпби жүйесінде 3 диакритикалық белгі қолданылған. Олар – умлаут, бревис және седиль.

Умлаут диакритикасы ö, ü дауысты дыбыстарына, седиль диакритикасы қатаң дауыссыз ç (ч), ş (ш) дыбыстарына берілген. Ал бревис диакритикасы ğ дыбысын таңбалау үшін алынған. Алайда бұл дыбыстың түрік тілінде фонетикалық мәні жоқ. Сөз ішінде ол оқылмайды, тек алдыңғы дауысты дыбысқа созылықылық күш үстемелейді. Сондай-ақ, түрік тілінде бұл әріптен басталатын сөздер жоқ.

7) Түркімен әліпбиінде барлығы 30 әріп бар. Бұл әліпби жүйесінде барлығы 4 диакритикалық белгі (умлаут, гачек, седиль, акут) қолданылған.

Осы 4 диакритиканың негізінде түркімен тілінің өзіне тән 8 төл дыбыстары жасалған. Умлаут диакритикасы ä, ö, ü дауысты дыбыстарына берілсе, ал гачек диакритикасы мұрынжолды дауыссыз ň дыбысы мен

ұяң дауыссыз *ž* (ж) дыбысына берілген. Қатаң дауыссыз *ç* (ч), *ş* (ш) дыбыстары седильмен, акутты *ú* таңбасы *й* дыбысының мәніне жұмсалған.

II. Роман тілдері тобы. Бұл топқа әліпби құрамында диакритикалық таңбалары бар тілдерді ғана алдық. Олар – француз, испан, каталан, португал және румын.

1) Француз әліпбиінің құрамында классикалық латын әліпбиінің 26 таңбасы толық сақталған. Диакритикалық белгілер француз тілінің фо-нетикалық жүйесінде А, Е, І, О, U, Y, С фонемаларының вариацияларын беру үшін қолданылады. Мәселен, А фонемасы бірде гравис (*à*), бірде (*â*) циркумфлекспен берілсе, U фонемасы 3 түрлі диакритикамен ажыратылған: *ù* (гравис), *û* (циркумфлекс), *ü* (трема). Сол секілді Е фонемасының да вариациялары 4 түрлі диакритикамен берілген: *é* (акут), *è* (гравис), *ê* (циркумфлекс), *ë* (трема). І фонемасының 2 вариациясы бар: *î* (циркумфлекс), *ï* (трема). Седиль диакритикасы қатаң *ç* дыбысына қолданылған. Француз тілінде бір фонеманың түрлі вариацияларға ие болуы буынның аражігіне байланысты (ашық не бітеу).

2) Испан әліпбиінің құрамында барлығы 27 әріп бар. Бұл әліпбиде бір ғана диакритикалық белгі қолданылады. Яғни мұрынжолды *ñ* дыбысы тильдамен берілген (*ñ*). Сондай-ақ бұл әліпбидің құрамында 2 диграф бар: *Ch* және *Ll*.

3) Каталан әліпбиінің құрамында классикалық латын әліпбиінің 26 таңбасына қосымша 9 төл дыбыстары қосылып, барлығы 35 әріп бар. Төл дыбыстарының негізі гравис, седиль, акут, трема секілді диакритикалық белгілер арқылы жасалған. Бұл әліпби құрамында да бір фонеманың түрлі дыбыстық реңктерін көруге болады. Мәселен, Е фонемасына бірде *é* (акут),

бірде *è* (гравис) берілсе, І фонемасы бірде *í* (акут), енді бірде *ï* (трема) диакритикалық белгілері берілген. U фонемасында да осы жүйе сақталған *ú* (акут), енді бірде *ü* (трема). Седиль диакритикасы қатаң *ç* дыбысына қолданылған. Сонымен қатар бұл әліпби құрамында бірнеше диграфтар да бар.

4) Португал әліпбиінің құрамы классикалық латын әліпбиінің 23 таңбасының негізінде түзілген. Оған қосымша диакритикалық таңбалар арқылы өздерінің төл дыбыстарын берілген. Бұл әліпби жүйесі негізінен Португалия, Бразилия және Португалияның бұрынғы отарлы аймақтарында кеңінен қолданылады. Аталған әліпби құрамында 5 диакритикалық белгіні кездестіруге болады. Олар – акут, циркумфлекс, тиль-

да, гравис және седиль. Бұл диакритикалық белгілер арқылы португал тілінің фонологиялық ерекшеліктерін айқын көруге болады: Áá, Ââ, Ãã, Àà, Çç, Êê, Íí, Óó, Ôô, Õõ, Úú.

5) Қазіргі румын әліпбиінің жүйесінде 46 фонема (7 дауысты, 4 жартылай дауысты, 35 дауыссыз) 31 әріптің негізінде берілген. 3 диакритикалық белгі (бревис, циркумфлекс, седиль) арқылы 5 спецификалық дыбыстары жасалған: Ăă, Ââ, Îî, Șș, Țț.

III. Герман тілдер тобы. Бұл топқа әліпби құрамында диакритикалық таңбалары кездесетін тілдерді ғана алдық. Олар – неміс, швед, дат, исланд, фарер, фин және т.б.

1) Неміс әліпбиінің құрамы латынның 26 таңбасының негізінде түзілген, одан басқа құрамында үш умлаут (ä, ö, ü) және ß лигатурасы бар.

2) Швед әліпбиінің құрамында барлығы 29 әріп бар. Оған қосымша 3 әріп диакритикалық белгілер арқылы жасалған. А фонемасының екі түрлі вариациясын кездестіруге болады. Дыбыстың созылыққы, қысқалығына байланысты олар бірде умлаутпен (Ä), енді бірде әріптің үстіне дөңгелек қою (Å) арқылы беріледі. Бұл жүйені әсіресе дат, норвег, фин, фарер тілдерінің әліпбилерінен кездестіруге болады.

3) Исланд әліпбиінің құрамында барлығы 32 әріп бар. 8 спецификалық дыбыстарын 3 диакритиканың негізінде берілген. 6 дауысты дыбыстары (á, é, í, ó, ú, ý) акут диакритикасы арқылы таңбаланса, о дауысты дыбысының бір вариациясын умлаутпен (ö) береді. Сондай-ақ, исланд пен фарер тілінің әліпбиінде ғана кездесетін ерекше бір дыбыс бар, ол – Ð, ð (эт) деп аталады. Мұнда диакритикалық белгі дыбыстың өн бойына қойылған. Ð, ð дыбысы сөз басында мүлдем кездеспейді.

4) Фарер әліпбиінің құрамында барлығы 29 әріп бар. 7 спецификалық дыбыстарын 3 диакритиканың негізінде берген. 5 дауысты дыбыстары (á, í, ó, ú, ý) акут диакритикасы арқылы таңбаланса, еріндік дауысты дыбысты о-ны диагональды көлбеу сызықпен Ø, ø түрінде берілген. Сондай-ақ, А мен Е әріптерінің қосындысынан жасалған Æ, æ лигатурасын да кездестіруге болады.

5) Фин әліпбиінде факультативті таңбалардың қолданысына байланысты кейбір дереккөздерде оның құрамында барлығы 29 әріп немесе 31 әріп бар деп көрсетеді. Үш диакритикалық белгінің негізінде 5 төл дыбыстары берілген. 2 дауысты дыбыс умлаутпен (ä, ö) берілсе, ал дауыссыз дыбыстары гачекпен берілген Š және Ž. Швед тілінен енген кірме сөздерді таңбалау үшін Å дыбысын пайдаланады.

IV. Фин-угор тілдер тобы. Бұл топқа әліпби құрамында диакритикалық таңбалары кездесетін тілдерді ғана алдық. Олар – эстон, венгр, эсперанто және т.б.

1) Венгр әліпбиінің құрамында барлығы 40 әріп бар. Әліпби жүйесі аралас әдістердің негізінде түзілген, яғни онда диакритикалық белгілер де, диграфтар да бар. Диакритикалық белгілер мұнда тек бірыңғай дауысты дыбыстарға ғана қойылған.

Негізгі 5 дауысты А, Е, О, І, U фонемалардың бірнеше вариациялары бар. Бір фонеманың бірнеше вариацияға ие болуы ондағы дауысты дыбыстардың қызметіне байланысты. Диакритикалық белгілерден – акут (á, é, ó, ú), умлаут (ö, ü), қосарлы акутты (ő, ű) кездестіруге болады. Бұлардың қатарына қосымша 9 диграф енгізілген.

2) Эстон әліпбиінің құрамында барлығы 29 әріп бар. Үш диакритикалық белгі арқылы 6 төл дыбыстары берілген. Яғни кірме сөздерді таңбалау үшін гачек диакритикасын š және ž дыбыстарына берілсе, дауысты дыбыстар умлаут арқылы таңбаланған (ä, ö, ü). Сонымен қатар Оо фонемасының вариациясын тильдамен Õ, õ берген.

3) Эсперанто әліпбиінің құрамында барлығы 28 әріп бар. 2 диакритикалық белгінің негізінде 6 төл дыбыстары берілген. 5 әріп циркумфлекс диакритикасы арқылы таңбаланса (ĉ, ĝ, ĥ, ĵ, ŝ), ал буын құрай алмайтын ŭ дыбысын бревис диакритикасымен берілген.

V. Славян тілдер тобы. Бұл топқа чех, поляк, хорват, литван, латыш тілдерін жатқызуға болады. Аталған тілдердің әліпби құрамында диакритикалық белгілер әртүрлі мазмұнда қолданылған.

1) Чех әліпбиінің құрамында барлығы 42 әріп бар. Оның ішінде 15 дыбыс (á, ě, Ď, ě, í, ě, ř, š, Ť, ú, ů, ž) 4 диакритиканың яғни, акут, гачек және әріптің үстіне дөңгелек қою негізінде жасалған.

2) Поляк әліпбиінің құрамында барлығы 35 әріп бар. Оның ішінде 9 дыбыс (ą, ć, ę, ł, ń, ó, ś, ź, ż) 4 диакритиканың, яғни әріптің төменгі тұсына қойылатын ілмек, диагональды көлбеу сызық, акут және әріптің үстіне нүкте қою арқылы жасалған.

3) Хорват әліпбиінің құрамында барлығы 27 әріп бар. Оның ішінде 5 дыбыс (č, ć, đ, š, ž) 3 диакритиканың негізінде берілген. Олар гачек, акут және дыбыстың өн бойына қойылатын сызықша диакритикасы.

4) Литван әліпбиінің құрамында барлығы 32 әріп бар. Оның ішінде 9 дыбыс 5 диакритиканың негізінде жасалған. Әріптің төменгі тұсына қойылатын ілмекті (поляк. ogonek — «хвостик») диакритикамен (ą, ę, į,

ц) дауысты дыбыстар берілсе, гачекпен (č, š, ž) дауыссыз дыбыстары, макронмен (ū) дауысты дыбысы, сондай-ақ әріптің үстіне нүктемен келетін è дыбысы бар.

5) Қазіргі латыш алфавиті 33 әріптен тұрады, олардың 11-і диакритикалық белгілердің негізінде қалыптасқан. Бұл әліпби жүйесінде 3 типті диакритикалық белгілер қолданылады. Олар – дауысты дыбыстардың созылыңқылығын білдіру үшін макрон диакритикасы (ā, ē, ī, ū), ызың дауыссыз дыбыстарды білдіру үшін седиль (ķ, ļ, ņ, ģ) және қатаң дауыссыз дыбыстарға гачек диакритикасы (č, š, ž) қойылады.

Әлем тілдері әліпбиінде ең жиі қолданылатын диакритикалар қатарына *акут, бревис, умлаут, седиль, тильда және циркумфлекті* жатқызуға болады.

Аталған мәселелерді талдасақ, әліпби түзуде диакритикалық таңбалардың дыбыстық мәні тұрғысынан ортақ принципке сүйену мүмкіндігі болса да, олай жасалмаған. Ол үшін төмендегі кестеде жиі қолданылатын диакритикаларға берілген талдамаға қарау ұсынылады:

№	Диакри- тика- лық таңба түрі	Таңба- ның атауы	Таңбаның дыбыстық мәні	Қолданатын тілдер	Әліпби- дегі таңба түрлері
1.	’	акут	немесе логикалық екпінді (күшейту) көрсететін әріптің үстіндегі белгі	қарақалпақ, түркімен, фран- цуз, каталан, португал, исланд, фарер, венгр, чех, поляк, хорват	á, ó, ú, ġ, ń, ý, é, í, ć, š, ž
2.	˘	бревис	дыбыстың қысқалығын білдіретін белгі	әзербайжан, қырым-татар, түрік, румын	ă, ģ, ŭ
3.	~	тильда	мұрын жолды дыбыстарға қойылатын белгі	қырым-татар, испан, португал, эстон	ñ, ò, ã

4.	,	седиль	дауыссыз дыбыстардың мәнін өзгерту үшін қойылатын белгі	әзербайжан, ғағауыз, қырым-татар, түрік, түркімен, француз, каталан, португал, румын	ç, ş, ț
5.	–	ма-крон	дыбыстың созылыңқылығын білдіру үшін қойылатын белгі	латыш	ā, ē, ī, ū
6.	”	умлаут	тілдегі сингармонизм заңын сақтауға негіз болатын әрі жіңішке дауыстылардың жеке таңбасын беретін белгі	әзербайжан, ғағауыз қырым-татар, түрік, түркімен, неміс, швед, исланд, фин, венгр, эстон	ä, ö, ü
7.	”	қосарлы акут	дауысты дыбыстардың созылыңқылығын білдіру үшін қойылатын белгі	венгр	ő, ű
8.	^	цир-кум-флекс	омонимдер мен екпін түсетін дауыстыларды белгілеу үшін қолданылған, ал кейбір тілдерде дауыссыз дыбыстарды айыру үшін қолданылатын белгі	ғағауыз француз португал румын эсперанто ғағауыз француз португал румын эсперанто	e, a, u, i, o, ê, ê, h, j, s, e, a, u, i, o, ê, ê, h, j, s

9.	`	гравис	кері екпіннің белгісі	француз, каталан, португал	а, е, и,
10.	˘	ілмек (ogonek)	мұрынжолды дауыстыны немесе дауыстың созылыңқылығын көрсету үшін қойылатын белгі	поляк, португал, литван	ą, ę, į, ų
11.	ˇ	гачек	кейбір әріптерге жаңа дыбыстық мән беру үшін қойылатын белгі	түркімен, фин, эстон, чех, хорват, литван, латыш	č, š, ž, ņ
12.	¨	трема немесе диерезис	әріп тіркестерін бөлек оқу үшін қойылатын белгі	француз, каталан	и, е, і

Қарап отырсақ, әлем тілдері әліпбиінде бір диакритиканың өзі әртүрлі мәнде жұмсалады екен. Бірде ол дауыстының қызметін атқарса, енді бірде дауыссыздың. Яғни бұдан шығатын қорытынды диакритикалық белгілер әртүрлі елдердің дыбыстық ерекшелігіне байланысты түрленуіне қарай оларды біз тек шартты белгі деп тануымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
2. Правила орфографии и пунктуации гагаузского языка / Науч.исслед. Центр Гагаузии им М. В. Маруневич, Главное Упр. Образования Гагаузии, Комрат. гос. ун-т ; отв. за вып.: П. А. Чеботарь [и др.]. – Ed. nouă. – Кишинев: Б. и., 2014 (Tipogr. «Elan Poligraf»).
3. Qaraqalpaq tili imla qaǵıydalarınıń jıynaǵı. – Nókis: «Bilim», 2016. – 20 b. __



АЛИМА ПИРНИЯЗОВА,

*Әжінияз атындағы
Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты,
Өзбекстан Республикасы*

ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛІНІҢ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

Адамзат қоғамында, оның мәдени өмірінде жазудың маңызы өте зор. *«Жазу арқылы мәдениет, ғылым, техника, көркем өнер және т.б. дами-ды және жалпы халықтың мүддесіне айналады. Сайып келгенде, жазусыз өркениет болмайды».* [1, 140]

Қарақалпақ тілі - түркі тілдерінің ішінде өзінің фонетикалық жүйесімен, грамматикасымен және соған сай орфографиясымен ерекшеленетін тіл.

Кез келген тілдің дамуы, өмір сүруі, қалыптасуы мен жетілуі оның әліпбиіне байланысты. Егер қарақалпақ тілінің жазу мәселесін әлем тілдерімен салыстырсақ, оның дыбыстық жазуға негізделген тіл екендігін білеміз. Қазіргі күнде ғалымдар бүкіл әлемдегі жазба жүйесінің төрт тобын атайды:

1. Латын жазуына негізделген жазу жүйелері. Бұл жазуды әлем халқының 30% -дан астамы пайдаланады;
2. Славян-кириллица. Жазудың осы түрін қолданушылар әлем халқының 10% құрайды;
3. Араб жазуы. Бұл жазуды әлем халқының 10% - дан астамы пайдаланады;
4. Үнді буын жазуы. Бұл жазуды әлем халқының 20% - ы қолданады. [2, 72].

Қарақалпақ тілі жазуының дамуы мен қалыптасуының негізгі төрт дәуірін атап өтуге болады.

I. Реформаланған араб алфавиті (XIV ғасырдан XX ғасырдың 30-жылдарына дейін).

II. Латын әліпбиі (1928-1940 жж.).

III. Славян-кирилл алфавиті (1940-1994 жж.).

IV. Латын қарпіндегі жаңартылған қарақалпақ алфавиті.

Өзбекстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін көптеген басқа түркі халықтарымен бірге қарақалпақ тілі де латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшкен еді. «Мемлекеттік тіл туралы» және «Латын графикасына негізделген жаңа қарақалпақ алфавиті мен емле ережелерін енгізу туралы» заңдар қабылданғаннан бері бірқатар жұмыстар жүргізілді. Қарақалпақстан Республикасы да ұлттық жазуын латын графикасына негізделген алфавитке ауыстырды. Латын графикасына негізделген қарақалпақ тілінің жаңа алфавиті он екінші шақыру Қарақалпақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он бесінші сессиясында қабылданды. (26 ақпан 1994 жыл).

Бастапқы латын графикасында қарақалпақ алфавиті 31 әріптен тұрды және тоғыз дауысты дыбысты беру үшін 6 әріп қабылданды: **Aa (Aa), Ee (Ee), Ы (Ы), Іі (Ии), Оо (Оо), Uu (Уу)**. Қарақалпақ тіліне тән **ә, ө, ұ** дауысты дыбыстарының үстіне латын графикасында **ä, ö, ü** диакритикалық белгілерін қою арқылы қабылданды.

Латын графикасына негізделген қарақалпақ алфавитін енгізу туралы Қарақалпақстан Республикасының заңына өзгертулер кіргізу туралы қаулы қабылданды (25 май 1995 жыл). Өзгертулер енгізілген алфавит бірінші шақырылған Қарақалпақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он бесінші сессиясында 32 әріп болып қабылданды. (29 желтоқсан 1995 жыл). Қабылданған алфавит қарақалпақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерін білдіретін 5 (бес) әрпі: *a'(ə), g'(ƒ), o'(ø), u'(y), n'(ŋ)* апостроф белгісімен, бір әріп (**sh**) әріптер тіркемесі түрінде алынды. «**Sh**» әріптерінің тіркесімі орыс алфавитіндегі **ч, ш, щ** әріптерінің қызметін атқаруы керек болатын. Сонымен қатар, орыс тілінен кірген сөздерде жұмсалатын «**Vv**» әрпі қабылданды, әріптер саны 32 болды.

2009 жылдың 8 қазанында «Латын графикасындағы қарақалпақ әліпбиі туралы заңына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» қаулыға сәйкес қарақалпақ тілінің байырғы сөздерінің басында жұмсалатын *ue (e), wo (o), wo (ø)* дыбыстарын таңбалау үшін белгілерді қосып таңбалау, сонымен қатар орыс және орыс тілдері арқылы енген сөздердегі *ц, щ, ч* қос дыбыстарды таңбалау үшін латын графикасындағы

c, ch таңбалары қабыл етіледі. Орыс графикасындағы «ц» әрбін білдіру үшін «с», «ч» әрібін білдіру үшін «**ch**» әріптері енгізілді және алфавиттегі әріптердің саны 34 болды. Бұрынғы **И (Ы)** әрібінің орнына апостроф белгісін қою арқылы **І і** түрінде жазылатын болды.

Қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық-коммуникациялық технологияларға байланысты алфавиттегі кейбір әріптер мен емле ережелерінің бөлімдеріне өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады. Мақсаты - ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен қолжазба мен жазуды жетілдіру және жеңілдету. Халықтың толық сауаттылығы сөйлеу мәдениетімен тығыз байланысты екендігін ескеріп, бұқаралық ақпарат құралдарында, жоғары оқу орындарында, білім беру мен оқу орындарында латын графикасына негізделген қарақалпақ әліпбиі және емле ережелерін одан әрі дамыту мәселесі талқыланды, баспа беттерінде жарық көрді. Апостроф белгісі бір әріптің орнын алатындығы, сондықтан баспада қосымша орынды иеленетіндігі экономикалық жақтан есептеп шығылды. Осы көзқарастардың барлығында бүгінде тез дамып келе жатқан ақпараттық-коммуникациялық технологияларға байланысты қарақалпақ алфавитіндегі кейбір әріп пен емле ережелерінің бөлімдеріне өзгерістер енгізу қажеттігі, жеңілдету мен мүмкіндігі болғанша тұрақтандыру мәселесі көтерілді. Баспасөзде жарияланған материалдарды және мамандардың бас қосқан жиналыстарында айтылған пікірлері ескеріле отырып, 2016 жылдың 10 маусымы күні Қарақалпақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің тоғызыншы сессиясында «Қарақалпақстан Республикасының кейбір заңдарына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заңы қабыл етілді, 11 статьясына сәйкес, *«Латын графикасына негізделген қарақалпақ алфавитін енгізу туралы»* Қарақалпақстан Республикасы Заңына қосымшалар және өзгерістер енгізілді:

1. 2009 жылғы 8 қазандағы «Латын графикасындағы қарақалпақ әліпбиі туралы ережеге өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Қарақалпақстан Республикасы Заңына кіргізілген «Байырғы төл сөздерде сөз басында **е (e), о (o), ó (ø)** әріптерінің алдынан **«y, w»** әріптері қосылып, **«ye, wo, wó»** тіркесімі (*еркин (yerkin), оқыў (woqı'w), өмир (wo'mir)*) түрінде жазылады» деген өзгерістер бастауыш сынып оқушыларының әліппені үйренуінде қиыншылықтар туындататыны және көпшілік мамандардың пікірлері есепке алынып, өзгеріс алып тасталды.

2. Қарақалпақ тілінің өзіне тән өзгешелігін білдіретін (**A'á, U'ú, O'ó, I'í, G'g, N'ń**) дыбыстарын таңбалайтын әріптердің бүйіріндегі апостроф белгілері алып тасталып, әріптің үстіне қойылатын акут белгісіне өзгертілді: **Áá, Óó, Úú, Íí, Ğğ, Ŋń**. [3, 3]

Осы Заңға сәйкес Ш.Абдиназимов, М.Даулетов, А.Альниязов «Qaraqalpaq tili imla qaǵıydarınıń jıupaǵı» (Қарақалпақ тілінің орфографиялық ережелерінің жинағын) құрастырып, «Bilim» баспасында басып шығарды. Қабылданған алфавиттегі өзгерістер ережелер жинағында ескеріліп, өз сәулесін тапқан. Бұл еңбекті авторлар латын графикасына негізделген қарақалпақ әліпбиі талқыланған Республикалық ғылыми-практикалық конференциялардағы тілші ғалымдардың, тәжірибелі мектеп мұғалімдерінің, қалың көпшіліктің көзқарастарын, сондай-ақ ғылымдағы тәжірибелерді ескере отырып жарыққа шығарған.

2016 жылы қарақалпақ тілі латын графикасына өзгерістер енгізу ба-рысында дүниежүзілік тілдердің жазулары жан-жақты зерттелді. Респу-блика бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің пікірлері үйренілді. Әріптердің «Әліппе» кітабына орналасуы және оқушыларға үйрету әдістемесі қарастырылды. Барлық мектептердің қарақалпақ тілі және әдебиеті пән мұғалімдерімен дискуссиялар өткізілді. Тіл мамандары-мен қосымша мәжілістер өткізілді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде қазіргі әліпби қалыптасты.

Алайда, оқушылар жуан, қысаң дауысты **Íí** (Ыы) үшін қабылданған әріпті жазуда жіңішке **Ii** (Ии) менен шатастыратыны белгілі болды. Себебі латын графикасындағы бас және кіші әріптер сол қалпында қалдырылып, **Í** үшін бас әріпке акут белгісі, ал кіші әріптің **i** ешқандай белгісі болмады. Жазуда **Ii** кіші әріпте жоғарғы белгі бар, ал **Íí** әрібінде бас әріпті таңбалауда жоғарғы белгі бар, бұл өз кезегінде бірінші сынып оқушыларының шатасуына алып келді.

Латын графикасындағы қазіргі қарақалпақ алфавитінде 34 әріп бар. Компьютерде жазуда жеңілдету үшін қарақалпақ тіліне тән дыбыстарды білдіретін әріптерге акут белгісі қойылады. Бұл қосымша орынды қажет етпейді, ол әріптің жоғарғы жағына орналастырылған.

Латын графикасындағы 34 әріптен тұратын қарақалпақ алфавитін компьютерде пернетақтаға орналастырылу жөнінде шешімге келісілді. Компьютерде орыс тіліндегі **Хх** әрібі орнына **Ğğ**, **Ъ** орнына **Úú**, **Ээ** орнына **Íí**, **Юю** орнына **Áá**, **Бб** орнына **Óó**, **Жж** орнына **Ŋń** орналастырылды.

Сонымен, қазіргі кезде бір ізге түсіп жетілдірілген және қазіргі

қолданыстағы латын графикасындағы қарақалпақ әліпбиі төменде келтірілген: 2016 жылы қарақалпақ тілінің латын графикасындағы жазуына өзгерістер енгізілді.

q/t	baspa	jazba	aytılıwı	kirill	q/t	baspa	jazba	aytılıwı	kirill
1	Aa	<i>Aa</i>	a	а	18	Nn	<i>Nn</i>	ne	н
2	Áá	<i>Áá</i>	á	ә	19	Ńń	<i>Ńń</i>	ńe	ң
3	Bb	<i>Bb</i>	be	б	20	Oo	<i>Oo</i>	o	о
4	Dd	<i>Dd</i>	de	д	21	Óó	<i>Óó</i>	ó	ө
5	Ee	<i>Ee</i>	e	е, э	22	Pp	<i>Pp</i>	pe	п
6	Ff	<i>Ff</i>	fe	ф	23	Rr	<i>Rr</i>	re	р
7	Gg	<i>Gg</i>	ge	г	24	Ss	<i>Ss</i>	se	с
8	Ć ċ	<i>Ć ċ</i>	ċa	ға	25	Tt	<i>Tt</i>	te	т
9	Hh	<i>Hh</i>	he	хе	26	Uu	<i>Uu</i>	u	у
10	Xx	<i>Xx</i>	xa	х	27	Úú	<i>Úú</i>	ú	ү
11	Íı	<i>Íı</i>	ı	ы	28	Vv	<i>Vv</i>	ve	в
12	Ii	<i>Ii</i>	i	и	29	Ww	<i>Ww</i>	we	ў
13	Jj	<i>Jj</i>	je	ж	30	Yy	<i>Yy</i>	ye	й
14	Kk	<i>Kk</i>	ke	к	31	Zz	<i>Zz</i>	ze	з
15	Qq	<i>Qq</i>	qa	қа	32	Sh sh	<i>Sh sh</i>	she	ш, щ
16	Ll	<i>Ll</i>	la	л	33	Cc	<i>Cc</i>	ce	ц
17	Mm	<i>Mm</i>	me	м	34	Ch ch	<i>Ch ch</i>	che	ч

Латын графикасындағы әліпбиге көшу кезеңінде, әрине, қиыншылықтар болды. Бастапқыда мектеп оқулықтары, баспасөз осы жазу негізінде жазылды. Латын жазуына негізделген әліпбиді қалың жұртшылыққа үйрету мақсатында жоғары оқу орындарының тілші профессорлары мен оқытушылары ұйымдар және мекемелермен жаңа алфавит пен оның емлесін үйрету үшін келісімшарттар жасалды. Газеттер мен мерзімді баспасөз беттерінде жаңа алфавит пен оның емле ережелерін үйретуге арналған материалдар мен рубрикалар жарияланды. Кирилл мен латын әліпбиін салыстыра көрсетілген сөздіктер жасалды [4].

Сөздік латын және кирилл алфавиттерінде болып, қарақалпақ тілінде ең көп қолданылатын қоғамдық-саяси терминдердің жазылуына көп

көңіл бөлген. Сөздікте бастапқыда термин латынша, содан кейін кирилл алфавиті берілген. Мысалы:

Abadanlastırıw

Абаданластырыў

Abadanlastırıw jumislari

Абаданластырыў жұмыслары т.б.

Мұндай сөздік мемлекеттік тілді үйренудің маңыздылығы өсіп жатқан кезде, сондай-ақ қарақалпақ тілінің латын әліпбиіне өзгерістер енгізілген кезеңде аса қажет болды. Әсіресе, кирилл алфавитін білетіндер мен латын әліпбиін енді үйреніп жүргендер үшін бұл сөздіктің пайдасы зор болды. Мұндай сөздіктің негізгі мақсаты – сөздердің екі алфавитте дұрыс жазылуын көрсетумен бірге қабылданған жаңа латын әліпбиін толық және жан-жақты меңгеруге көмектесу болды. Сөздікте екі алфавиттегі сөздер қатар орналасқан, бұл көру арқылы тез меңгеруге жағдай тудырады. Сөздерді салыстыру арқылы оқырман кирилл алфавитінің қай әріптері жаңа латын әліпбиінің әріптерімен бейнеленетіндігін біліп алады. Бастапқы және соңғы емле ережелерінің ұқсастығы мен айырмашылығын бұл сөздік арқылы салыстыру мүмкіндігі жаратылды. Сөздіктің кирилл алфавитіндегі бөлігі орыс графикасындағы қарақалпақ жазуының емле ережелеріне (28 ақпан 1957 жыл), ал жаңа алфавит латын графикасындағы қарақалпақ жазуының емле ережелеріне сай жасалған (10 маусым 2016 жыл).

Қарақалпақ тілі жазуы қазіргі кемелденген жағдайға жету үдерісінде бірталай өзгерістер мен толықтыруларды бастан кешірді. Бірнеше жылдар бойы қалыптасқан жазуды кенеттен өзгерту, қиыншылық тудыраы сөзсіз және көп уақытты қажет етеді. Жаңа нәрсені көпшіліктің қабылдауында қарсылықтар да болды. Генологиялық жағынан қарақалпақ және қазақ тілдері ең жақын тілдер. Қазақ тілі де әліпбиді қайта қарап, үлкен бетбұрыс алдында сол жолды басып өткен тілдерден сабақ алғаны дұрыс болады. Бұл үдеріс ұзақ уақытты алады, мұнда мамандардың ойласып, бір шешімге келгені жақсы. Әсіресе, лингвист ғалымдарды, психологтарды, сонымен қатар офтальмологтарды да бұл іске қамту қажет. Жасөспірімдер мектеп бағдарламасында қамтылған шет тілдерін (ағылшын, неміс және т.б.) үйренді. Ол тілдердің орфографиясы әр түрлі. Түркі тілдерінің емлесі мүлдем басқа. Бұл мектеп оқушыларының жазуды, орфографияны, транскрипцияны үйренуде проблемалар келтіріп шығарады.

Латын графикасындағы ұлттық әліпбиді үйрену және дағды қалыптастыру үшін әрбір тұлғаның көру қабілеті мен есте сақтау қабілетіне әсер ету қажет.

Ұсыныстар:

1. Ата-аналарға балаларына таныс емес әріптерді үйрету қиынға соғады. Қарақалпақстанда осы себептерге байланысты кирилл жазуын қолданатын орыс мектептеріне балаларын оқуға беру салмағы артты. Бұған жол бермеу үшін бірінші кезекте егде жастағы адамдарды жаңа әліпбиге үйрету керек;

2. Жарнамалар мен баннерлердегі жазуларды орфография негізінде жаңа жазуға көшіру;

1. Мектеп, жоғары оқу орындарының оқулықтарын жаңа әліпбиге негізделген жазуда басып шығару;

2. Баспасөзді, теледидарды латын жазуындағы әліпбиге ізбе-ізділікте көшіру қажет.

Қоғамның кез келген мүшесі өз ұлтының перзенті бола отырып, қарым-қатынас құралы болып табылатын тіл арқылы тәлім-тәрбиені, өнер мен білімді игереді және өз халқының рухани байлығы мен мәдениетінің бір түрі болып табылатын тілді бағалап қадірлейді. Сондықтан да, әрбір халықтың тілінде ұлттық сана-сезімінің, ойлауының, мінез-құлқының ерекшеліктері сақталады. Халықтың ұлттық ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, олардың психологиялық мінез-құлқы, ой-пікірлері мен идеялары тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.


Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Qaraqalpaq tili imla qaǵıydalarınıń jıynaǵı. Nókis: Bilim, 2016.

2. Насыров Д.С. Об усовершенствовании и унификации алфавита каракалпакского языка. В кн.: «Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР». Москва: Наука, 1972.

3. Pirniyazova A., Smetullaeva Sh. Qaraqalpaq tiliniń jámiyetlik-siyasiy terminler sózligi. Nókis: Qaraqalpaqstan, 2018.

4. Yuldashev I., Sharipova O. Tilshunoslik asoslari. Toshkent: Iqtisod-Moliya,



АНДРЕЙ КАКСИН,

Н.Ф. Катанов атындағы Хакас мемлекеттік университетінің Саян-Алтай түркология және гуманитарлық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.

ТҮРКІ ЖАЗУЫН ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШІРУ ЖАҒДАЙЫ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ (хакас және қазақ тілдерінің салыстырмалы материалдары бойынша)

Тарихи дамудың заманауи кезеңінде қоғам өзара жазу, кітап мәдениеті мен ауызекі сөйлеу формасымен тығыз әрекеттесуде. Тілдің ауызекі сөйлеу формасы адамзат болмысының бастапқы (және табиғи түрде дамып келе жатқан) дүниетанымының қайнар көзі, ғалам мен адам, қоғам тарихы, "күнделікті философия" формалары мен дін туралы ғылыми идеялардың бастауы болып табылады. Этностың ауызекі сөйлеу мәдениеті – бір тұтас организм. Демек, адамзат болмысы тілде нақты көрініс береді. Тілдесімнің ауызша формасы – белгілі бір жүйеге ие, алайда жазу формасы әлдеқайда белгілі бір жүйеге бағынады.

Қазақстан Республикасындағы реформа алғышарттарының оң болуы халықтың жалпы сауаттылығы, жаңаға талпынысы мен прогрессивті болуын көрсетеді. Сонымен қатар, халықты ғылыми тұрғыдан ақпараттандыру, қоғамдық консенсус, техникалық дайындық және қаржылық мүмкіндіктер, ең бастысы да ел басшылығының реформа жүргізу жөніндегі іс-шараларды басым міндеттердің қатарына қоюы өте маңызды болып табылады. Реформаны бастаудағы алға шығар басты мәселе – қазақ тілі өмір сүруде, дамуда, кең кеңістікте қолданылуда деген сенімнің болуы. Көріп отырғанымыздай, ел басшылығында мұндай сенім бар. Әйтпесе, реформа басталмас та еді. Қоғам да тіл мәселесінің

дәл сондай екеніне куә болып отыр. Басқалар сияқты ғалымдар (әсіресе, әрине, лингвистер) Тіл жағдайында бірінші кезекте тілдесімнің керек екенін біледі, ал жазу – екінші семиотикалық жүйе.

Қазақ жазуына байланысты көне, орта ғасырларға және қазіргі заманауи тарихтың көптеген беттеріне жүгінуге болады. Олардың барлығы қазіргі қазақ жазуына тікелей қатысы жоқ, бірақ тарихи тұрғыдан маңызы зор. Қазақ халқының қазіргі жазуының негізін көне түркі – руника (Орхон) жазуы, ұйғыр және араб жазуы құрайды. Жалпы, егер көне дәуірге тереңірек үңілсек, аталған үш жазудың пайда болуы арамей жазуының даму дәуіріне сәйкес келеді, ал арамей жазуы өз кезегінде финикий жазуынан бастау алған. Арамей тармағынан басқа грек тармағы (немесе дәстүрі) де финикий жазуынан басталады. Ал славян (кириллица) және латын жазу жүйелері – грек архаикалық жазуының екі түрі болып табылады.

Тіл мен жазудың арасында байланыстың болмауы да мүмкін (жазуы жоқ тілдер де бар), алайда егер жазу бар болған жағдайда көрші елдермен, тайпалармен тығыз қарым-қатынастың болатыны сөзсіз. Қазақ жазуына қатысты түркілердің руника мен ұйғыр жазуына тек шартты түрде ғана жүгінуімізге болады: бұл екі жазуды тек қана түркі тілдерінің тарихына байланысты ғана айтуымыз керек. Түркі тілдері Шығыс Азиядан бастау алса, жазу – керісінше, Оңтүстік-батыс Азиядан қарай дамыды. Соғды нұсқасындағы арамей жазуының принциптері көне дәуірден-ақ тамырын Азияда жайған және ұзақ уақыт «Македония жаулап алынғаннан кейін (б.з.д. 4 ғ.) Шығыста пайда болған тұрақсыз мемлекеттік құрылымдарда қолданылғаны белгілі. ... Орта ғасырларда сауаттылықпен негізінен дінбасылар айналысқан. Сондықтан әр әліпбидің таралуы белгілі бір дінмен байланысты болды... Арамей гетерограммаларымен жазу негізінен зороастризммен байланыста таралды. Соғды жазуы негізінде ... Орталық Азия түркілерінің жазуы (ең маңыздысы – ұйғыр және түркі "руника" жазуы) пайда болды [Дьяконов 1990: 377-378].

Алайда түркі руника жазуы қазақ-қыпшақ ата-бабаларының таралу аймағына әсері жоқ сияқты: Орхонда руника жазуы пайда болған кезде олар осы ареалдың батысында болған. Мұнда, ортақ түркі ататегі аймағының батысында, сол кездегі соғды жазуының тағы бір нұсқасы – ұйғыр жазуының пайда болуының алғышарттары қалыптасты.

«Ұйғыр жазуы вертикаль түрде жоғарыдан төменге орналастыры-

лып және солдан оңға қарай жазылды. Сөздің орналасу ретіне байланысты әріптер әр түрлі стильде жазылды – сөз басы, ортасы мен соңы үшін арнайы аллографтар қойылды. Діни шығармалар әдетте қатаң түрде кітап қолжазбасымен, ал іскерлік қағаздар және т.б. – курсивпен жазылды" [Закиров 1990].

Бірақ ұйғыр жазуы ортаазиялық түркі тілін (орта ғасырларда қыпшақ диалектілерінің әдеби тілін) жеткізе алмады. Сондықтан қазақ тілінің (және Орта Азияның басқа да тілдерінің) таралу аймағында графикалық араб жүйесі қабылданды. *"Қазақтар революцияға дейін араб графикасының бейімделген нұсқасын қолданған"* [Қайдаров 1997: 244].

Қазан төңкерісінен (1917), КСРО-ның құрылуынан (1922) және Орта Азия Республикаларының аймағын межелееу, аумақтық тұтастығын қалпына келтіруден (1924-25) кейін түркі тілдері әліпбиінің әртүрлі жобалары ғылыми ортада талқыланды. *"1926 жылы Бакуде түркі тілдес халықтардың жазуын латындандыру мәселелеріне арналған 1-ші Бүкілодақтық түркологиялық съезде жаңа түркі әліпбиінің Орталық Комитеті құрылды"* [Островская 1990: 90]. Осы комитеттің қазақ тіліне арналған қызметінің нәтижесінде 1929 жылдан бастап латын графикасы қабылданды. 1940 жылы қазақ жазуы орыс тілінің әліпбиі негізіндегі кирилл әліпбиіне көшірілді. Бұл латын әліпбиіне көшу туралы қазіргі шешімнің тарихи негізі.

Көріп отырғаныңыздай, тіл мен жазу формасы арасында тәуелділік жоқ. Алайда қазіргі таңда жаңадан түзілетін жазу жүйесі үшін *"бір фонема – бір әріп"* сәйкестігін ұстанғанымыз жөн. Сондықтан әліпби құрамына енетін графема тиісті фонемаларды мүмкіндігінше дәл таңбалауы қажет. Бәрімізге белгілі, қазақ тілінің фонологиялық жүйесі былайша сипатталады: *«Фонетикаға тән белгілер – 9 дауысты фонеманың болуы, таңдай үйлесімділігінің сақталуы (көтерілу дәрежесі бойынша үйлесім), екінші буынды қоса алғанда ерін үндестігін сақтау (еріннің дөңгеленуіне байланысты)»* [Мусаев 1990]. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі жалпы жүйеден, сондай-ақ жекелеген түркі тілдерінен айтарлықтай ерекшеленбейді. Яғни, практикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, тоқсан жыл қолданыстағы түрік тілінің латын графикасын қабылдауға да болар еді. Бірақ, шамасы, бұл мынандай басты екі тілдік фактордың әсерінен жөн болмайтын еді: фонетика мен морфонологиядағы аз да болса ерекшелік себебінен және графика мен орфография ережелеріне байланысты (олар кириллицалық негізде болса да, қалыптасқан графикалық

дәстүрлер). Әрине, түпкілікті шешімге социолингвистикалық факторлар да әсер етті. Ескертетін жайт, экстралингвистикалық факторлар әліпбилік-орфографиялық реформаны жүргізуге және оның нәтижелі болуына әлдеқайда әсері зор болады.

Хакас тілінің материалымен салыстыруға келетін болсақ, хакас тілінің жазуы (қазіргі хакас жазуы) кирилл әліпбиіне негізделген және әліпбиде ешқандай өзгеріс күтілмеуде. Олай болатын болса қазақ және хакас жазуын салыстыруымыздың мәнісі неде? Егер хакас жазуын латын әліпбиіне көшіретін болса, болжамды түрде не болатынын елестету үшін салыстыруға болады деп санаймыз. Хакас жазуын латын жазуына көшіруге болмайды, өйткені хакас тілінің ауызша берілуінің (*устная трансляция*) қолайсыз жағдайларында тұрақты дәстүр бұзылады. Бұдан әрі осындай қадамның (немесе шешімнің) орынсыздығы туралы қорытындының себебін көрсететін зерттеу нәтижелерін (балалар мен жастардың тілді меңгеру жайындағы) ұсынамыз. Бүгінгі таңда қалаларда тұратын хакастардың көпшілігі түбі ауылдардан болып келеді. (Зерттеу 2013-2014 жылдары жүргізілді) сауалнамаларға сәйкес, ата-әжелері ауылдарда тұрған респонденттер ана тілін жүз пайыз деңгейінде біледі. Алайда, респонденттердің екінші буынының төрттен бір бөлігі қалада тұрады және олар негізінен қос тілді болып келеді. Респонденттер ата-әжелерінің олармен тек ана тілінде сөйлесетінін айтты. Ал қалада тұратын хакастардың ата-аналары балаларымен екі тілде, хакас және орыс тілдерінде сөйлеседі. Сонымен қатар қалада мынандай үрдіс байқалады: ата-аналары балаларына хакас және орыс тілдерінде сөйлейді, ал балалары көбінесе орыс тілінде жауап береді. Бұл жағдай қала халқының ассимиляциясын және респонденттердің үшінші буынының тілді жоғалтуын көрсетеді. Хакас тілінің болашағы туралы сұраққа ана тілін жақсы білетін адамдар, негізінен ауыл тұрғындары, оптимизм таныта отырып тілдің ары қарай өмір сүретініне сенеді. Ал қала тұрғындары (негізінен ана тілін білетін алайда өз тілінде сөйлемейтін және ана тілін білмейтін адамдар) тілдің жойылып бара жатқанын айтты. Хакас тілін білетін немесе білмейтін азаматтар ана тілін хакас тілі деп біледі, респонденттердің тек 2 пайызы ана тілі – орыс тілі деп жауап берді. Жалпы, барлық респонденттер, хакас тілін біліп-білмеуіне қарамастан, балаларының мектепте ана тілін үйренгенін қалайды және республикада хакас тілін үйренуді міндетті ету керек деп санайды. Сондай-ақ, респонденттердің жартысы Хакасия Республикасы Үкіметінің хакас тілін

сақтау мақсатында өткізетін шараларына көңілдері тоймайды. Бірақ *«Жақсы жұмыс табу үшін хакас тілін білу керек пе?»* деген сұраққа *«жоқ»* деген 100 пайыздық жауап берілді. Респонденттердің тек үштен бір бөлігі ғана хакас тілінің жойылып бара жатқанының себептерін біледі, себеп ретінде – халықтың ассимиляциясы және оның аздығы деп атайды. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі тілдің жойылу процесіне *«жастар хакас тілінде сөйлегісі келмейді», «хакас тілінде сөйлеуден ұялады», «мектептерде хакас тілі нашар оқытылады», «республикада тілді сақтау үшін ештеңе жасалмайды»* деп жауап берді.

Сонымен қатар бұл үрдістің оң жақтары да бар. Қоғамдық мекемелер мен институттарда хакас тілін қолдануда белгілі бір тұрақтылық бар деп айтуға болады. Хакас тілі ұлттық мәдениет мекемелерінің: Хакас ұлттық драма театрының, *«Чуміген»* театрының, республикалық филармониясының, *«Чон коглері»* көркемөнерпаздар ансамблінің және т.б. қызметінде белсенді қолданылуда.

Қоғамдық құрылымдарда тілді сақтау үшін барлық күш-жігер жұмсалады, бұқаралық ақпарат құралдарында осы тақырыпқа қатысты сұрақтар қойылады. Бүгінгі таңда хакас тілінің қолданылу аясы одан да кеңейе түсті: осы тілде ойын-сауық және танымдық сипаттағы іс-шаралар (*мектеп олимпиадалары, викториналар, КВН және т.б.*) өткізіле бастады. Сондай-ақ жас буын арасынан ұлттық аспаптарда ойнайтын, тақпақтар мен хакас тіліндегі батырлық аңыздарды айтатын әртістер мен әншілер өсіп келеді. Олардың қойылымдары тек жастар арасында ғана емес, сонымен қатар аға буын өкілдері арасында да танымал.

Хакас тілі дамуда, бұқаралық ақпарат құралдарының *«жаңа тілі»* қалыптасуда. Хакас тілін қолданудың жаңа тәсілдерін газет басылымдарының авторлары жиі қолданады. Бәріміз білетіндей, БАҚ тілі әрқашан да қоғамда болып жатқан процестерді көрсетеді. Хакас тіліндегі *«Хабар»* республикалық (жалғыз) газетін парақтай отырып, біз соңғы 20 жыл ішінде тілге енген мынадай сөздерді көреміз: *кішіг паза ортын бизнес - Шағын және орта бизнес, идінчек - кәсіпкер, пос устаныс* – өзін-өзі басқару... Интернетте хакас халқының тарихы, тұрмысы мен тіліне қатысты түрлі пікірлер айтылатын, хакас тілінде сайт пайдаланушыларымен сөйлесуге болатын *«хакас халқының форумы»* сайты бар. Айта кететін жайт, бұл жерде ана тілін сақтау мәселесі қызу талқылануда.

Білім беру жүйесінде хакас тілін үйренуге арналған тілдік материалдар артып келеді. Ауылдар мектептерінде хакас тілі сабақтары

өткізіледі. Қалаларда жағдай басқаша: хакас оқушыларының саны аз болатын жағдайда мектепте хакас тілі өткізілмейді немесе қосымша факультативті сабақ ретінде өткізіледі. Хакас тіліндегі оқулықтар мен әдебиеттер жеткілікті. Сонымен қатар, хакас тіліндегі оқулықтар әртүрлі бағдарламалар негізінде шығарылады: хакас тілін білетіндер үшін және білмейтіндер үшін.

Туған тілді сақтау және дамыту үшін бар күш-жігерлерін салып жұмыс істеп жүрген тұрғын өкілдерді көруге болады. Қалада, орыстілді ортада өсіп келе жатқан балаларын ұлттық рухпен және ана тілін білуін міндеттей отырып өсіретін де отбасылар бар. Бұл хакас тілінің ұзақ уақыт өмір сүретініне деген үміт береді. Егер тіл өмір сүрсе, жазу дәстүрін өзгертудің қажеті жоқ. Ең бастысы – тілдің дамуы, жойылып кетпеуі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дьяконов И.М. Письмо // Лингвистический энциклопедический словарь / гл. ред. В.Н. Ярцева. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – С. 375-379.
2. Закиров И.М. Уйгурское письмо // Лингвистический энциклопедический словарь / гл. ред. В.Н. Ярцева. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – С. 533.
3. Кайдаров А.Т. Казахский язык // Языки мира: Тюркские языки. – М.: Издательство «Индрик», 1997. –



АЙМАН АЛДАШ,

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор*

ЖАҢА ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Осы жылғы қаңтар айының соңында Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Ұлттық комиссия отырысында жетілдірілген жаңа әліпби жобасымен бірге «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелерінің» соңғы нұсқасы бірауыздан қабылданды және мақұлданды.

Емле ережелерінің құрылымы мен мазмұны қандай болуы керек деген сұрақ туындауы да мүмкін. Алдымен айтарымыз – Емле ережелері – аса маңызды нормативті құжат, оның құрылымы заңнамалық актілер жасауға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс, әрі емле ережелерінің құрылымына қатысты әлемдік тәжірибеде қалыпты нысандар бар. Ал қазақ мәдениетінде бұдан қырық жылдай бұрын академик Рәбиға Сыздық орнықтырған Емле ережелері құрылымының айрықша үлгісі болды, бұл құжат мазмұны жағынан қалың жұртшылықтың ресми, іскери, ғылыми жазба коммуникацияда ана тілінің күллі арсеналы мен байлығы – сөздер мен сөзтүрленімдерін сауатты жазуына, сайып келгенде, қазақ тілінің орфографиялық нормаларының жоғары деңгейде қалыптасуы мен тұрақталуына елеулі үлес қосты.

Латынграфикалы әліпбиге көшу ісі қарқынды қолға алынған кезден бастап А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары қазақ тілінің емле қағидаларын жаңарту, жаңғырту, толықтыру және жетілдіру бойынша маңызды жұмыстар атқарды. Сауатты жазуды негіздейтін орфографиялық принциптер нақтыланды. Белгілі орфограф-ғалым, профессор Н. Уәли Емле ережелерінің концепциясын ұсынды. Академик З. Базарбаева, профессор Ә. Жүнісбек және

олардың мектебінің өкілдері қазақ тілі дыбыстарының фонологиялық-фонетикалық жүйесін ғылыми тұрғыдан анықтады. Қазіргі тіл қолданысында байқалған орфографиялық ерекшеліктер, жекелеген тілдік бірліктердің жазылуындағы әртүрліліктердің болу себептері, орфографияның өзгеру процестеріне ықпал жасайтын лексикалық-семантикалық және басқа да түрткіжайттар форма мен мазмұнның бірлігі тұрғысынан дәлелденді.

Мамандар бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын күрделі сөздердің ғылыми негіздерін және жазу дағдысындағы сипаттарын салыстыра отырып терең талдау жүргізді. Кірме сөздердің, әсіресе, ғылым мен техника, шаруашылық пен экономика, білім беру мен мәдениет салаларындағы өзге тілден енген терминдердің жазылуының қазақ тілінің дыбыстық арсеналына негізделген айқын моделдері қалыптастырылды. Зерттеу барысында байқалған проблемалар Институттың ғылыми-өндірістік семинарларында, жоғары оқу орындарының тілші-мамандарымен, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мамандарымен, орфографиялық жұмыс тобының мүшелерімен бірге өткізілген мәжілістер мен семинарларда жазу теориясы, орфография салалары мамандарының тұжырымдары мен ұсыныстары кеңінен талқыланды, пікірлер мен көзқарастар мерзімді басылымдар мен әлеуметтік желілерде жарияланды.

Жаңа емле ережелерінің мазмұнында емле проблемаларының негізгілерін беру мақсаты көзделді, осы себепті алдымен соңғы кезеңдердегі жазу практикасы мен жазу дағдысында байқалған фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және сөзжасам ерекшеліктері, фонетикалық және лексикалық варианттар бойынша көлемді эмпирикалық материал жинақталды, олардың орфографиялық нормаларын айқындайтын моделдер жасалды. Мәселен, бас әріптің қолданылуы мен емлесіне қатысты 500-ге жуық тілдік фактілер топтастырылды. Сөйтіп, іріктелген тілдік фактілерді моделдеу барысында бас әріппен жазылатын және бас әріппен немесе кіші әріппен жазылуы тиіс тілдік қабаттың күрделілігі, бас әріптің емлесін реттеудің, нормаландырудың өзектілігі айқын көрінді. Өйткені бір-бірімен тығыз байланыстағы дәстүрлі-тарихи принцип пен базалық нормаларға сәйкес келетін, тұрақталған жазу үлгілерінен басқа бас әріп регистрімен орфографиялаудың көптеген үлгілері тіркелді. Тарихи тұлғалардың, миф, әфсана, аңыз кейіпкерлері есімдерінің түрліше

жазылуы (мәселен, Қорқыт ата / Қорқыт Ата / Қорқытата) әлденеше мәрте талқылаудан өтті.

Жоғары мемлекетті лауазымдар мен жоғары лауазымды органдардың, мекемелер мен ұйымдардың, заңнамалық актілердің атауларын академик Рәбиға Сыздық күрделі-құрама атаулар деген аталыммен көрсеткен болатын. Қазіргі кезде күрделі-құрама атаулардың да бас әріп регистрімен берілуінде айырмашылықтар бар. Бұған *Хан Шатыр / Хан-Шатыр / Хан шатыр* немесе басқа тілдердегі орфограммалау үлгісінің қазақ жазба нұсқаларына да стереотипті түрде көшірілуінен пайда болған *ЖШС-ның Бас Директоры; «Барыс» Акционерлік қоғамы* тәрізді орфограммалар дәлел. Осындай айырмашылықтардың себептері Емле ережелерінің әрбір тармағын, әрбір тілдік фактіні талдау мен талқылаудың нәтижесінде біріздендіріліп, дұрыс орфограмманың нақты үлгілері ұсынылды. Бұл – сараптау мен талқылаудан өткен мәселенің бірі ғана.

Емле ережелері бірте-бірте, саналы түрде нормалаушы қызметтің нәтижесінде жасалады. Орфографияның ғылыми-қолданбалы мақсатының басты көздейтіні – жазудың қарапайым және стандартты болуы. Жазу пайда болған тілде емле ережелерінің принциптері де қалыптаса бастайды, ереже ұстанымдары ұзақ мерзім бойында әрдайым жетілдіріле береді, тілдің өз заңдылықтары мен графика арқылы берілетін мүмкіндіктер арасындағы параллелдер іріктеледі.

Белгілі бір тілдің Емле ережелері заңнамалық құжат түрінде болатындықтан, әдетте, онда жинақталатын қағидалар мен ережелерді дәлелдейтін тілдік фактілер үлгілер мен моделдер түрінде шектеулі көрсетіледі.

Ал қазіргі қазақ әдеби тіліндегі орфографиялық нормалардың барлық дерлік ерекшеліктері мен сипаттамалары фонетика, жазу теориясы, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис, стилистика салалары мамандарының пікірлері ескеріле отырып, емле анықтағыштарында мүмкіндігінше толық баяндалатын болады.



ГҮЛФАР МАМЫРБЕК,

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

И МЕН У-ДЫ НЕГЕ ТАРАТЫП ЖАЗУҒА БОЛМАЙДЫ?

«Біз емлені ермекке түземейміз, оңайлансын деп түзетеміз» деген, әрі қазақ емлесіндегі түйткілді мәселелердің жүйелі қалыпқа түсуіне еңбек сіңірген ғалым Құдайберген Жұбанов **и** мен **у**-ды қосар әріппен таңбалауға түбегейлі қарсылық танытқандардың бірі. Ғалым: «Қосарды жақтаушылар бұларды бір дыбыс емес, екі дыбыс болғандықтан екі таңбамен белгілеу керек деседі. Әуелі-ақ, бұларда екі дыбыс бар ма, жоқ, бір-ақ дыбыс бар ма? Мұны айырып беруге қосаршылардың өздерінің де өрелері жетпейді», - деп қатты сынағаны мәлім және **«оны қаншама сүйрете бергенмен де, ол сүйреткің тек өз бойыңа салмақ болмақшы да, дыбыстың қосарлығын сақтап қала алмақшы емес»**, - деген тұжырым жасаған еді. Ал Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбектерінде **и** мен **у**-дың анықтамасы мен таңбалануына қатысты көзқарастарын өзгертіп отырғаны белгілі.

Ғалым еңбектерінде **и** мен **у**: «жарты дауысты, шала дауысты, үнді дауыссыз, талғауық үнді дыбыс, орта дыбыс» түрінде сипатталған болатын. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің өзінде **и** мен **у**-ды кейде тарқатып, кейде тарқатпай жазғанына куә боламыз. Бір ғана мысал, ғалымның 1922 жылы шыққан «Оқу құралында» (Усул сотие жолымен тәртіп етілген. Қазақша алифба) и дыбысы таратып жазылмаған: жи, жина, жиын, жимақ, қиын, қисық. Ал 1912 және 1925 жылы шыққан еңбектері «Оқу құралы», 1922 жылы шыққан еңбегі «Оқу құралы», 1927 жылы шыққан еңбегі (Т.Шонанұлымен бірге) «Оқыу құралы» деген атпен жарыққа шыққаны мәлім. Демек А.Байтұрсынұлы еңбектерін

тікелей түпнұсқадан мұқият қарап шықсақ (кирилге аударылған нұсқаларын емес), ғалымның **и** мен **у** дыбыстарын таратпай жазғанына көз жеткіземіз.

Осылайша төте жазудан басталған қосар әріп әуресі сол кездің өзінде үлкен дауға айналып, одан кейінгі латын әліпбиін қабылдаған жылдарда жалғасын тапты. Латын жазуында «баланың қатесінің төрттен бірі» осы **и** мен **у**-ды таратып жазудан деп дабыл қаққан **Құдайберген Жұбанов: «Мұнымен есептеспеске болар ма екен? Қосар әріптің жазудағы қиыншылығымен санаспай болмайды»,** - деп арнайы мақала да жариялаған (Қосар ма, дара ма?, 1935 ж.). 1929-1940 жылдар аралығында қолданыста болған латын әліпбиіндегі қиындық пен ала-құлалық та осы **и** мен **у**-ды қосар таңбамен беру мәселесінде орын алғандықтан, 1938 жылы ол дыбыстарды барлық жерде бір ғана таңбамен жазу туралы шешім шығарған. Алайда латын графикасындағы емле ережелерінің бірізге түсіп, нормалануы толық аяқталмай жатып, 1940 жылдары кирилл таңбасына өттік. Кирилл жазуында да **и** мен **у** бірде қосар, бірде дара түрде таңбаланып, жазу нормасындағы ала-құлалық одан әрі жалғасты: **күліу/күлүү/күлу; тоқыу/тоқұу/тоқу, оқыу/оқұу/оқу, жыйын/жиын, йне/ине** т.б. Осындай қиындықтардан соң 1957 жылы лингвист ғалымдар жазуды бірізді жүйеге түсіру мақсатында **и** мен **у** таңбаларын қосар емес, дара әріппен таңбалайтын емле ережелерін қабылдады.

Бұдан шығатын қорытынды, **и** мен **у** дыбыстарын қосар таңбамен беру мәселесі сонау төте жазу (араб) тұсында-ақ үлкен дауға айналып, латын графикасын қабылдаған жылдарда да күн тәртібінен түспеген, тек кирилл жазуында ғана дауға нүкте қойылды. Себебі, қаншама жылғы жазу тәжірибесіндегі ала-құлалық, сондай-ақ қатенің көбі осы **и** мен **у**-ды қосар әріппен жаза алмаушылықтан туындауы, балаларға үйретудің ауырлығы жазу сауаттылығын кері кетірді.

Дәл қазіргі таңда, **и** мен **у**-ды екі таңбамен жазуды жаңа емле ережелеріне енгізу қайтадан ұсынылып жатыр. Алайда төте жазудан басталып, 1957 жылға дейінгі аралықта 40 жылдан астам уақыт бойы бірізді жүйеге түсе алмай дау тудырған әрі жазудағы ала-құлалыққа себепкер болған *«таратып жазу» (жыйналыс, йнелік, оқуу, тұуу т.б.)* мәселесін ендірсек, тарих көрсеткен тәжірибедегі қиындықтарға қайтадан ораламыз. Ал бұл қазақ қоғамының латын әліпбиімен сауаттануын тежейді.



ЛӘЗЗАТ ЕСПЕКОВА,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің доценті, ф.ғ.к.*

ЛАТЫН ӘЛІПБИ ЖӘНЕ ДИАКРИТИКАЛЫҚ ТАҢБАЛАР

Жаңа жетілдірілген әліпби нұсқасы 31 әріптен тұрады. Оның құрамында берілген әріптердің орналасуы дәстүрлі нормаға сай. Әліпби құрамында умлаут, бревис, макрон, седиль секілді диакритикалық таңбалар пайдаланылады. Бұл диакритикалық таңбалар әрбір дыбыстың ерекшелігіне байланысты қолданылады.

Диакритикалық таңбалар - жеке әріптің ерекшелігін көрсету немесе нақтылау үшін қолданылатын белгілер болып табылады. Көптеген зерттеушілер бұл таңбаларды «тілдің дыбыстық ерекшелігін айшықтайтын тәсіл» деп қарайды. Диакритикалық таңбалар әріптің үстінде, астында орналасып, дыбыстардың жіңішкелігін не созылыңқылығын, әуезділігін, ұзақтығын және тағы басқа ерекшеліктерін айқындауда пайдаланылады.

Алғашқы бекітілген әліпбиде акут диакритикалық таңбасы қолданылды. Әліпбиде акут таңбасы дауысты дыбысқа да, дауыссыз дыбысқа да қойылған болатын. Жалпы акут белгісі дауысты дыбыстың ерекшелігін айқындайтын таңба болып табылады. Сондықтан ұсынылған соңғы әліпби нұсқасында акут белгісі алынып, оның орнына 4 диакритикалық таңба енгізілді. Әліпбиде жіңішке дауысты **Ә, Ө, Ү** дыбыстары умлаут, жуан дауысты **Ұ** дыбысы макрон, ұяң **Ғ** дауыссыз дыбысы бревис, ызың **Ш** дауыссыз дыбысы седиль таңбасымен беріледі.

Умлаут диакритикалық белгісі латын әліпбиінде жазатын көптеген тілдерде бар. Мысалы, швед, неміс, фин, венгр, түрік, әзербайжан және т.б. Бұл таңба жіңішке дауысты дыбысты беруде жиі қолданылады.

Әліпбиде умлаут таңбасы **Ә, Ө, Ү** секілді жіңішке дауыстылардың үстінен қойылады. Бұл таңба қазақ тіліне тән жіңішке дауыстыларды айқындауда маңызды қызмет атқарады.

Әліпбиде қолданылған ерекше таңбалардың бірі – *седиль* (испан. «*cedilla*»). Бұл диакритикалық таңба француз, португал, албан, чуваш, румын, әзербайжан, өзбек, түркімен, түрік және т.б. тілдердің әліпбилерінде қолданылатын белгі. Бұл таңба, негізінен, ызың дауыссыз дыбысты таңбалау үшін жиі пайдаланылады. Седиль кейбір дауыссыздардың астына айтылуындағы ерекшелікті көрсету мақсатында қойылады (ілмек). «Седиль» атауы Z әрпінің атауынан шыққан (испандық *ceda*). Француз тілінде седиль [сédille], португал тілінде [cedilha], ал каталан тілінде «*ce trencada*» деп аталады. Седиль ең көп таралған белгілер қатарына жатады. Бұл таңба ескі испан тілінде аффрикат /ц/ дыбысын белгілеу үшін қолданылған. Бұл таңба француз, португал, каталон, окситан сияқты басқа тілдерде жазу үшін қабылданған. «Жіңішке» дыбысты бейнелейді. Түрік, албан, әзербайжан, башқұрт, татар, түрікмен, чуваш және тағы басқа елдердің әліпбиінде аффрикат дыбысты немесе ызыңды білдіру үшін қолданылады. Сол сияқты бұл таңба румын тілінде де кеңінен пайдаланылады. Біздің әліпби нұсқасында да бұл диакритикалық таңба (**Ѕ**) ызың дыбыстың (**Шш**) белгісі ретінде қолданылған. Алғашқы бекітілген нұсқада Ш таңбасы екі әріппен ұсынылғаны белгілі. Ш дыбысының мәтін ішінде қолданылу жиілігі жоғары болғандықтан, оны екі таңбамен беру көптеген қиындықтар тудырды. Мәселен, *ashana* (асхана) деп жазылған сөз «ашана» түрінде, *Ashat* (Асхат) сөзі «Ашат» деп оқылды. Міне, осындай жайттар дыбыстың оқылуына да, жазылуына да қиындық тудырды. Ұсынылған жаңа әліпби нұсқасында «бір әріп – бір дыбыс» принципіне сай **Ш** таңбасы **Ѕ** таңбасымен ауыстырылды.

Дауысты дыбыстарға қатысты диакритикалық таңбалардың бірі – *макрон* (грек. «*μακρόν*» – «ұзын», «ұзақ»). Макрон таңбасы халықаралық әліпбиде жуан дауыстыны белгілеуде пайдаланылады. Диакритикалық таңба әріп үсті қойылатын таңбалар қатарына жатады. Ұсынылған жобада макрон таңбасы жуан Ұ (Ū ū) дауыстыны беруде пайдаланылып отыр.

Дауыссыз дыбыстарға қатысты қолданылатын диакритикалық белгілердің бірі – *бревис* таңбасы. Бұл таңба халықаралық практикада қысқа дыбысты беруде қолданылады. Қазақ тіліндегі Ғғ дыбысы айтылу орнына қарай тіл фонемалары, оның ішінде қысқа айтылатын тіл

арты фонемасына жатады. Сондықтан беріліп отырған бревис таңбасы дыбыстың ерекшелігіне толық сай келеді.

Сонымен жаңа әліпбидің құрамына енген 4 диакритикалық таңба тіліміздегі кейбір дыбыстардың ерекшелігін айқындауда үлкен рөл атқарады. Әрі көпшіліктің бұл таңбаларды меңгеруіне де септігін тигізеді деген ойдамыз.



ЗУБАЙРА САДЫРБАЕВА,

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
ғылыми қызметкері*

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЕМЛЕ-ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бүгінгі қазақ тілінің емле-ережелері, орфография, орфоэпия принциптері өзбастауын ұлтұстазы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде көрсетілген заңдылықтармен жүйеленіп, қалыптастырылды. А.Байтұрсынұлы – XX ғ. басындағы қазақ тілінің жазу мәдениетінің негізін салушылардың басшы тұлғасы болса, XXI ғасырдағы жаңа латын әліпбиінің негізін қалаушылар – бүгінгі ғалым-тілшілер, жастар жалғастырушы – болашақ ұрпақ. Елбасының, Президенттің тапсырмасымен латын әліпбиіне көшу кезең-кезеңмен жүзеге асырылмақ.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, тіл жанашыры, ғалым Анар Фазылжанова «Интерфакс-Қазақстан» агенттігіне берген сұхбатында латын әліпбиінің мән-маңызына тоқтала келіп, тілшінің: «*Латын әліпбиіне көшу неше кезең бойынша жүзеге асady?*» – деген сұрағына орай әр кезеңнің мақсатын түсіндіріп береді.

Ғалым сондай ақ жер-су атауларын латын графикасына көшіру, яғни қазақ тілі ономастикалық жүйесінің мәселелеріне тоқталды. Кезінде кирилл графикасына негізделген қазіргі қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген сөздерді, атауларды сол күйінде, ұлттық тілімізге икемделмеген қалпында жазып келді. Енді, академик Р.Сыздықтың айтуынша, «латын графикасына көшкен кезде түпнұсқалық принциппен жазылатын сөздер қазақшаға игеріліп жазылуы керек. Ғалымның бұл пікірі жер-су, қала, көше атауларына, яғни ономастикаға да қатысты екені даусыз. Яғни кеңестік кезеңнің жазу принципінен құтылудың жалғыз жолы – латын графикасына негізделген әліпбиге көшу болды. Осы ұстанымды та-

нымал тілші-ғалымдардың дені қолдап, өз пікір-ұсыныстарын баспасөз арқылы білдірді. Бұл басқа тілдерден енген сөздерді, терминдерді қабылдамау керек деген сөз емес, кез келген тілдің лексикасы басқа тілден сөздерді қабылдау арқылы дамиды. Әйтсе де кірме сөздер қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылығы бойынша қабылдануы әрі игерілуі керек. Мұны неге айтып отырмыз?

Қазір елімізде адам есімімен, табиғат ерекшелігімен т.б. байланысты жер-су атулары өте көп. Оның түпнұсқасын сақтап жаза берсек, біз кирилл графикасынан еш уақытта құтыла алмаймыз. Сондықтан латын графикасына негізделген әліпби арқылы түзелген жер-су, есім атауларының сөздігін, анықтамалықтар шығару кезек күттірмейтін мәселе. Өйткені кезінде қазақ тілі араб әліпбиіне негізделген ескі жазба тілі деп айтылып келген әліпбиіміз болғаны белгілі, төте жазудың әрине өз ережесі болды. Ал отызыншы жылдардағы латын әліпбиіндегі жазу-сызудың ұстанған өзіндік емле-ережелері қалыптасты.

Бүгінгі күнге дейін орыс әліпбиіне, яғни кирилшеге негізделген орфографиялық ереже фонетикалық-морфологиялық принцип бойынша жасалып, қолданыста болды, бұл аралас-құралас, яғни орыс-қазақ гетерогенді принцип сақталды.

Біздің сөз етіп отырған мәселеміз ономастикалық атаулардың латын әліпбиімен дұрыс жазылуын қарастыру болғандықтан, ұлттық тіліміз үшін ономастикалық атаулар сөздігін жасау аса маңызды болып отыр. Өйткені Қазақстан халықаралық әуе жолымен 200-ден астам әуежай, теміржол қатынасы арқылы сан мыңдаған қаламен, әралуан елдермен байланыс жасайды. Республикамыздың жер-су атаулары орфографиялық ережелерге, яғни картадағы нысандар орфографиялық стандартқа сай болуы көзделеді.

Адам есімдері, миллиондаған төл құжаттары, мекеме, ұйымдардың, жеке және заңды тұлғалардың аттарының орфографиялануы, емле ережесіне сәйкес болуы міндетті. Әрбір сөз белгілі бір орфографиялық принцип бойынша жазылуы керек, өйткені орфографиялық принциптер жазу жүйесі үшін аса маңызды. Латын графикасына көшудің негізгі мақсаты да кірме сөздерді қазақшаға икемдеп, қазақ тілінің заңдылығына бағындыру. Бүгінгі күнге дейін бір атаудың-есімнің бірнеше нұсқада жазылып жүргендігі мәлім. Мысалы, *Қожа Ахмет Иассауи – Яссауи – Ясауи; Баба түкті Шашты – Әзиз – Баба Түкті – Шәшті Әзіз; Дінмұхамед – Дінмұхамет* тәрізді. Осы сынды ономастикалық атауларды біріздендіру

кезектегі мәселе. Қазірдің өзінде *Qazaq, Qazaqstan* деп жазылған атауларды кез келген адам қиналмай-ақ оқи алады. Сондықтан да латын графикасын қабылдау еш қиындық тудырмайды деген пікірдеміз.

1940 жылдан бастап қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән емес **в, и, ф, х, ц, щ, ч, э, ю, я, ь, ъ** тәрізді әріптердің енуіне де байланысты шығар, Қазақстан жер-су, қала аттары кеңестік саясаттың салдарынан *Көкшетау* орыс тілінде – *Кокчетав*, *Қызылорда* – *Кзыл-Орда*, *Жамбыл* – *Джамбул* т.б. орыс кириллицасымен айтылып, жазылып келді. Алайда әлі де болса, кеңестік жүйенің сарқыншақтары сақталып келе жатқаны жасырын емес. Қорыта келгенде айтарымыз, латын графикасына негізделген жер-су, есім атауларын жазуды орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерін қазақ тілі емле ереже заңдылықтарын сақтай отырып қолға алу керек.



БАҒДАН МОМЫНОВА,

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бас ғылыми
қызметкері, ф.ғ.д., профессор*

ӘЛІПБИДЕГІ КЕЙБІР КІРМЕ ӘРІПТЕР ТУРАЛЫ (Х, Һ)

Кірме сөздердің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері болуы заңды. Тіл-тілге енетін кірме сөздер алғашқыда лексикалық деңгейде орын алады да, кейіннен фонетикалық деңгейдегі ерекшеліктерді, жазу ерекшеліктерін тудырады. Бірақ қазіргі дүниедегі интеграциялық құбылыстар, жаһандану процесі кірме сөздердің қатарын көбейте береді. Сондықтан **х**, **һ** әріптері туралы пікірлерге шолу жасай отырып, **һ**-ның әліпбиге енгізілуінің кейбір себептеріне тоқталу артық болмас.

«Кірме сөз құрамындағы кірме дыбыстар артикуляциялық тұрғыдан өзіне жақын төл дыбыспен алмасуға жақын тұрады. Кірме дыбыстардың икемделу диапазоны мол болады, толық, жартылай, жақын, дәл. Көпшілік халық бөгде тілдің фонетикалық ерекшеліктерін бәрін бірдей тең меңгеріп кете алмайды. Бір тобы шала меңгереді, ал қалған бір тобы өте жақсы меңгереді. Соның нәтижесінде орыс тілінің қазақ тілінің фонетикалық нормасын меңгеру деңгейі әртүрлі қазақтар шығады. Әр топ орыс тілінің дыбыстарын өзінше икемдейді. Сөйтіп қазақ тілінің дыбыс құрамында орыс тіліндегі дыбыстарға шала жақын, жартылай жақын, жете жақын, өте жақын, өзіндей жақын дыбыс үлгілері пайда болады» (Қонысбаева С.И. Қазақ тіліндегі кірме дауыссыз дыбыстардың фонетикалық сипаты (экспериментті-фонетикалық зерттелім). - Канд. дисс. авторефераты. -Алматы, 2005. - 5-б.). Дәл осы жайт қоғамдағы тілді игеру деңгейі әртүрлі болып келетін әлеуметтік

топтарды қалыптастырады. Бұл жағдай араб жазуы арқылы енген кірме дыбыстарға да қатысты айтуға болатын пікір.

«Дәстүрлі араб жазуымен келген **х** әрібіне сай дыбыстың қазақ тіліндегі айтылым үлгісіне не тіл ортасы жуысыңқы, не тілшік жуысыңқы болып айтылады. Оның икемделу үлгісі орыс тілінің тіл арты жуысыңқы **х** дыбысының икемделу үлгісімен бірдей. Соның өзінде қазақ көмеймен емес, оның айтылуына «тілдің арты ғана қатысады» (Қонысбаева С.И.7-б.). Неге? Себебі қазақ тілінде көмейден айтылатын дыбыстар жоқ, тек кірме әріптер бар, олар – **х, һ**.

Бұл турасында профессор, белгілі фонетист ғалым Ә.Жүнісбек: «Қазақ тілінде көмейден айтылатын дыбыс жоқ. Ендеше кірме **х, һ** әріптерін **қ** таңбасымен алмастырса жетіп жатыр. Тіптен болмаса, олардың орнына бір ғана **кһ** тіркесін пайдалануға болады», - дейді. Ұсынылып отырған жетілдірілген әліпби жобасында осы ой жүзеге асқан. Тек **кһ** тіркесімі емес, бір ғана **һ** әрпі беріліп отыр. Өйткені жетілдірілген әліпбиде ди-графтар жоқ. Ал **х** – осыған дейін қолданыла келе мағына айыратын дәрежеге жеткен (**қ**-қан; **х**-хан т.б.), сондықтан **х**-ның жүгі **һ**-ға ауысуы қолайлы болады және көз үйренген, қалыптасқан жазу жүйесі, дағды бұзыла қоймайды.

Бұл дыбыстардың айырмашылығы жасалу тәсілінде ғана. Сондықтан жетілдірілген әліпби жобасы ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да қолайлы.



ЕРМУХАМЕТ МАРАЛБЕК,

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
ғылыми қызметкері, PhD доктор*

ҚОСАРҒА

Бүгінге дейін біреудің жасын, біреудің жұмырбасын, біреудің жолын, біреудің достыққа ұсынған қолын сыйлап, кей нәрсені имене айтып, иіліп шыға беріп едік. Бірақ именгенді илей бергенді көріп келеміз. Шындықты біз де айтып қалайық енді.

«Ағат басылған» деп ақтау ақиқатқа жауап болмайды. «Ағат басылған» емес, ең болмағанда, «ескі емлемен басылған» деу керек еді. Ол ағат басылып кетпеген, біле тұра басылған. Жұртшылыққа арналған уәж поэзия емес қой, синонимдерді бұрқыратса бола беретін. Әр сөздің өз орны бар. Бұлай соғып салуға болмайды. Ахмет Байтұрсынұлы мен «ағат» деген сөз үйлеспейді. Және оның себебін, долбарлап емес, мұқият тексеріп алып айту керек еді. Табу қиынға соқса, сұрауға да болады. Мен мұны білмей, байқаусызда шығарып алған жоқпын. Бұл «1924 жылдан кейін ешбір жерде жазылмады, кітап басылмады» деген кісілерге дәйек болатын. Тіпті, 1925 жылы емле тағы өзгергені де шындық. Мұны дәлелдеп жатпаймын, уақытым аз. Төте жазудағы кітаптарды кирилге ат жазу үшін топырлатып аудармай, зерттеу үшін аударғанда ғана аңғаруға болады мұны.

«Қазақ» газетінің 266 номерін, «Тіл-құралдың» елімізде бар 23 басылымын, «Оқу-құралының» 20-дан аса нұсқасын, сондай-ақ толып жатқан мақалалары мен кітаптарын бірін қалдырмай түпнұсқадан оқыған, оқып қоймай, оның тек емлелік ерекшелігіне байланысты 7-8 мақала арнаған ізденуші ретінде айтқым келіп отыр. Бұған келгенде, адасып, қате ақпарат айтып жүрмін деп ойламаймын. Және әлде

кімдер сияқты біреудің көз майын, алтын уақытын жұмсап дайындаған Атамыздың мұраларын, біреуі сүйесін, екіншісі демесін болып, өз атынан шығарып алып, «Аруақтан ұят» деп ауызды аруақтың ақ кебінімен сүртіп отырған жоқпын. Одан арғыны айтпағанда, әрине.

Ахмет атамыз соңғы тұжырымдарында «у»-дың алдында бас буыннан басқа буында «ы» келетінін, қазақ сөздері екінші буыннан бастап, буын соңына дейін «езубейімді» болатынын айтқан. Өтірік айтсам, дәлелмен терістеңіздер. Бас буыннан басқа буында келмей, орын талғағандықтан, «ұ/ү» дыбыстарын «талғауық дауысшылар» деп атаған. Ахмет атамыз «ұ/ү» дыбысын бас буыннан кейін жазсаңдар болады», «ерін үндестігін тірілтіңдер» деп айтқан емес. Осыны біліп, көріп отырып, «Ағай мен Атайдың ұстанымдары бір» деп жұртты алжастырып отырғанын көріп отырмыз. Міне, нағыз аруақтан, халықтан ұялатын нәрсе. Ахмет Байтұрсынұлының атымен шындықты өз ұстанымына бұрмалау деген осы болады. Сөйте тұра «Байтұрсынұлы емлесі» мен «Байтұрсынұлы грамматикасын» өз атымен төңкергелі отырғандарын, не біледі, не білмейді.

Менің айтпағым бір ғана нәрсе – 20-ғасыр басында «у» мен «й»-ді таратып жазу көптеген емлелік қиындықтарға әкелді. Оған ескі мәтіндерді оқу барысында әбден көзім жетті. 1924 жылдан кейін таратып жазу шешіміне келгенін бәріміз білеміз. Одан кейін де қалай болғанына қанықпыз. Бірақ 1924 жылдан бұрын да, одан кейін де «таратып жазу» мәселесі түбегейлі шешімін таппады. «Шешім таппады» деп отырғаным, шешімнің қабылдануына байланысты емес, содан туатын салдарды көріп айтқаным. 1924 жылы таратып жазылғанымен, одан кейінгі көптеген мәтіндерде дәл осы «й» мен «у»-ға байланысты емлелік қателіктер көп кетті.

Тіпті, Байтұрсынұлы Ахмет атамыздың өз еңбектерінде де бар (Бұл Ахмет атамыздан кеткен кемшілік емес, әрине). Мұндай қателер өзге кітаптар мен ескі қолжазбаларда тіптен көп. Оны Академиялық кітапханадағы он мыңдаған қолжазбаларды ақтарып оқып, оның емлелік ерекшелігін мұқият талдап отырғанда ғана көз жеткізуге болады. Гәп осында.

Ертең бұл жоба ғайыптан тайып жүзеге аса қалса, тіл мамандарынан басқа халық жаппай сауатсызданады. Сауатсыз жазылатын мәтіндерден ешқашан құтыла алмайтын боламыз. Жазуды нота шығарғандай ежіктеп отырып қағазға түсіретін боламыз. Мұндай сауатсыз мәтіндерге

көптеген корректорлар керек болады. Біз бит тергендей, әріп ішінен «й» мен «у»-ды іздеп, олардың қосақтарын түгендеп, қой мен қозыны жұптағандай жұптап отыратын боламыз. Мұғалімдердің жұмысы да балалардың сауатын тез ашып, жазу үйрету емес, ежіктеп буынға бөліп, ондағы қатені тексеру болады. Емлеміз «ежік емлеге» айналады. Кірме сөздерді ойлағанда, бір тілге екі емле ереже арнауға себеп болады.

Мұны жазбай танып, жаңылмай айту үшін Байтұрсынұлы, Омарұлы болу керек әр қазақ. Ол түгіл дауысты-дауыссыз, буын дегеннің не екенін білмейтін, білгісі де келмейтін қарапайым халық не істейді? Аз шығынмен көп жұмыс бітіргісі келген баспагерлер ше? Әр уақыты санаулы әріп теретіндер не істейді? Аз таңбамен көп ақпарат бергісі келген технарлар не істейді?

Қысқасы, «й» мен «у»-ды таратып жазудың пайдасы одан туатын зиянның мыңнан бірін де өтей алмайды.

Бұдан сұрау туады. Қазақ тілінде буын мен тасымалдан артқан білім жоқ па? Әлде заңдылық жоқ па? Мұны кей тұста ережемен түсіндірсе, жұрттың тілдік сауаты ашылмай, мақау болып қала ма? Бүгінге дейін жұрт қалай үйреніп келді? Тіпті, керек болған күннің өзінде де мұны орфоэпиямен үйретуге болмай ма? Жазу білетін қарапайым халық жазуды буын санап емес, дағдымен жазады, дағдымен сөйлейді. Дағдыға қарсы жұмыс жасау тілге жанашырлық па?

«й» мен «у»-ды «дауысты» деп оқып келгендер де құлаш-құлаш сөз жазып, шумақ-шумақ өлең шығарып, шабытына ештеңе шақ келмей жүр. Оны былай қойғанда, бір таңбамен 70 жыл жазып келгендер де ойын әрлеп айтып, астарлап тігуге жарап жүр. Осы емлемен оқыған жұрттан Димаштай жезтаңдай ұл, небір дала дарындары туып отыр. Бұл емлемен оқымаған Ұлы Шоқанды айтпағанда, одан бергінің қай бірін түгендейік. Демек, «й» мен «у»-ды бір таңбамен жазудың тіл білуге, үн шығаруға, ой түрлеуге, сөз саптауға ешқандай қатысы жоқ. Тіпті тіл заңын сақтауға, тілді дамытуға ешқандай кедергісі жоқ. Ол тек тарих жасаудың құралы. Бар шындық – осы.

Енді тарихи мысалға қараңыз, бір ғана «Оқу құралы» деген сөзді алайық: **1913 жылы «Оқу құралы», 1922 жылы «Оқу құралы», 1925 жылы «Оқу құралы» 1926 жылы «Оқыу құралы», 1934 жылы «Оқу құралы»**. Зер салсаңыз, тұрақты жазу нормасы бар ма? Жазу осылай бола ма?! Бұл – жазу мәдениеті жаңадан қалыптасқан елдерге тиесілі құбылыс. Біз өткенімізді көре тұрып, дәл сол қателікті қайталайық деп отырмыз.

Одан қалды, «й» мен «у»-дың мәселесін саясатқа әкеп тірейміз. «й» мен «у»-сыз, «Қызыл империяның» қазақ тілін құртуға қуаты жоқтай. Сол «й» мен «у»-ды ойлап тапқан бар зиялымызды қаймақтай сыпырып қылғып алған «Қызыл империяның» күші, тағдыры қыл үстінде тұрған қазақ тіліне, «й» мен «у»-дан адастырмаса, жетпей қалып па?

Шындығында мұның саясатпен түк те қатысы жоқ. Ол тек жазу тәжірибесі қалыптасып келе жатқан жұрттың алғашқы кездегі графикалық ізденістері ғана.

Дәуірдің дара перзенті Қ.Жұбанов «й» мен «у»-ға келгенде ақылына емес, саясатқа ерік берді дегенді айтуға қалай ғана дәтіміз барады. Шын мәнінде тіліміз бен қазақ емлесіне саясат салқынынан бұрын, салқын кімдерден тиіп жүргенін жұрт жақсы біледі.



ЕРБОЛ ТІЛЕШОВ,

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, ф.ғ.к.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ТІЛГЕ ЖАҢА СЕРПІН

Биыл тағы да жыр болған латын әліпбиінің жаңа нұсқасы ұсынылды. Премьер-Министр Асқар Маминнің айтуынша, жетілдірілген әліпби нұсқасы қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп, оның заманауи үрдістерге сай жаңаруына ықпал етеді екен. Алайда латын әліпбиіне көшу төңірегінде айтыс-тартыстар әлі толастаған жоқ. Бірі латынның жазуында кедергілер жеткілікті екенін айтса, енді бірі бұл Ресей ықпалынан шығатын ең тиімді жол деп түсінеді.

Латын әліпбиіне көшу саясат мүддесі ме?

2017 жылы 12 сәуірде экс-президент қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру туралы сөз қозғаған еді. Содан бері төрт жылға жуық уақыт өтсе де, латынның әлі лайықталар түрі көрінбейді. 28 қаңтарда «әліпбидің кезекті нұсқасы дайын» деп дабыл қаққанымен, латын әліпбиіне көшу үшін тағы да екі жыл уақыт керегі айтылды. Жаңа қаріпке бет бұру 2023-31 жылдар аралығында жүзеге асырылмақ. Созбаланған латынның сонша күттірген жұмысы қандай нәтиже бермек? Жалпы, биліктің латын әліпбиіне көшу туралы саяси шешім қабылдауы заман талабы ма, әлде саясат мүддесі ме?

Бұл туралы Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры Ербол Тілешов жаһандық үдерістерде саясат, мәдениет және ақпарат араласып жүргенін айқын аңғаратын болсақ, онда латын әліпбиіне көшу сол заман талаптарына

жауап дейді. Айтуынша, кезінде қазақ жазуының кирилл әліпбиінде болуы Ресей, кеңестік империялардың мүдделерімен тікелей байланысты болса, латын әліпбиіне көшу осы геосаяси аймақтан жалпығаламдық кеңістікке өту екенін алға тартты. «Әліпбиге көшудің жалпы тарихы, оның ішінде XX ғасырда үш рет өзгерген қазақ әліпбиінің тарихына үңілсек, онда негізінен саясаттың тікелей араласқанын анық аңғарамыз. Қазіргі әліпби реформасына келсек, ең алдымен тілдік факторларды алға тартар едік. XXI ғасырдағы адамзат дамуының үрдісінде мемлекеттер мен халықтардың мүдделері бұрынғыдан да тартысты контексте жүруде. Алпауыт елдердің саяси-экономикалық және мәдени ықпалы мен мүддесі күшеюде. Әсіресе жаңа технологиялар мен ақпараттың рөлі еселеп артқанын көріп отырмыз. Қазақстан сияқты тәуелсіз мемлекет те осындай ғаламдық үдерістердің баяны мен бағдарын аңдап, өзінше қимыл-әрекет жасауы тиіс. Осындай негізгі әрекеттің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру бастамасын үлкен жаһандық үдерістерге тікелей жауап беретін қадам деп бағалаған жөн», – дейді Е.Тілешов.

Ал саясаттанушы Сапарбай Жанғалиев латын әліпбиіне көшудің астарында үлкен саясат пен экономика жатқанын айтады. Бұл рухани құлдықтан шығудың бір жолы болмақ дейді. «Қазақстан басынан де-тоталитаризация мен деколонизация кезеңін әйтеуір өткізетіні анық. Сондықтан латын қарпіне қадам басуда саясаттың салмағы басым. Бұны Ресейдің үстемдігінен алшақтау құралы ретінде пайдаланып, жалпы түркі халықтарымен бас қосудың бастамашысы ретінде жүзеге асырмақ. Қазақ тілінің латынға көшуі – тек қазақтардың шаруасы. Сондықтан бұны көпұлтты мемлекетпіз, олар қалай қабылдайды деп қам жемей, ұлттық мүддемізге сай қадамдар жасауымыз керек. Яғни өзімізге ыңғайлысын таңдауымыз керек», – дейді саясаттанушы.

Тіл мәртебесі түбімен жойылмақ па?

Шетелдік ғалым Гога Хидаятов әліпби ауыстыру «экс-президенттің саяси ойыны» екенін айтқан. Сөзінше, қазақ тілін әлі толық білмейтін халықты латын әліпбиіне мәжбүрлеу тілдерін мүлдем өшіріп алуына апарып соғады дейді.

Осы тұрғыда Ербол Тілешов латынға көшіп, қазақ тілін үйрену қиынға соғады деген сылтау деп біледі. Керісінше, әлемде таңбалары танымал әліпбимен тіл үйренуге жеңіл болатынын айтады. «Әлбетте,

мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі өзінің толық мәртебесіне көтерілмеген шақта жаңа әліпбиге көшу біразымызға «қалай болар екен» деген сауал тудырады. Егер тілді меңгеру әліпбиге тікелей қатысты болса, онда осы кирилл әріптеріндегі әріптермен неге қазақ тілін үйреніп алмады немесе әріптердің өзгергеніне қарамастан, балаларымыз бен жастарымыз ағылшын, қытай тілдерін үйреніп жатқан жоқ па?! Осы реттен келсек, тіл үйрену тікелей таңбалық жүйеге байланысты емес екенін байқаймыз. Қазіргі ғаламдық үдеріс кирилл таңбаларының емес, латын таңбаларының танымалдығын арттыруда. Біз латын әліпбиіне ресми түрде көшпесек те, қоғамдық және тұрмыстық өмірімізге бұл әліпби әбден еніп алды. Көшедегі жарнамаларды, мекеме көрсеткіштерін, көліктердің маркаларын, сауда үйлеріндегі тауарлардың брендтік атауларын қараңыз, көбісі латын әліпбиінде. Үйдегі тұрмыстық заттарыңыздағы жазулар тағы да латында. Сондықтан латын әліпбиі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясының кеңеюіне бөгет болмайды деп ойлаймын», – дейді ол.

Қай елдің тәжірибесінен сыр тартпақпыз?

Мемлекетті латын әліпбиіне көшіруді жақтайтын мамандар басты аргумент ретінде заманауи озық технологиялар, әлемдік соңғы үлгідегі техникалар мен сауда брендтері, компьютер қызметтері толығымен латын тілінде екенін алға тартып, қазақ тілі заман көшіне икемсізденіп, өркениеттен алыстап барадыға салып отыр. Яғни қазақ тілін латын алфавитіне аударса, жаңа реформаларға мүмкіндік туып, индустрия дамымақшы. Мейлі делік. Бірақ елді толық жаңа қаріпке көшіру оңай оңалатын іс емес. Бұл тұста қай елдің тәжірибесіне сүйенеміз?

Осы тұрғыда Сапарбай Жанғалиев әлемдік дамыған мемлекеттермен тереземіз тең болу үшін алфавит ауыстыру міндетті емес дейді. Себебі танымал жетекші компаниялар латын әрпін қолданбай-ақ әлемдік деңгейге өз иероглифтерімен байланысқа шығатын көрінеді. «Мысалы, техника жағынан алдыңғы шектегі Жапония, Қытай, Корея елдері өз алфавиттерімен біраз биікке өрледі. **HONDA, SONY, LENOVA, SAMSUNG** компанияларының жетекшілері болып табылатын аталмыш елдер өз төл жазуын компьютерлерінен алып тастамай-ақ әлемге танымал брендтерге айналған. Сондықтан өркениетте өсім керек дейтін болсақ, осы елдердің тәжірибесіне зер салуымыз керек», – дейді саясаттанушы.

Бірақ бізде кімге қарап бой түзеу керегі шешіліп қойған. Ербол

Тілешовтың айтуынша, латын әліпбиіне көшу туралы талқы барысында Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан елдерінің латын әліпбиіне көшу тәжірибелері ескерілген. Алайда Қазақстандағы жағдайды аталған елдермен салыстыруға келмейтінін айтады.

— 2020 жылы әліпбиді жетілдіру жұмыстары барысында біз *Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Молдовадағы Ғағауыз автономиясы және Ресейдегі Татарстан, Башқұртстан, Хакасия, Якутия, Тыва Республикалары ғалымдарының қатысуымен екі рет семинар-кеңес өткіздік*. Ол ағайындармен үнемі байланыстамыз. Сонымен бірге интернет кеңістігі арқылы ой бөлісіп тұрамыз.

Осылардың ішінде әліпби енгізудің ілгерінді тәжірибелері Әзербайжан Республикасында екенін аңғардық. Олар үш әліпби, төрт емле-ереже ауыстырды. Осыдан байқағанымыз, бұл мәселеде бірден және түпкілікті шешім қабылдаудың оңай еместігі. Мәселе кейбір ағайындар ойлағандай оңай болса, жақсы еді ғой. Әзербайжан халқының 90 пайызы әзірбайжандар және біз сияқты емес, олардың бәрі ана тілдерін біледі, өз тілдерінде сөйлейді, жұмыс істейді. Жалпы, Әзербайжанның тіл білімі, ғылымы да жақсы дамыған.

Егер әліпби өзгерту, оның емле-ережелерін бекіте салу оңай болса, жақсы болар еді. Бірақ тіл өте күрделі, бір жазу жүйесінен екінші жазу жүйесіне көшкенде аралық қиындықтар болып тұрады. Осыны ұғынбай немесе ұғынғысы келмей, даурығып пікір айтатындар тағы болады. Бір мәселеге баға беру үшін сол құбылыстың қаншалықты күрделі екенін жақсылап ұғынып алған жөн, – дейді Ербол Тілешов.

«Латын әліпбиіне көшу – болашақты жоғалту»

Тәуелсіздік алғалы бері құр сөз болып келген латын әліпбиінің басты қағидасы «бір дыбыс – бір әріп» екені белгілі. Биыл ұсынылған жаңа нұсқада қазақ тілінің 28 дыбысы толық қамтылғаны айтылды. Алайда әріптерімізді азайтамыз деп, болашағымызды бұлыңғыр етіп, тарихымызды өшіріп алмаймыз ба? Бұл туралы саясаттанушы Сапарбай Жанғалиев тарихымызды енді айқындап келе жатқан кезде латын қарпіне ауысу теріс қадам басушылық екенін айтады. «Өзбекстан мен Әзірбайжан елінің латын әліпбиін қабылдауын мысалға алсақ, олар бұрынғы жазылған тарихын түсіне алмай әлек болып жүр. Себебі латын қарпіне ауысқаннан кейін кириллицаны ұмытып, сол қаріпте жазылған дүниелерін оқи алмай жүр. Біз де сол елдердің күйін кешуіміз мүмкін.

Латынға көшу арқылы тарихымызбен қош айтысып, болашағымызды жоғалтамыз ба деп қорқамын», – дейді ол.

Ал Ербол Тілешов, керісінше, латынға ауысу бізге жазуымызды артық таңбалар мен ережелерден арылтуға мүмкіндік беретінін айтады. Сөзінше, кейбір азаматтар латын әліпбиінің ілгерінді жақтарын ұғынбай жүрсе, оны өткінші көңіл күй, бүгін болмаса, ертең түсінеді дейді.

— **Біріншіден**, осы басы артық нәрселер тіліміздің ішкі жүйесін бұзып келді. Соның нәтижесінде тіліміздің тұтас ағзасына зияны тиді. Осыдан құтылуымыз керек пе, әлбетте, керек. **Екіншіден**, кирилл таңбасы араласқан жазуларымыз санамызға әсер етті. Өйткені тек қатынас немесе ақпарат құралы ғана емес. Тіл – халықтың жады, философиясы, психологиясы, айналып келгенде, оның ұлттық дүниетанымының тікелей көрінісі. Осыған кириллдің әліпбиіміздегі артық таңбалары әсер етті ме, әрине, әсер етті. Танымымызды өзгертті. **Үшіншіден**, әлемдік жазу жүйесінде кирилл әліпбиінің үлесі 3 пайыз болса, латын жазуының үлесі 36 пайыз және латын жазуының үлесі көбею үстінде, керісінше, кириллдің үлесі азаюда. Сонда біз көбейіп, дамып жатқан үдеріске енуіміз керек пе, әлде күйі кетіп, азайғанға жармасып отыруымыз керек пе?! Жауап түсінікті ғой деп ойлаймын. **Төртіншіден**, ғылым мен технология жаңалықтарының 70 пайыздан астамы латыннегізді әліпбилерде жасалады екен. Мұндағы кириллдің үлесі 1 пайызға да жетпейді. **Бесіншіден**, ғылым мен технологияның шартты таңбалары мен символдары, банк жүйесі, халықаралық байланыстар – барлығы да латын әліпбиінде, – дейді ол.

Сұхбаттасқан
Айжан Бүркітбаева



МЫРЗАБЕРГЕН МАЛБАҚОВ,

*филология ғылымдарының
докторы, профессор*

ЕСКІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ЛАТЫНГРАФИКАЛЫ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІМЕН ЖАЗУ ЖАЙЫНДА

Тарихи лексика – мемлекетқұраушы ұлттың, мемлекеттік тілдің бастан өткерген тарихының бейнесі іспеттес. Белгілі бір ұлт пен ұлыстың өмір салтына қажетті әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері және оларды атаушы сөздері ерекше маңызды орын алады. Оның басты себебі де белгілі. Ұлттың өзіндік бет-бейнесін сақтаушы, ұлтты ұлт ретінде сақтаушы, оны жойылып кетуден қорғаушы институттар – осы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер. Тілдің тарихи негіздері берік болған жағдайда оның болашақтағы даму жолы да жарқын болмақ.

Тіл тарихы және диалектология бөлімі қызметкерлерінің осы жолда, - мемлекеттік тілдің тарихи негіздерін берік ету жолында таяу болашақта жүзеге асыруды жоспарлап отырған жұмыстары аз емес-ті. Соның ең бастысы – қазақ тілінің тарихи сөз қорын анықтау ісі болатын. Бұл істің ең алғашқы, бастапқы кезеңінде қазақ тілінің тарихи лексикасы құрамына кіретін тілдік бірліктерді жиыстыру, жинақтау мәселесі бойынша маңызды тарихи дереккөздер, қайнар көздер құрамын айқындап алу қажет еді. Таяу жылдарда, мүмкіндік болған жағдайда, осы мақсатты жүзеге асыру үшін жұмыс жасау жобаланып отырған болатын. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің тарихына қатысты жәдігерліктердің негізгі 10 тобын қамту ойластырылған еді. Олар:

1) көне түркі графикасында, соғды және манихей жазуында сақталған көне түркі жазба мұралары;

- 2) ортағасырлық классикалық араб графикасында жазылған мұралар (М.Қашқари сөздігі, ортағасырлық қыпшақ тілі материалдары, т.б.);
- 3) ортағасырлық ескі латын графикасында жазылған мұралар («Кодекс Куманикус» нұсқалары);
- 4) ортағасырлық армян жазуында жазылған мұралар (армян-қыпшақ жазбалары);
- 5) ескі қазақ жазба тілінде жазылған араб графикалы жәдігерліктер (XVI-XIX ғғ.);
- 6) араб графикалы «төте жазуда» жазылған мұралар (XX ғғ.);
- 7) ескі-шіркеулік кирил жазуымен жазылған мұралар (XVIII-XIX ғғ.);
- 8) миссионерлер қазақ тіліне бейімдеген кирил жазуымен жазылған мұралар (XIX ғ. екінші жартысы - XX ғ. басы);
- 9) 1929-40 жылдары қолданылған латын графикалы жазумен жазылған мұралар;
- 10) қазіргі кирил қарпіндегі қазақ жазуымен жазылған тілдік мұралар.

Тілдік ескерткіштердің лексикалық құрамын зерделеу - ерекше маңызды іс болмақшы еді. Қандай тілдік бірліктің қай кезеңнен бері тілдік қолданымға енгендігін, ол үдерістің қалай жүргендігін, ол тілдік бірліктердің мағыналық құрамында ғасырлар бойғы даму барысында орын алған өзгерістерді анықтау қажеттігі айқындалған еді.

Тіларалық мәдени байланыстарға байланысты қазақ тілі тарихи лексикологиясының ерекше көңіл бөлуге тиісті нысандарының бірі – қазақ тілі мен өзге тілдер арасында орын алған алуан түрлі қарым-қатынастар болса керек. Бұл тілдердің өзара әсері, лексика саласындағы ауыс-түйістер қай дәуірде, қандай жағдайда және қай жерде болмасын, сайып келгенде, тарихи үдеріске жатады. Кірме ретінде танылатын элементтер – көне дәуірлерден басталатын қарым-қатынастардың рудименттері. Бұларды талдап көрсету еуразиялық кеңістікті мекендеген әр түрлі этностардың тарихынан, олардың қарым-қатынасы арқылы пайда болған мәдени мұраларынан хабар бере алады. Этникалық мәдениеттер арасында үйлесім болған жағдайда кірме элементтерге жол ашылады. Осыған орай, қазақ тілінің төл сөздерімен бірге ескі кірме сөздердің де жағдайы зерттелуі, қазақ тіліне бұрынғы-соңғы тарихи кезеңдерде шет тілдерден енген сөз бірліктері алынуы тиіс еді. Олардың ішінде ежелгі түркі-моңғол тіл бірлестігі кезеңінен бері келе жатқан, туыстас түркі-моңғол тілдерінен, көршілес қытай, иран тілдерінен енген, сондай-ақ, ислам дінінің қабылданып, араб

тілінің білім-ғылым тіліне айналуына байланысты, араб-парсы-түркіні синтездеген шағатай әдебиетінің кемелдене дамуына байланысты орта ғасырларда араб-парсы тілдерінен енген, яғни бұрыннан келе жатқан байырғы кірмелер де, соңғы екі-үш ғасырда орын алған тарихи жағдаятқа байланысты орыс тілінен төтенше енген кірмелер де қарастырылмақ-тын.

Енді қазақ жазуының латын қаріпті графикаға өтуіне байланысты, бұрынғы алға қойған мақсаттарымызға қосымша, қазақ тілінің тарихына қатысты жәдігерліктерді қайта кодтау жұмыстарын жүргізу жобаланып отыр. Жоғарыда аталған он топтың құрамына кіретін жәдігерліктердің қай-қайсысының да жазылу кезеңіне, жасалу тарихына, тілдік сипаттарына қатысты өзіндік ерекшеліктері жетерлік. Әрбір ескерткіш бойынша қарастырылатын транскрипциялық, транслитерациялық, орфографиялық мәселелер де жеткілікті.

Тіл тарихын зерттеу ісі мен бүгінгі күн талабына орай жәдігерліктерді латын графикасында қайта кодтау жұмыстарын ұштастыра жүргізуді жөн көре отырып, тарихи лексикологиялық, тарихи лексикографиялық жұмыстарымызды ең алдымен қазақ тілінде ескі кірме сөздер қоры мол саналатын араб-парсы тілдерінен бастауды дұрыс деп таптық. Осы ойымызды жүзеге асыру жолында соңғы екі жылда жедел жұмыс жасап, шамамен төрт мыңдай сөздік бірлікті қамтыған «Кирилл және латын графикаларында араб-парсы кірме сөздерінің түсіндірме сөздігін» құрастырдық. Сөздікті құрастыру барысында негізгі дереккөз ретінде 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» алынды. Оның себебі – бұл сөздік өзіне дейінгі барлық зерттеу еңбектері мен сөздіктердегі материалдарды зерделей отырып пайдаланған бірден бір академиялық туынды болып саналады. Сондай-ақ, Н.Оңдасынов, Л.Рүстемов, Е.Бекмұхамедов, А.Дәдебаев пен Ж.Қайырбеков, И.Жеменей, Г.Мамырбекова, А.Сейтбекова тарапынан даярланған арабы-парсы-қазақша сөздіктердің материалдары пайдаланылды. Сөздіктегі атау сөздер қазақ лексикографиясында бұрыннан қалыптасқан дәстүр бойынша бас әріптермен теріледі. Сөздің бірнеше варианты болған жағдайда, әдеби вариант атау сөз ретінде, қалғандары содан кейін жақша ішінде орналастырылады. Атау сөзден соң тік жақша ішінде сөздің араб-парсы тілдеріндегі оқылымы мен араб графикалы нұсқасы келтіріледі. Мағыналық өзгеріс болған

жағдайда, бастапқы тілдегі мән-мағынасы ашылып көрсетіледі. Осыдан кейін сөздің қазақ тіліндегі негізгі мағыналары айқындалып, олардың анықтамалары келтіріледі. Анықтамадан соң қолданым мысалдары беріледі. Сөздікте қолданылған қысқартулар еңбектің алдында, ал қолданылған әдебиеттің толық тізбесі жұмыстың соңында келтіріледі.



БАЙЫНҚОЛ ҚАЛИҰЛЫ,

филология ғылымының докторы,
профессор

ҚАЗАҚ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІН САҚТАЙЫҚ

Латын негізді жаңа қазақ әліпбиінің бекітілгеніне екі айдың жүзі болды. Қоғамдық ақпарат құралдарының бетінен бұл нұсқаны жақтаушы пікірлерден басқа «мына жері қалай болар екен?», «ана жерін әлі де ойластыра түссек қайтеді?» деген сияқты пікірлерді кездестіре алмадық. Жаңа әліпби бекуін бекіді ғой, оған қарсы емеспін. Қарсы болмақ түгілі, екі қолымды тік көтеріп, жақтаймын. Әлі де «ойласа тұрайық» деп қашанға дейін жүре бермекпіз. 1928 жылы арап әліпбиінен латын әліпбиіне көшкенде – үш ай, 1941 жылы латыннан кириллицаға көшкенде – екі ай ғана жеткілікті болған.

«Қазақ тілі латын графикасына көшуі керек» деген идея шыққаннан бастап, бұған қатты қуанғандардың бірі мен едім. Сондағы ойым: кеңестік солақай саясаттың кесірінен орыстанып, былығып кеткен қазақ тілінің грамматикалық ережелері мен сөздерінің жазылуы енді дұрыс жолға қойылатын болды деп үміттенген болатынмын. Мүмкін, сондықтан болар, қоғамның бір мүшесі ретінде мен бұл мәселеге басынан бастап-ақ белсенді түрде қатысып келе жатырмын.

Латын графикасына көшуге байланысты бірінші мақалам – «Жаңаша латын-қазақ әліпбиі» деп аталды. Бұл мақала 2003 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарларында (№3, Тіл, әдебиет сериясы) жарияланды. Онда мен ұлттық төл дыбыстарымызды **(Ә, Ө, Ү, І, Ғ, Ң)** қос таңбамен белгілеген едім. Кейбір әріптестерім «қос таңба сөздің тұрқын ұзартып жібереді» деген пікір айтты. Миға қонатын пікір болған соң, ол ойымнан айныдым.

Екінші мақалам – «Латын әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиі» деп

аталады. Бұл мақала 2012 жылы жарық көрді. Онда менің қазақ-латын әліпбиі ретінде Ұлттық комиссияға ұсынған екінші нұсқамның жайы сипатталған болатын.

Ол нұсқа мынау:

І-кесте

Реті	Кирилл әріптері	Латын әріптері	Қазақша айтылуы
1	а	a	а
2	ә	ä	ә
3	б	b	бы/бі
4	ш	c	шы/ші
5	д	d	ды/ді
6	е	e	е
7	г	g	гі
8	ғ	ğ	ғы
9	һ	h	һы
10	й	i	ый/ій
11	ж	j	жы/жі
12	к	k	кі
13	л	l	лы/лі
14	м	m	мы/мі
15	н	n	ны/ні
16	ң	ñ	ың/ін
17	о	o	о
18	ө	ö	ө
19	п	p	пы/пі
20	қ	q	қы
21	р	r	ры/рі, ыр/ір
22	с	s	сы/сі, ыс/іс
23	т	t	ты/ті
24	ұ	u	ұ
25	ү	ü	ү
26	у	w	ұу/үу
27	ы	y	ы
28	і	ÿ	і
29	з	z	зы/зі

Мен латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жобасын әзірлейтін Ұлттық комиссияның мүшесі болған емеспін. Комиссия мүшелері алғашқы мәжілістеріне басқа да мамандармен бірге мені де шақырып тұратын. Сол мәжілістердің бірінде мен өзім жасаған қазақ-латын әліпбиі

жөнінде ойларымды айта келіп, осы нұсқаны қолдарына ұстатқан болатынмын. Бірақ олар бұл ұсынысты қолдаған жоқ. Алайда көңілге тоқ санайтын нәрсе – комиссия мүшелерінің араға 10 жыл салып барып, мен ұсынған әлгі нұсқаға қайта оралғандығы.

Егер жаңа бекітілген қазақ-латын әліпбиін менің 2012 жылғы нұсқамен салыстырған болсаңыздар, өздеріңіз де байқаған боларсыздар, соңғы бекітілген латын негізді жаңа қазақ әліпбиіндегі бекітілген нұсқаның менің сол нұсқамнан көп айырмашылығы жоқ. Мен ұлтымызға ғана тән алты дыбыстың төртеуін (**ә, ө, ү, і**) умлаутпен (әріптің үстіне қатар қойылған қос нүктемен), екеуін (**ғ, ң**) бревиспен (әріптің үстіне қойылған айшықпен) белгілен..

Бекітілген жаңа нұсқада әлгі алты дыбыс төрт диакритикалық белгілермен (умлаут, бревис, седиль, макрон) белгіленіпті. Бұл төрт белгі әліпбиді үйренуші бүлдіршіндерге қиындық туғызады және ол таңбаларды жас балаларға үйрету де оңайға соқпайды. Сондықтан жаңа әліпбиге олардың төртеуі емес, алдыңғы екеуі де жеткілікті болар еді деп ойлаймын.

Менің пікірімше, бекітілген жаңа әліпбидің бірінші кемшілігі – қазақ тілінде жоқ **В, Ф** және **И** дыбыстарды әліпби құрамында қалдырып, оларға латын графикасынан жеке-жеке таңбалар берілгендігі (**V, F, I**). Әсіресе **И**-ді жаңа әліпби құрамында қалдыруға тіпті де болмайды. Себебі мұндай дыбыс қазақ тілінде мүлде жоқ. Бұл таңба – қазақ тілінде **ЫЙ/ІЙ, ҰЙ/ҮЙ** деген жуанды-жіңішкелі төрт дыбыстың қосындысын белгілейтін орыс тілінің әрпі. Мысалы, *қый* (қи), *кій* (ки), *бұлтұй* (бұлти), *мөлұй* (мөли), т.б. Сөйтіп, жаңа қазақ әліпбиін жасаушылар қазақ тіл білімінің іргесін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы өмірге әкеліп, көп жылдар бойы қазақ мектептерінде оқытылып келген 28 дыбыстың санын 31-ге жеткізіпті.

Оқырманды шошытқан нәрсе – бекітілген жаңа әліпбидің соңғы жағында берілген мына бір ескертпе: «Латынның **С, Х, W** таңбалары цитаталық принциппен жазылатын шетелдік сөздерде қолданылады» деген жазу. Сонда қалай? Дәйексөз (цитата) алмайтын адам жоқ. Әрбір дәйексөз алушы өзінің жазбаларында ескертпеде көрсетілген латынша әріптерді қолданатын болса, онда жаңа әліпбиімізде 31 әріп емес, 34 әріп болғаны ғой.

Мен ұсынған нұсқада **Х** дыбысынан басқа латынның бізге керекті әріптерінің бәрі де бар. Егер «жаңа әліпбиге **Х**-ны алмасақ болмайды» деген шешім болса, онда менің кестемде көрсеткен **Һ**-ның орнына осы **Х**-ны алмастыра салуға болады.

Жаңа әліпбидің екінші кемшілігі – **И, Й, І** дыбыстары латыншаның бірінің үстінде нүктесі бар, екіншісінде ол жоқ, бір-ақ әріппен, атап айтқанда, **І** таңбасымен белгіленгендігі. Орыс тіліндегі **И** әрпі туралы (*кино* деген сөздегі) «оны әліпби құрамынан шығарып тастау керек» дегенді жоғарыда айтқанбыз. Егер солай істеген болсақ, латынның **І** әріпі қазақтың **Й** дыбысына таңба болып қалар еді.

Қазақ тіліндегі **І** дыбысының өзіне (*іні* деген сөздегі) жеке тоқталсақ, бұл дыбыс атам заманнан бері қазақтың **Ы** дыбысының жіңішке сыңары (екеуі де – бірі жуан, екіншісі жіңішке қысаң дауыстылар) ретінде қолданылып, әліпбиімізде ылғи жарыстырыла қатар алынып келген болатын. Жаңа әліпбиде **І** дыбысы өзінің жуан сыңары **Ы**-дан алыстатылып, мүлде басқа таңбамен белгіленіпті. Қазақтың **Ы** дыбысын латынның **Ү** әрпімен белгілеген екенбіз, ендеше, осы әріптің үстіне умлаут белгісін қойсақ, ол **Ы**-ның жіңішке сыңары болып шыға келмей ме?! А, О, Ұ жуан дыбыстарын солай жіңішкертіп алған жоқпыз ба?!

Латын графикасының негізінде жасалған жаңа әліпбидің үшінші кемшілігі – кириллицадағы **У, Ұ, Ү** дыбыстары латынның бір-ақ таңбасымен (**U**-мен) берілгендігі. Рас, олардың бірінің үстіне умлаут, екіншісінің үстіне макрон (әріп үстіне қойылған көлденең сызық) белгісі қойылған. Тіпті бұл таңбалар бір-бірімен әбден шатастырылған десек те болады.

Мен «шатастырылған» сөзін білместікпен айтып отырған жоқпын. Латын тілінің өзінде **U** (үстінде ешқандай белгі жоқ) әрпі қазақтың **Ұ** деген дыбысына сәйкес келеді. Ендеше, қазақтың **Ұ** дыбысын таңбалау үшін латынша **U** әрпінің үстіне неге макрон белгісін қоюға тиістіміз? Егер макронды қоймасақ, латынның бұл әрпі қазақтың **Ұ** дыбысын таңбалаған болар еді де, ал латындық осы әріптің үстіне умлаут белгісін қойсақ, ол қазақ тіліндегі **Ұ**-ның жіңішке сыңары – **У** болып шығар еді (Жаңа әліпбиде ол осылай белгіленген).

Бар гәп орыс тілінен келген, бірақ қазақ тілінде жоқ **У** дауысты дыбысында (*бу, су* деген сөздердегі **У**) болып отыр. Мақалаларымда мен **У** қазақ тіліндегі **ҰУ, ҮУ, ЫУ, ІУ** деген төрт дыбыстың қосындысын таңбалайтын әріп дегенді ылғи айтып келемін. Мысалы, **ҰУ** (*жұл+ұу*), **ҮУ** (*күл+үу*), **ЫУ** (*қыр+ыу*), **ІУ** (*кір+іу*). Егер қазақ тіліндегі **У** дыбысы біздің нұсқамызда көрсетілгендей, латынның **W** әрпімен белгіленсе, бәрі де өз орнына келген болар еді. Мысалы, *baw, taw*, т.б.

Жаңа әліпбидегі төртінші кемшілік (егер оны кемшілік деуге болатын болса) – қазақ тіліндегі **Ң** дыбысын белгілеу үшін латынның **N** әрпіне,

қазақ тіліндегі **Ш** әрпін таңбалау үшін латынның **S** әрпіне арнайы құйрық салынғандығы. Біздің ойымызша, әріптердің сыртқы түрпаттарының түрлерін көбейте бергенше, **N, S** әріптің үстіне айшақ белгісін қойсақ та жарар еді. Немесе жоғарғы мақаламызда біз ұсынғандай қазақ тіліндегі **Ш** дыбысын латын әліпбиінде бар **C** әрпімен таңбаласақ та болатын еді (Әріптің шартты таңба екенін ұмытпайық).

Егер жаңа қазақ-латын әліпбиіне сонау 2012 жылы мен ұсынған нұсқа негізге алынатын болса, онда Ахмет Байтұрсынұлы белгілеп берген 28 дыбысты құптаған, жақтаған, мойындаған болып табыламыз. Менің «қазақ дыбыстарының ерекшеліктерін сақтайық» деп айтып жүргендегі наным-сенімдерім осы.

Мен өз атымнан 29-ыншы дыбыс ретінде *ah, oh, uh* деген сияқты одағай сөздерде кездесетін ерекше дыбысты таңбалау үшін **h** әрпін алған жөн дегенді айтқанмын. Жаңа әліпбиде **h** мен **X** әріптерін қазақ тілінде қатар қолдануды ұсыныпты. Одағай сөздерді дұрыс жазу үшін бұл екі әріптің біреуі де жетпей ме? «Екеуін бірдей қатар алудың не қажеті бар еді?» деген ой мені мазалай береді (Мұны тағы да сол баяғы орыс тіліндегі **X** дыбысынан айырылмаудың амалы шығар деп топшыладым).

Қорыта айтқанда, соңғы бекітілген қазақ-латын әліпбиі бұрынғы нұсқаларға қарағанда әлдеқайда жаңартылған және жетілдірілген. Егер келешекте оның осы мақалада айтылған олқы тұстары ескерілсе, жаңа әліпби жетілген үстіне жетіле түскен болар еді және мұндай әліпби қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес келер еді. Сондай-ақ жаңа әліпбиді жасаушылар тек «тіліміздегі сөздерді қалай жазамыз» дегенді ғана көбірек ойлай бермей, олардың «ол әріптерді қайтсек оқушыларға үйрету оңайға түседі» дегенді де есте ұстағаны абзал болар еді.

Шындығына келгенде, жаңа әліпбиді түзушілердің **И** мен **У**-дан қол үзе алмай жүрген себебі – тілімізге осыған дейін еніп үлгерген сан мыңдаған орыс сөздерін қалай дұрыс жазамыз деген уайым ғана. Одан гөрі, «қазақ тілінің **о** бастан қалыптасқан дыбыстық заңдылықтарын қайтсек сақтаймыз» деп ойласа ғой, шіркін, онда олар бекітілген жаңа қазақ-латын әліпбиіндегі **И** мен **У** дауыстысын (**У** дауыссызын емес) және **В, Ф, Х** әріптерін әліпби құрамынан баяғыда-ақ шығарып тастаған болар еді.



СӘЛИМА КЕНЖЕМҰРАТОВА,

*Ш. Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығының
ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*



ЖҰПАР ЖАҚАНОВА,

*Қарағанды облысының тілдерді
оқыту орталығы жанындағы
Ресурстық тіл орталығының
бөлім меңгерушісі*

ӘЛІПБИДІ ҮЙРЕТУДІҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру туралы Елбасы жарлығы шығып, әліпби нұсқаларын халыққа түсіндіру, насихаттау шарасы қолға алынғаннан бастап, мемлекеттік тілді үйретіп жүрген оқытушылар латынға негізделген әліпбиді тиімді оқыту мәселесі төңірегінде түрлі инновациялық жобаларды өмірге әкелді. Сөйтіп, қосымша диакритикалық таңбалар арқылы жазылатын әріптерді жазып үйрету, оқылым дағдысын жетілдіру тәжірибесі біршама қалыптасып үлгерді деп айтуға болады. Тіл мамандары үшін ұйымдастырылған насихат шаралары, онлайн семинарлар жаңа әліпби құрамымен таныстыруға бағытталды. Тәжірибе жинақтау үшін бұл ісшаралардың барлығы маңызды деген ойдамыз. Өйткені әдістеме тәжірибе негізінде жетіледі, тәжірибе барысында әліпбиді оқытудың ұтымды және ұтымсыз жақтары айқындалады. Бекітілген әліпби нұсқасы мен мақұлданған емле ережелерді үйретудегі атқарылатын ісшаралар жұмысымыздың нәтижелі болуына ықпал етері сөзсіз.

Жетілдірілген әліпбидегі диакритикалы әріптердің тіл заңдылығына сай орынды қолданылуы біршама әдістемелік мәселелердің жылдам шешілуіне ықпал етеді. Әдістеме ғылымында диакритиканың кез келгенін, мәселен, *умлаут, бревис, седиль, макрон* және тағы басқаларын

үйретудің тиімді жолдары көп болса да, оқыту ұстанымдарын басшылыққа алу қажеттілігін естен шығармаған абзал.

Өз заманында талапқа сай әліпби түзген ғалым Ахмет Байтұрсынұлы: «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек.....», - дейді. Иә, әріптерді тез танып, таңбалау үшін әліпбидің ұтымды болуы керек. Осы орайда әліпбиге байланысты ғалымдардың соңғы кездері жарыққа шыққан мақалаларын зерделеу нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесін анық көрсететін басқа да диакритиканы таңдау мүмкіндігі бар екеніне көзіміз жетті. Нәтижесінде, жіңішке дауысты дыбыстар үшін *умлаутты*, диграф орнына *седиль диакритикасы* бар таңбаны, жуан еріндік дауысты дыбысқа *макрон диакритикасын*, ұяң дауыссызға *бревисті* қолдануға болатындығы жайлы ғалымдар пікірі бір арнаға тоғысып, аталған диакритикалық таңбалар әліпбиден өз орнын алды. Ендігі жерде диакритикалы әріптерді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ойластыру әдістемешілердің негізгі міндеті болмақ. Бұл ретте латынға негізделген қазақ әліпбиін тіл иелмендері мен өзгетілділер үшін меңгерту әдістемесі жайында да ойлануымыз қажет. Осы екі бағыттағы әдістеменің талаптары екі түрлі болғандықтан, соңғысы көп ізденісті қажет етеді. Ең бастысы, тілді оқытуда өзгетілділердің қазақ тілі бойынша жүйелі фонетикалық түсінігін және сөйлеу кезінде дыбыстарды дұрыс айту дағдысын қалыптастыру.

Тілдің фонетикалық жүйесін оқытуда *аппроксимация* деген ғылыми ұстаным бар (ол лат. *proxima* – *шектес, жақындау*). Ол аса қарапайым және бастапқы нұсқасына жақын белгілі бір нысанды екінші бір нысанмен ауыстыру дегенді білдіреді. Бұл ұстанымды өзгетілділерге латын-графикалы қазақ әліпбиінің дыбыстық жүйесін үйретуде басшылыққа алу қажет. Мәселен, өзгетілділердің қазақ әліпбиіндегі дыбыстарды дұрыс айту, сөйлеген кезде дұрыс дыбыстау білігін тіл иелмендерінің дыбыстау деңгейіне жақындату әдістемелік шеберлікті талап етеді. Әрі қарай дыбысты әріппен таңбалай білу, каллиграфиялық талапқа сай жазу, емле ережесі бойынша қатесіз жазу, көз жүгіртіп оқу дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ сайын ұтымды әдістермен жаттығулар орындалу керек.

Оқу-жазу білігі мен дағдыларын қалыптастыру оқытудың жүйелілік ұстанымынсыз жүзеге аспайтыны белгілі. Аталған ұстаным бойынша әліпбидегі әріптерді меңгертуде қарапайымнан күрделіге қарай

үйретудің бірізділігі сақталады. Бұл ретте дауысты және дауыссыз дыбыстарды модульмен оқыту, яғни дауысты дыбыстарды жуан-жіңішкелігіне қарай жұппен, дауыссыз дыбыстарды «қатаң-ұяң-үнді» деп өзіндік диакритикалық белгілеріне баса назар аудартып оқыту әліпби үйретуде жоғары нәтиже берері анық. Мәселен, *умлаут* неміс, түрік, әзірбайжан, түркімен тілдерінде жіңішке дауыстыларды, *бревис* әзірбайжан, түрік тілдерінде ұяң дауыссыздарды, *седиль* түркімен, өзбек, түрік тілдерінде тіл ұшы, қатаң дауыссыздарды, *макрон* созылыңқы дауыстыларды таңбалау үшін қолданылады. Осы елдердің тәжірибесіне сүйене отыра, әліпбиімізде жіңішке дауыстылар үшін умлаут, жуан **ұ**-ны белгілеу үшін берілген макрон, ал **ш** дыбысын таңбалап тұрған седиль, **ғ** дыбысына берілген бревис диакритикасын оқытып, үйрету үшін жүйелілік және ғылымилық ұстанымдарын басшылыққа алу қажет. Әліпбиде әріпүсті диакритикалармен қатар, әріпасты таңбаларды да қолдану арқылы жүйелілік ұстанымы сақталған.

Сөзімізді түйіндер болсақ, ұлттық әліпби түзуде түрлі диакритиканы қолдану ғылыми, жүйелілік принциптеріне негізделуі – басты шарт. Осы ұстанымдар басшылыққа алынған кезде ғана тіл иелмендеріне, орыстілділер мен ағылшынтілділерге қазақ тіліндегі ерекше дыбыстардың диакритикалармен таңбалануын жеңіл үйретуге болады. Бүгінде шеттілдерін жетік меңгерген қазақ жастары үшін соңғы жетілдірілген әліпби нұсқасын тіптен тез игеріп кете алатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Осыған сәйкес тілдің 5 деңгейі бойынша латын графикалы қазақ әліпбиін оқытудың әдіснамасын қалыптастырып, нормативті құжаттарын дайындау жұмыстары болашақтың еншісінде деген ойдамыз.



ЭЛЬМИРА ОТЕБАЕВА,

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
Этнолингвистика бөлімінің
жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

АКАДЕМИК Ә.ҚАЙДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СӨЗДІГІ ЖАЙЫНДА

Қазақ тіл білімінде алғаш рет қазақ этнолингвистика саласында жинақталған тәжірибені теориялық әрі практикалық тұрғыдан тиянақтап қорытындылаған, тиісті ғылыми талдау жүргізген академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың есімі ерекше.

Академик Ә.Қайдардың қазақ этнолингвистикасына арнаған зерттеулерінің нәтижесі ретінде **«Қазақтар: ана тілі әлемінде»** (этнолингвистикалық сөздік) үштомдық Адам. Қоғам. Табиғат атты лексикографиялық зерттеуі өзінің өзектілігімен де, ғылыми-практикалық мәнімен де қазақ тіл біліміндегі, тіпті қоғамдық ғылымдар саласындағы күрделі де деңгейі биік жұмыстардың санатына жатады. Бұл еңбек қазақ тіл білімінде ғана емес, түркі тіл білімінде ерекше мәдени құбылыс болып саналады. Сөздікте адамға, қоғамға, табиғатқа байланысты тілдік бірліктер, яғни лексика-фразеологиялық, паремиологиялық және басқа да қолданыстар тақырыптық жағынан топтап, жүйелеп, әрқайсысына түсініктеме, анықтама берілген. Нәтижесінде сол анықтамалар мен түсініктемелерден халқымыздың өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, ұғым-түсініктері, мәдени-рухани болмысы, сана-сезімі, білімі, талғам-таразысы, ақыл-парасаты, әдет-ғұрыпы, салт-дәстүрі – бәрі-бәрі түгелдей көрініп тұр.

Алфавиттік сөздіктердің қай түрі болмасын, өз принципіне байланысты этнос әлеміне тән ұғым-түсініктердің бәрін аталуына қарай алфавит тәртібімен орналастырып, оларды о баста пайда болған өз «ор-

тасынан» да, ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи жүйесінен де бөліп алып бас-аяғын араластырып беруге мәжбүр. Алфавиттік сөздіктерден әркім өзіне қажетті сөзді оның айтылуы мен жазылуын дұрыс білгенде ғана тез іздеп таба алады. Бұл оның, әрине, бір артықшылығы. Мәселен, түсіндірме сөздіктерден шипалық, емдік қасиеті бар шөп атауларын қарағыңыз келсе, том-том сөздікті түгел ақтарып, реестр сөздердің анықтама-түсініктемесімен түгел танысу арқылы ғана табуға болады. Түсіндірме, аймақтық, терминологиялық т.б. сөздіктер этнографиялық лексиканы бір шама қамтығанымен, оны арнайы сөз етпейді және кез келген сөздер мен сөз тіркестерінің номинативтік мағынасынан тыс, оның сыртында тұратын этнографиялық ұғым-түсініктерді түгел ашпайды және ол туралы толық мәлімет бермейді. Себебі бұлардың бәрі ол сөздіктердің ғылыми принципі мен мақсатына жатпайды.

Ғалымның этнолингвистикалық сөздігінен өзіңізге қажетті сөздерді оның мағына, түсінігі арқылы іздеп, ол жататын тақырыптық топтардың жүйесінен тез тауып аласыз және сол сөзді қоршаған контекст арқылы оған қатысты басқа да мағлұматтармен таныса аласыз. Мұнда тілдік фактілер әдеттегідей алфавит тәртібімен емес, белгілі бір ұғым, түсінікті білдіретін негізгі мағыналық бірліктермен бірге туынды және қатысты мағыналық бірліктердің топтастырылып, негізгі мағыналық бірліктің ұғым-түсініктері түгел ашып түсіндірілген.

Адамның болмыс-бітімін, табиғатын сипаттауға арналған еңбектің «Адам» деп аталатын 1-томы адамның ана құрсағында жатқан сәтінен, өмірге қадам басқанынан бастап тұрмыс-тіршіліктің ащы-тұщысын өткерген жанның бақиға дейінгі тағдырын, өмір-тіршілік етуіндегі қасиеттері мен ерекшеліктерін тіл байлығындағы сөздер мен сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, бейнелі сөз орамдарымен көрсетілген тілдік бірліктердің мағынасын ашып түсіндірілген. Мәселен, ғалым көңілді адамның саналы ғұмырына қажетті адамдық фактор, оның тіршілік-тірлігінің қалып-күйін анықтап отыратын камертон, адам өмірінің ең жоғарғы талаптарға сай өтуінің ұйытқысы, жұмыр басты пенденің пендешілігі мен инсандық-іс-әрекетін саралап, зерделеп отыратын безбен іспетті, нәзік те сезімтал жүрек сыры, жан дүниесі дейді. Сол «көңілдің» өзінен туындаған ұғымдардың өзі – тілімізде бірнеше жүз. Сөздікте ер көңіл, ала көңіл, алауыз көңіл, екіұдай көңіл, жар көңіл, сұлық көңіл, сынық көңіл, шын көңіл, ынтазар көңіл т.б. түрлері сипатталса, көңілге қатысты жүзден аса ұғымдардың мағынасы ашылған. Сөздікте үш мыңға

жуық мысалдармен Адамның жағымды-жағымсыз қасиеттері сипатталып, адамның тек физиологиялық қасиеттеріне қатысты ұғымдарды бейнелейтін бір жарым мыңдай бірліктер талданған. Мысалы, алқалау (дөңгеленіп отыру), ілдебайлау (шүкіршілік ету), аттандау (атқа қону), құмжілік болу (жүдеу), алағаттану (құбылу) т.б. сөздерді қазіргі жастар көп қолдана бермейді.

«Күлкі» мен «күлу» адам табиғатына тән бір құбылыстың екі түрлі көрінісі. Қазақ этносының болмысында қалыптасқан күлудің түрлері мен уәждері де, мән-мағынасы да көп. Ол ауыз қуысанынан құбылып шығатын дыбыстар мен дененің қимыл-қозғалыстарына қарай алуан түрлі өзгертін өте күрделі психологиялық құбылыс. Ғалым еңбегінде күлудің 120 түрі берілген. Мысалы, әзілдеп күлу, барылдап күлу, босқа күлу, ду күлу, езуінен күлу, жондана күлу, жымыып күлу, иығымен күлу, миығынан күлу, мысқылдап күлу, солқылдап күлу, ырбиып күлу, ішінен күлу т.б. Арзан күлкі, зәлім күлкі, зілді күлкі, қымбат күлкі, қыран күлкі, назды күлкі, парықсыз күлкі, риясыз күлкі, сылқым күлкі, сайқал күлкі, шынайы күлкі, ызғарлы күлкі т.б. Қараудың 119 түрі берілген. Мысалы, ақия қарау, бажайлап қарау, бақшия қарау, жасқана қарау, жаутаңдап қарау, имене қарау, кіржие қарау, қимай қарау, қисық қарау, мекірене қарау, оқырана қарау, сыздана қарау, телміре қарау, тінте қарау, т.б.

Тіл адам санасында сақталатын көпқырлы, жан-жақтылығы басым құбылыс. Адамзат тіл әлеміне терең бойлап, бүкіл құндылықтарға өзі төреші болады, өзі жеткізуші болады. Ана тілі, әке тілі, байланған тіл, білім тілі, дүбара тіл, жалғамалы тіл, жетелі тіл, қотыр тіл, шақпа тіл, ым тілі деп келетін тілдің 98 түрі мен оларға қатысты ұғымдар талданған. 1000-ға жуық ақтық сөз, алыпқашпа сөз, бұралқы сөз, ереуіл сөз, желбуаз сөз, жартыкеш сөз, қасам сөз, қаңсық сөз, сөлекет сөз, түрткі сөз, ұялы сөз, шырмау сөз т.б. сөздің түрлері талданған.

Жалпы адам баласына келетін, ұшырайтын, тап болатын өлім бірақ сөзбен айтылса да, оның өмірде байқалатын түрлері мен көріністері өте көп. Ғалым өлімге қатысты қазіргі тілдік қолданысымызда кездесе бермейтін «Топырақты өлім» тіркесіне қатысты өз ойын былай ашып берген. «Қазақ салтында «Торқалы той, топырақты өлім» деген тұрақты тіркес той болған жерде бар болса, шалқыған байлық пен асып-тасқан дәулеттің бір көрінер хақтығын, ал өлім-жітімде жер қазып, марқұмның бетін топырақпен жабу рәсімінің болатындығын паш етіп тұр. Бұл тіркестің түпкі мәні: өмірде қуаныш пен реніш, сән-сәулет пен



сәтсіздік қатар жүретінін ескерту. Бүгінде осы тіркесті бөлшектеп, дұрыс қолданбау, яғни «Топырағың торқа болсын!» деп марқұммен қоштасу жиі кездесіп жүр. Бұл – «мағыналық контоминация» деп аталатын құбылыс. Дұрысы «Топырақты өлім» – топырақтан пайда болған адамды топыраққа қайтаруға байланысты қайғы-қасіреті, қиыншылығы мол рәсімді орындауға қатысты ұғым».

Академик Әбдуәли Қайдардың бұл еңбегі қазақ топырағында жаңаланып, жаңғыра бастаған өмірдің бел ортасында болатынына, үш бірдей буынның тағдырына қызу араласып, орта буын өкілдеріне – ұлтжандылық сезім сыйлап, рухани тұрғыдан марқая түсуіне, ал бүгінде егде тартқан ұрпаққа дұрыс қартая білудің ата-бабадан қалған жөн-жоралғысын аңғартатын тағлымнама. Жойылуға айналған ұғымдарды немесе мағынасы солғындаған, тіпті тілімізде өзі сақталса да, халықтың есінде, жадында оның бір замандағы айқын-анық лексикалық мағынасы ұмыт болған тіпті айтылудан қалған көптеген ұғымдар мен атауларды ғылыми айналымға енгізіп отыр.



СЕРІК ЕРҒАЛИ,

Қоғам қайраткері, тілтанушы

«ДВОИНИКТИҢ» БАЛАМАСЫН «СЫҢАРЛАС» ДЕУГЕ ӘБДЕН БОЛАДЫ

Екі жыл бұрын «Айқын» газетінде Тұрсынмәмет НҮСІПХАНҰЛЫ деген тілші Қостанай облысынан **«ЕЛБАСЫ ЕЛДЕГІ «ЕГІЗІМЕН» КЕЗДЕСТІ»** деген тақырыппен мақаласын жариялапты. Мен президентте қайдан егіз бала бола қойды екен деп ойлап қалдым. Бақсам, тілшінің айтып отырғаны **«ДВОЙНИК»** жөніндегі әңгіме екен. Алайда, біздің жарияшымыз егіздің біреуі екіншісіне «сыңар» болатынын білмей, орысша мағынасындағы «близнец/близняшка» ұғымын тікелей «егізбен» алмастыра салған. Жалпы бұл қате кәзіргі қазақ журналистерінің көбіне ортақ.

Қатені жіберген тілші үшін де, редакция үшін де мынадай лингвистикалық сауаттандыру жасауға тура келді: "егіз" дегеніміз - дүниеге екі адамның бір анадан туылуы. Мұндай «егіздету» саны 3-тен жоғарылағанда, бұл туыстықты **үшем, төртем, бесем...** деп кете береді.

Ал, бұларды жалқылай алғанда қазақша **«сыңар»** деп атайды, ал ол ұғым орыс тіліндегі нұсқасы «близнецпен» айтыла береді. Қысқасы, қазақ тілінде бір анадан (енеден) туған бірнеше адамға, айуанға қатысты жалпылап: **егіз** және **N+«ем»** (мұндағы N=3,4,5...) сөздерімен берілсе, олардың жіктеп, жекелей алғанда, **«сыңар»** сөзін қолданады. Сыңар сөзі **«жұп»** ұғымына да қатысты айтылады. Орыс тілінде **«жұп»** ұғымының сыңарын да **«пара»** («Моя пара») деп айта береді, оларда жекелей ұғымға арналған сөз жоқ.

Алайда, **СЫҢАР** деп бір бірінен ажыратуға болмайтын жағдайға қатысты мағынадағы ұғымдар айтылады. Егіздің сыңарындай, «жұп» сөзінен жұбай туындайды. Сондықтан біреу өзінің «егізімен» кездесті десек, ол егіз бала туып алған екен деп қалуға болады. Ал, шындығында «двойниктің» қазақша баламасы болуы керек, оны тілімізден ышқына іздесек, табылары сөзсіз. Бірақ «двойник» - егіз де, сыңар да емес. Мәселен «Егіз лебіз» шоуындағы жұптарды жеке алғанда «сыңар» деуге болады.

Терминологияда да «двойник» ұғымы бар, оны жасанды «телқосақ» сөзімен берген, алайда «телу» етістігі мен «қосақты» қосқанда «двойник» шыға қоймайды, себебі, двойниктің басты рөлі бір-біріне ұқсау немесе бір қызметті бірігіп атқару және оның саны екеуден көп болуы мүмкін. Адамға қатысты «двойниктерді» телқосақ атау ерсі.

Негізінде белгілі бір негізгі ортақ кейіпке қатысты мағынаны қазақ тілінде -лас, -лес, -тас, -тес жұрнақтары арқылы беріледі: **көрші+лес, қоңсы+лас, ат+тас, көңіл+дес, жер+лес, СЫҢАР+ЛАС** ... Ендеше «двойниктің» баламасын «**сыңарЛАС**» деуге әбден болады, себебі, «двойник» туа бітті сыңар болмағасын жай ғана сыңарлас, яғни ұқсас әрі бір функцияны ортақ атқаратын нәрсені білдіреді. Демек оны басқа терминге де қолдану мүмкіндігі зор.

АХАҢНЫҢ «ӘЛІПБИ», М.ДУЛАТОВТЫҢ ТҮРКІСТАНҒА САПАРЫ



Жұмат Әнесұлы,
ақын, жазушы,
ҚР Құрметті журналисі

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарық көргелі еліміздің руханият пен мәдениет саласында кешенді жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Телегей теңіз тарихымыздағы бедерлі іздер, ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлері түгенделіп, археологиялық, ғылыми-зерттеу салалары да серпін алды. Халқымыздың ардақты тұлғаларының есімдерін әспеттеу, еңбектерін қалың жұртшылыққа насихаттау ісі де атқарылуда. Осы орайда еліміздің құрметті журналисі, ақын, жазушы Жұмат Әнесұлының «Ахаң мен Жахаң салған азаттық жолы» атты повестінен Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың саяси қайраткерлік істерін баян ететін үзінділерін ұсынуды жөн көріп отырмыз.

Редакциядан

1911 жылдың маусымы. Орынбор. А.Байтұрсынұлы інісі Міржақыптың Семей түрмесіне қамалғанына көңілі алаңдаулы. Қазақ даласында даңқты ақын, жазушыға айналған, жастығына қарамастан, ел жоқтаушысы болып, қайраткер тұлғаға айналған Міржақыптың қасында жоқтығын Ахаң терең сезінді. Газеттерге «Кінәсіз қамалған ақын» атты мақала да жазды. М.Дулатовты жақсы білетін, бұрын Ресей Думасының



депутаты болған, Самарада жүрген Әлихан Бөкейханға, Жетісудан айдаудан оралған семейлік заңгер Жақып Ақбаевқа М.Дулатовқа көмек көрсетуді сұрап, бірнеше рет хат жазған.

Ахаң солардан жақсы хабар күтіп әлек (Өзі болса, Орынбор жандармериясының нұсқауы бойынша қаладан шығуға құқы жоқ).

Ахаңның қолы бос уақыттары жоқ десе де болады. Оны қатты алаңдататыны қазақ жағдайы. «Айқап» журналына «Тағы да халық соты туралы», «Земство жайында», «Қазақ жерін алу туралы низам» атты сол кездің күрделі мәселелерін сөз еткен мақалалары жарияланған.

Мақала жазудан басқа, ұлт келешегі үшін ең маңызды мәселе қазақтың төл әліппесін жазып шығуды армандап келе жатқанына он жылдай уақыт болған.

А.Байтұрсынұлы қазақтың төл әліппесі болмай сауатын ашуы екіталай болатынын жан-тәнімен түсінген. Өзінің мектептерде қызмет еткен көп жылдық ұстаздық тәжірибесі, Ахаңды «Қазақтың төл әліпбиі оқулығын жазуға жетеледі.

Ахаң қазақтың әліпбиін жазуға кіріскеніне екі жылдай болған. Орыстың грамматикасын, парсы, араб сөздерінің жазылуы мен оқылу заңдылықтарын біраз зерттеді. Түркі тіліне лайықталған шағатай әліпбиінің ерекшеліктерін талдаған. Ең соңында қазақ сөздерінің дауысты және дауыссыз дыбысталуын зерттеп, соған лайықтап араб ғаріптерін негізге алып, 28 ғаріптен тұратын қазақтың төте әліпбиінің оқулығын түзіп шықты. А.Байтұрсынұлы өзі жазып шыққан жаңа «төте әліпбиін» Орынбордағы медресеге оқуға түскен балаларға апарып, арап әліпбиін меңгеру мен жаңа әліпбиді оқып үйренудің айырмашылығын тексеріп көрген. Жаңа «Төте әліпбиді» балалар бір айда үйреніп, толық оқи алатын дәрежеге жететінін Ахаң да, медресе ұстаздары да көрді.

1912 жыл. Орынбор, А.Байтұрсынұлы «Төте Әліпби» оқулығын қаладағы Каримов типографиясына басып шығаруға берген. Жаңа оқулық кітаптар қаңтар айында баспадан шыққан. Ахаң ол жаңа оқулықтарды Қазан, Уфа, Орынбор қалаларындағы медреселерге, болыстықтардағы медресе, мешіттерге, бала оқытатын имамдарға таратты. Кітап таратылғаннан кейін, екі-үш айдан кейін медресе, мешіттерден, жеке имамдардан «Төте Әліпбиді» балаларға үйрету мен оқыту әлдеқайда жеңіл екенін жазған хаттар келіп, Ахмет Байтұрсынұлын қуанышқа бөлеген. Көп жыл ойластырған арманы жүзеге асқанына ерекше қуанып,

мойнынан бір ауыр жүк түскендей әсер алған. Ахаң сол қуанышпен Бәдрисафаны шақырып алып, өз әліпбиін жарына үйретуге кіріскен. Бәдрисафа ынталы «оқушы» болып, күн сайын бес ғарып жаттап, әліпбиді меңгере бастаған еді. Бір күні үйге төрт-бес жас жігіттер келді. «Уфа медресесіне қазақ ауылдарынан барып, оқуға түскендерін» айтты олар. Сосын Ахаңды шырамытып, иіліп, «Ассалаумағалейкүм» деп сәлемдесіп:

– Сіз «Әліпби оқулығын» жазған деп естіп, сол оқулықты қалай алуға болатынын білейік, деп келіп едік, – деген олар. Ахаң балалардың сәлемін жылы қабылдап, медреседегі оқуларының жемісті болуына тілек білдіріп:

– Сіздер айтып отырған «Әліпби» қазір менде жоқ. Оны осы қаладағы Каримов деген кісінің типографиясынан таба алуларыңыз мүмкін, – деген.

Уфа медресесінің шәкірттері соған да ырзалықтарын білдіріп, Бәдрисафа апаларының қолынан шәй ішкен...

А.Байтұрсынұлының Орынборға жер аударылуы

1910 жылдың сәуірі. Семей қалалық түрмесінің алдына бір топ адам жиналған. Олар Ахаңды, Бәдрисафаны Орынборға шығарып салушылар. Арасында М.Дулатов, ерлі-зайыпты Құлжановтар бар. А.Байтұрсынұлын Семей жандармериясы соттан кейін, Орынбор жандармериясының бақылауына апарып тапсырмақ. Бәдрисафаға Ахаңмен бірге баруға жандармерия рұқсат берген. Әне, екі конвой Ахаңды екі жағынан қоршап, жабулы ат арбаға қарай алып келеді.

Жұрт Ахаңмен көрісіп, қоштасуда. «Амандықпен жолығуға жазсын» деп жатыр әрқайсысы. Міржақып ағасына жақынырақ келіп:

– Аға! Сізге жайсыз хабар айтуға мәжбүрміз. Осы күнге дейін жеңгем де, мен де сізге айтуға батылымыз бармай келген.

– Не боп қалып еді? – деп, Ахаң бір үрей жайлаған реңмен сұрағанда, Міржақып:

– Әкеміз Байтұрсын өткен жылы наурыз айында дүниеден өткен! Ахаң үнсіз көз жасына ерік беріп, іштегі күйігі шығып, өксіп, Міржақыпты құшақтап тұрып:

– Әкемнің жылы да өтіп кеткен екен. Ұлының түрмеде отырғанын, шарасыз болғанын білмей кетті-ау, қайран, әкем! Орынборға мені жер аударды ғой. Ол жерден де мені елге барып қайтуға жібермейтін шығар?

– Аға оны сонда барғасын билік басындағылармен сөйлесіп, шешіп көрерсің. Ахаң Міржақыпты құшақтап тұрып, інісіне:

– Шешеме көңіл айтып, қамаудан шыққанымды, Орынборға жіберілгенімді айтып хат жазарсың?

– Әрине, аға! Бүгін жазамын!

Жиналғандар Ахаңның қайғысына ортақтасып, көңіл айтты. Әйелдердің ішінде көздеріне жас алып, жылап тұрғандар да болды.

Жұрт Ахаңмен қоштасып, Ахаң мен Бәдрисафа конвой отырған жабық арбаға мінді. Бет алыстары Орынбор. Семей мен Орынбор арасында әр он сегіз шақырым сайын орналасқан пошта бекеті бар-тын. Конвойлы арба сол бекеттерде аз тыныстап, ат ауыстырып отырады.

Міне, Ахаңдар мінген конвойлы ат арба Павлодар бағытында орналасқан бірінші бекетке де жетіп қалған.

Ахаң әкесінің қайғысынан айыға алмай келе жатқандай, үнсіз, мұңды... Арбаның дөңгелегінің шикылдаған үніне ұзақ-сонар құлақ түріп келеді.

«Оян, қазақтың» кәмпескеленуі, М.Дулатовтың Түркістанға сапары

1911 жылдың қаңтары. А.Байтұрсынұлының «Маса» атты кітабы мен М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы өткен жылы баспадан шығып, қазақ елінің түкпір-түкпіріне дейін тарап, Ахаң мен Жахаңның даңқы жер жарған кез болатын. Ресейдің І-ші және ІІ-ші Думасына депутат болған «қазақтың атақты тұлғалары, Омбы, Орынбор губернияларында оқыған зиялылары, Семейдің белгілі болыс-билері, сондай-ақ, Абай Құнанбаевтың «Өлеңдерін» жарыққа шығарған Тұрағыл мен Шәкәрім Құдайбердіұлынан, Омбыдағы Әлихан Бөкейхановтан құттықтау хаттар қардай жауып кеткен еді. Орынборда Ахаң мен Жахаңды танымайтын адам болмады. Ахаң мен Жахаң қара костюм мен бантик байлап, пәуескемен кетіп бара жатқанын көрген жұрт иіліп сәлемдесетін. Міржақып «Бақытсыз Жамал» романы кітап боп шыққанда, бар болғаны 25 жаста еді. М.Дулатов алғашқы романының беташары өткеннен кейін, «Орынборға жақын» деп Қызылжар қаласындағы оқу-ағарту саласына қызметке орналасқан. «Қуаныш пен күйік қатар жүреді» деген рас?!».

Міржақып Орынбор мен Омбы губерниясының жандармериясы «Оян, қазақ» кітабын кәмпескелеу туралы жарлық шығарыпты дегенді осын-

да жүріп құлағы шалған. М.Дулатов жас та болса, ел келешегі үшін белін буып кіріскенін өзі жақсы сезінетін. «Не болса да, бір қауіп маған төнейін деген екен, барып көрейін» деп, жиынып, Семейге жол жүріп кеткен. Тыңшылар қалаға келгенін хабарлаған болуы керек, сол жолдан түскен бетінде тұтқындап, Семей түрмесіне жапқан.

Түрмеде тергеу жүрізген Ерофеев деген жандармерия офицері қазақша біледі екен, сұрақтарды қазақша қойды:

- «Оян, қазақ» кітабыңыздың конфескеленгенін естідіңіз бе?
- Жоқ, естіген жоқпын.
- Бұрын Семейде пәтерде тұрған үйіңізден он кітабыңыз конфескеленді, қалғандары қайда?
- Кітап өткен жылы әр тарапқа тарап кеткен, менің өзімде де бір кітап жоқ.
- Цензура осы кітабыңыз «Өкіметке қарсы уағыз жүргізген» деген қорытынды шығарған.
- Біздің көп жұртымыз сауатсыз екенін сіз жақсы білесіз, Мен бұл кітабымда елдің сауатын ашуға, оқуға шақырғанмын. Оның еш саяси астары жоқ.
- «Міржақып Дулатов 1905 жылы жазылған петицияны ұйымдастыруға қатысқан адамдардың бірі» – деп Қоянды жәрмеңкесінің тұрғыны жазған арыз да бар.
- Мен ол жылдары Зайсанда мұғалім қызметінде жүргенмін. Қояндыда болған жоқпын...
- Так, так! Дулатов мырза, сіз өкіметке қарсы екеніңізді мойындамасаңыз да, сіздің кітабыңыз бен үстіңізден мына жазылған арыздар көп нәрсені аңғартады. Біз әлі бұл мәселені анықтай түсеміз! – деді де, тергеуші камерадан шығып кетті...

Міржақыптың Омбыда қыз атастыруы

1912 жыл, тамыз айының аяғы. Міржақып бір жарым жыл Семей түрмесінде қамауда отырғаннан кейін, сол мерзім жазаға есептеліп, сот шешімімен бостандыққа шыққан. Губерния жандармериясы «келесі шара қатаң болатынын» ескерткен. Содан алды-артын ойлаған Міржақып Семей уезінен тыс елге баруды ойластырып жүрген. Ертеректе Омбыға барып, бір гимназиядан қызмет іздеп кіргенде, сонда оқитын бір әдемі қызды көріп, қатты ұнатып қалған. Ол оқыған, орта шаруасы бар, осы



Омбы қаласының тұрғыны Баймұрат деген кісінің қызы болып шықты. Міржақып сол қыздың өзімен сөйлесіп көруді ойлап, Омбыға келген. Бұл Омбыда М.Дулатовтың есімі дүрілдеп, аты шығып тұрған кез. Қалада «Бақытсыз Жамалды» оқымаған қыз қалмаған. Қалада Жұмасын деген жақсы жолдасы бар еді. Соны Досымбектің Баймұратының қызына құда түсіп, атастырып қайтуға шақырды. Галстук тағып, орысша костюм киген кісілерді кез келген үй құрметпен қарсы алатын кез. Галстук таққан, сықиған жаңа костюм киген екі жігіт пен бір келіншекті Баймұраттың үйі жылы ілтипатпен қабылдады.

Бұл кісілердің неде болса, маңызды шаруамен келгендерін осындағы әйел адамдар түсінген. Үндемей, сыпайы дастархан жайып, шәй әкелген. Жәй әңгімеден үй иесі Баймұраттың қайтыс болғанын, оның орнына үлкені Омар шаңырақты ұстап отырғанын, ол қарындасы Ғайнижамалдың жасы он жетіде, гимназияда оқып, бітіргелі жүргенін сөз ретінде айтып өткен. Міржақыптың жолдасы Жұмасын келген шаруасын айта бастады:

– Қасымда отырған жігіт қазақ әлеміне атағы шыққан ақын, жазушы Міржақып Дулатов деген азамат.

– Иә, естуіміз бар, – деді қыздың ағасы.

– Тегі арғын, Торғай дуанынан. Жақында естіген шығарсыздар, үкіметтің қыспағынан шыққан, елдің сөзін айтқаны үшін. Қырық ауыз сөздің түйіні жаңа өзіңіз айтқан қарындасыңызға құда түсіп, атастыруға келдік, – деген. Дастархан үстіндегілер біраз үнсіз қалған. Сосын қыздың ағасы сөз жалғап:

– Мен шешетін мәселе емес екен, Ғайнижамалдың өзінің келісімін алмасақ, болмайды, – деді. Сосын үй іші біраз ақылдасып, Ғайнижамалдың өзін шақырған. Ол Міржақыпты гимназияда бір көргені бар, бүгін қонақтар пәуескеден түсіп жатқанда тағы көріп, сезімі оянғандай әсерде болып еді. Дастархан басына шақырғанда, Ғайнижамал басына орамал жауып, төмен қарап тұрды. Ағасы:

– Қарағым, төрде отырған Міржақып деген жігіт сені атастыруға келіпті. Оған не айтасың? – деп сұрағанда, қыздың беті оттай қызарып, теріс бұрылып, келесі бөлмеге кетіп қалған. Сосын үй иесі Омар қонақтарға не айтарын білмей, жұбайына: «Барып, Ғайнижамалдың не ойы бар екенін біліп кел» деп жіберген. Ол көп ұзамай күлімдеп оралып:

– Қайынсіңлім келісімін берді – деді. Содан кейін құдалықтың рәсімі басталып, су жаңа құда-құдағиға арналған алтын жүзік, білезік сыйға

тартылып, Міржақыптың жолдасы Жұмасынның келіншегі келесі бөлмедегі Ғайнижамалға барып, құлағына күміс сырға салған. Біраздан соң, Міржақып, Ғайнижамалды оңашаға шақырып, оңтүстік елге сапар шегіп бара жатқанын айтып, Ғайнижамалдың маңдайынан, бетінен, ернінен ұзақ, қадала сүйген. Міржақыпқа қыздың сыпайы қалпы есінен кетпестей әсер қалдырған.

Келесі күні Міржақып, пошта тарантасына отырып, ұзақ жолға сапарға шыққан. Бағыты – Түркістан.

Түркістандағы әсер

1912 жыл. Қыркүйек айы туып, күз басталғанмен, Түркістанда күн ыстығы әлі қайта қоймаған кез. Міржақып Дулатовтың Түркістанға алғаш жолы түсуі. 1906 жылы Міржақып Санкт-Петербур қаласында «Серке» шағын газетіне «Жастарға» атты мақаласы шыққан кезде түркістандық Садық Өтегенұлымен танысып, достасып кеткен. Семей түрмесінен шығып, осы Садық досына хабарласқанда, ол Түркістанға шақырған. Садық Міржақыпты Арыс станциясынан күтіп алып, Түркістандағы үй жайына пәуескемен жеткізген.

Садық Түркістандағы дәулетті кісілердің қатарындағы жігіт. Екі қабатты ағаштан қиып салынған үлкен үйі бар екен. Шәй мен дәм ішіп, Міржақып алыс жолдан тыныстағаннан кейін, Садық жарты гектардай жерді алып жатқан қора жайын, асыл тұқымды аттарын көрсетті. Төрт-бес түйе де байлаулы тұрды.

«Ертең атпен қала сыртына шығып серуендейміз» деген Садық досы Міржақыпқа. Бесін кезінде екеуі қаланың базарын аралады. Ол кездегі Түркістан базары Орта Азиядағы үлкен базарлардың бірі еді. Сонау Ираннан, Үндістаннан келген жеміс-жидектер базарға лық толы. Үнді маталары мен жібектері, Түркіменнің әсем кілемдері алыстан көзге түсіп жарқ-жұрқ етеді. Саудагерлер де, сатып алушылар да ығы-жығы. сапырылысып жүр. Әр жерден тәжіктің, түркіменнің, өзбектің тілдері құлаққа шалынады. Міржақып Түркістан базарынан адам кез келген затын, тауарын, азық-түлігін, жеміс-жидегін таба алатынын көрді. Орынбор, Омбы, Семей, Қоянды базарлары Түркістан базарынан жұтаңдау екенін байқады. Омбы, Орынбордағыдай мұнда орыстар жоқ, мұндағы атмосфера да басқаша, жанға тыныш, әркім өзімен жүреді екен. Міржақып, «базардан құр шықпайын» деп сафиян



былғары етік, бір пар жұп-жұқа теріден тігілген бес саусақты қолғап, бір қолшатыр сатып алды.

Міржақып Садықтың үйінде екі айдан астам уақыт тынығып жатты. Міржақыптың атағы Түркістанға да біршама жайылған екен. «Оян, қазақ» пен «Бақытсыз Жамалды» оқыған қазақтар мұнда да кездескен. Садық пен екеуін екі күннің бірінде қонаққа шақыратын болған. Қонаққа шақырғандардың ішінде ұйғыр, өзбек, қырғыздың ірі саудагерлері де болды. Олардағы қонақасы той сияқты өтіп, Міржақып небір әуезді, сазды өзбек, ұйғыр әндерін тыңдап рахатқа бөленсе, ұршықтай айналған билеріне талай сүйсініп, қолын соқты. Ондай қонақасыларда Міржақыпта қазақтың термелерін шебер орындап, тыңдаушылардың біраз таңдайларын қақтырған. Сосын Міржақып сөзге шебер шешендігі, әзіл-қалжыңдарымен де жұртты күлдіріп отырады. Міржақып сол жайсаң, сері мінезімен түрлі ұлттан құралған саудагерлерге жақты. Түркістанда екі айдан астам уақыт қонақ болған Міржақып «елге қарай жол жүрем» деген жолы Садық досы үйіне Түркістанның белгілі зиялылары мен саудагерлерін шақырып, үлкен қонағасы берген. Дәм соңында Міржақып орнынан тұрып, қолындағы домбыраның сүйемелдеуімен дастархан басында отырған құрметті қонақтардың есімдерін атап, оларға алғысын айтып, ұзақ жыр арнаған. Құрметті қонақтар қазақ даласынан келген үлкен ақынның өлеңіне ырза болып, Міржақыптың алдына бума-бума ақша тастаған. Міржақып оған ыңғайсызданып, «ақша үшін айтқан жоқпын, алмаймын» дегеніне қарамай, қонақтар мен үй иесі Садық ақшаларды Міржақыптың қалтасына салған...

Орынборда «Қазақ» газетінің жарық көруі

1912 жылдың желтоқсан айы болатын. Міржақып Дулатов Тәшкен-Орынбор поезынан түскен кезде қалада қыс қақап тұрған. Солтүстіктен соққан аязды жел бетті шымшылап тұрғандай. Көшедегі жұрт жағаларын көтеріп, ықтап кетіп бара жатқан сияқты. Міржақып алыс жолдан келгесін пәтерде бір күн демалып, ертеңіне түс ауа Ахмет Байтұрсынұлына сәлемдесуге келген. Үйдегілер Міржақыпты құшақтап, қуанышпен қарсы алды.

Дастарханға ыстық шәй келіп қалғанда, Ахаң Міржақыпқа қарап:

– Семейден шыққаныңды хат жазып білдірдің де, одан кейін хабарсыз кеттің. Соған біраз алаңдаған едік.

– Ия, Аха, содан кейін өмірімде көп жаңалықтар болды. Семейден босағаннан кейін, жандармерияның бақылауынан алыстау жүрейін деп, оңтүстік облысқа сапарлап кеттім. Атақты, қасиетті Түркістан қаласында болдым. Сондағы Садық досымның үйінде жатып бір-ер ай тынықтым.

– Өте дұрыс жасағансың. Сенен көз жазып, жандармерия да тынышталған шығар. Түркістан қалай екен?

– Керемет! Ол жақтың тынысы мен бұл жақтың тынысы бөлек, онда өз елінде жүргендей өзінді еркін сезіне аласың! Әңгімеге араласпай үнсіз отырған Бәдрисафа:

– Түркістанның қыздары сұлу ма екен? – деп сұраған.

– Иә, жеңеше, небір сұлу өзбек, ұйғыр, түркімен қыздарын көрдім, өздеріне ғана тән ұлттық көйлектерімен жүреді екен, ғажап әсер алдым. Айтпақшы, аға, Түркістанға жүрер алдында Омбы қаласында бұрыннан көзім түсіп жүрген сүйген қызыма құда түсіп, атастырып та қойғанмын. Бәдрисафа мен Ахаң оған таң қалды.

– Керемет жаңалық осы ғой! Қадамың құтты болсын!

– Рахмет! Келешектегі жарымның ата-бабасы осы Көкшетау жерінен екен.

– Бәрекелді, қуанышың ұзағынан болғай! Шәйдан кейін:

– Аха! Одан басқа да қуанышты жаңалығым бар! – деді Міржақып. Ахаң мен Жахаң оңашаланып, көптен жүзеге асыра алмай, арман болып жүрген мәселелерін талқылады. Ол қазақ елінің мұңын мұңдап, келешегін күйттейтін газет шығару болатын. Міржақып Түркістаннан сол газетті шығаруға жететін мол ақша әкелгенін айтып, Ахаңды сол жерде таңдандырған. Міржақып қара сөмкесінен алып, бірнеше бума ақшаны Ахаңның алдына қойды. Ахаң басын шайқап, ұзақ таңданды.

– Түркістанның саудагерлері мен байлары маған осылай сыйға тартты. Бұл қаржыны өзіміз ашатын газетке жұмсағанды жөн көрдім, – деді Міржақып, үн қатпай отырған Ахаңа қарап.

– Егер, өзің олай шешсең, қарсылығым жоқ. Жөн көрсең, ертеңнен бастап, Губерния департаментіне барып, газетке рұқсат алайық, тіркетейік, – деген Ахаң.

Сол жерде Міржақып газеттің аты қалай болуы керек екенін, айына қанша рет шығу мүмкіндігі болатынын, қай баспаханада газетті бастыруға болатынын, газетті бастыратын қағазды қайдан алуға болатынын, яғни, газет шығаруға байланысты барлық өзекті мәселелерді екеуі түн ортасына дейін талдаған. 1913 жылдың қаңтары. Міржақып



пен Ахаң уәделі күні таңертең газетті тіркету мәселесімен Орынбор губерниясының ішкі істер департаментіне барған. Бөлім чиновнигіне 1905 жылы жарияланған Патша Декретінде айқындалған, Ресей Ішкі істер министрінің «Бұратана халықтардың өз тілдерінде газет, журнал шығаруға құқығы берілгенін» анықтайтын шешімін, Орынбор департаментінің чиновнигіне көрсетіп, А.Байтұрсынов 1908 жылы газет шығаруға рұқсат алған құжатын көрсеткен. Орынбор чиновнигі Міржақып пен Ахаңа «Газет шығару жөніндегі өтінішті қайта жазу керектігін, Ол газеттің атын көрсетіп, қай баспаханада басылатынын, айына қанша рет шығатынын, учредителі кім екенін, газеттің мазмұнына және оларды цензурадан кім өткізіп, жауапты болатынын айқындап жазып әкелу керектігін» айтқан.

Ахаң мен Жахаң Орынбордағы Каримовтың баспаханасымен айына төрт рет газет басып шығаруға келісім жасады. Одан кейін, Ахаң мен Жахаң біраз ойласып, газеттің атын «Қазақ» деп атауға келісті.

Ертеңіне Ахаң мен Жахаң газеттің аты «Қазақ» деп аталатынын, оны Каримовтың баспаханасында бастыруға келісім жасалғанын, газеттің мақалалары цензурадан өткізіліп тұратынын, газеттің мазмұнына жауапты оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы пен орынбасары Міржақып Дулатов болатынын көрсетіп, «Қазақ» газетін шығару жөніндегі өтінішті Орынбор губерниясының департаментіне тапсырған.

Бір аптадан кейін Орынбор губернаторының «газет шығаруға» қол қойған шешімі Ахаң мен Жахаңның қолына тиді. Сол күнгі екеуінің қуанышында шек болған жоқ.

Міржақып Самарадағы Ә.Бөкейханға, Ресей Думасының бұрынғы депутаттарына, өзі білетін әр облыстағы қазақ зиялыларына «Таяу арада «Қазақ» газеті шығады!» деп телеграмма жіберген. Ахаң бір апта ішінде Уфа қаласына барып, типографияның ғарып тұратын ұясына лайықталған, өзі өткен жылы жазған «ТӨТЕ ӘЛІПБИІНДЕГІ» 28 ғарыпты (әр түрлі кегльде) әр түрлі көлемде темірге құйдырды. Мысалға, газет төрт бет болып басылатын болса, бір бетте «Ә» ғаріпі жүз рет әр түрлі кегльде қолданылуы мүмкін. Сондықтан, Ахаң Уфадағы әріп құятын зауытта әрбір ғаріпті жүз данадан жасатты. Ахаң Орынборға келгесін газеттің заставкасын жасады. «ҚАЗАҚ» деп жазып, оның жанына шаңырақтың суретін салып, оны тұрақты қолдану үшін темірден ойдырған. Одан кейін Ахаң мен Жахаң екеулеп газеттің алғашқы нөмірінің мақалаларын әзірледі. Ахаң Каримовтың баспа-

ханасына келіп, ғаріп терушілерге ТӨТЕ ҒАРИПТИҢ арап ғаріптерінен айырмашылығын терушілерге екі-үш күн бойы түсіндірді, ақыры төртінші күні «ҚАЗАҚ» газетінің алғашқы нөмірі басылуға дайын болып, жинақталды. Алғашқы нөмірдің корректорлық қызметін Ахаң мен Жахаң кезектесіп атқарған.

Осындай үлкен күш-қайратпен «ҚАЗАҚ» газеті 1913 жылдың 2 ақпанында жарқ етіп жарық көрді!

Ұлттың тұңғыш кәсіби деңгейдегі «ҚАЗАҚ» газеті сол күннің өзінде жарнамашы сатушы балалар арқылы мың данасы қалаға тарап кеткен. Бұл – газеттің алғашқы қадамы сәтті болды деген сөз. Ахаң мен Жахаң енді газеттерді Омбы, Семей, Қостанай, Түркістан қалаларына және ауылдық болыстарға жібере бастаған. «Қазақ» газеті шыққаннан бір аптадан кейін Каримов типографиясының кеңсесінде «Қазақ» газетінің екінші нөмірінің беташары болды. Оған арнайы шақырылған М.Сералин, енді таныла бастаған ақындар М.Жұмабаев, Б.Майлин және газеттің қаржысына мүмкіндіктерінше қаржы қосқан «Ғалия» медресесінің шәкірттері қатысып, ыстық тілектерін білдірген. Самарадағы Әлихан Бөкейханнан, Оралдағы Досмұхамедовтардан құттықтау телеграмма келген. «ҚАЗАҚ» газетінің келесі нөмірлерінде жоғарыда есімдері аталған жас ақындардың өлеңдері мен Алаш қайраткерлерінің ел мәселесін қозғаған келелі мақалалары жариялана бастаған. Ахаң мен Жахаң газетке келген әр түрлі тілде жазылған хаттарды редакциялаудан, төте әліпбиге аударудан қолдары босамайтын кез болды. Ахаң қағаздан бас көтере алмай отырған Міржақыпқа қарап: – «Оян, қазақ!» – деп кітабыңмен бастап ең, енді халқыңның көзін газетпен ашасың!» – деп әзілдеген. Міржақып алдындағы қағаздан басын көтермей: «Бізде елге қызмет етуден басқа мұрат жоқ қой! – деп шын жауап берген-ді. Және солай болды да! Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатовтың қазақтың сауатын ашып, санасын жаңғырту үшін жазылған «Қырық мысал», «Маса», «Төте Әліппе» оқулығы, «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал», «Азамат» кітаптары қазақ жұртының сауатын ашуды жаңа биікке көтерсе, жазба әдебиетін жаңғыртып, ұлт мәдениетінің еңсесін көтерген. Ал, «Қазақ» газеті одан да биік мақсаттарды жалау етіп, қазақтың келешегі үшін қызмет ете бастады.

1914 жылдың жаз айы. «Қазақ» газеті өміршең болып, жеті мың да-намен бүкіл қазақ даласына тарай бастаған кез. Келесі нөмірін асыға күтетіндер саны күн сайын өсе бастаған. Газет Омбыға да көп тарапты.

Омбыда А.Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатовтың есімін білмейтін қазақ-татар кемде-кем болды.

Міржақып Түркістанға жүрер алдында өзіне атастырылған Ғайнижамалмен қосылу тойын жасауға Омбыға келген. Жаздың басталған кезі. Ғайнижамалдың ағасының үйінде шағын үйлену тойы болды. Міржақыптың қасына еріп келген досы омбылық Жұмасын келіншегі екеуі Ғайнижамалдың анасы Қанипаға алтын зерлі камзол, шапан жауып, алтын білезік таққан. Тойдың ең кереметі – Міржақып пен Ғайнижамал Омбының ең ірі татар саудагерінің Германиядан алдырған жеңіл мәшинесін бір сағатқа жалға алып, мәшиненің үстінде тұрып, Омбының бір көшесін айналып шыққан кезде болды. Қала жұртының бәрі шетелдік мәшиненің үстінде тұрған қара сюртук киген, бантик таққан, қара мұртты әдемі жігіт пен аппақ ұзын той көйлегін киген сұлу қызды көріп, ұзақ тамашаласты, таңғалысты. Олар мұндай тойды бұрын көрмеген екен... Тойдан кейін Міржақып пен Ғайнижамал Орынборға келіп, орналасқан... Міржақып «Қазақ» газетіндегі қызметін абыроймен әрі жалғастырды... «Қазақ» газетінің ұраны мен асқақ рухы Алаш Орданың және Алаш партиясының құрылуына жалғасты...

Бұл жол – қазақ халқының азаттығының, тәуелсіздігі мен келешегінің АҚ ЖОЛЫ еді.

ТЕРМИНОЛОГИЯ ТАРЛАНБОЗЫ



Ана тілінің абызы атанған Ұлттық ғылым академиясының академиктері Әбдуәлі Қайдар, Шора Сарыбаев, Рабиға Сыздықовалардың қатарында бірге аты аталатын қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің бірі – академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Айтбаев көзі тірі болғанда 85 жасқа толар еді... Бар өмірін қазақ халқының ең киелі асыл мұрасы – қазақ тіліне арнаған ғалым туралы сөз етуді жөн көрдік.

Ғылымның биік шыңына көтерілсе де, менмендіктен бойы ада ғалымның парасат-пайымы зор, кішілік, кісілігімен, маңғаз мінезі, тектілік болмысы, адамгершілік қасиеті мен шығармашылық қабілеті арқылы ғылыми ортада, әріптестері мен шәкірттерінің арасында абырой биігінен көріне білген тау тұлға азамат еді.

Ғалымның ғылыми зерттеулерінен қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасып, дамуына өлшеусіз үлес қосып, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырғанын ерекше атауға болады. Терминолог-ғалым, академик Ө.Айтбайұлының басшылығымен «Қазақ терминологиясының мәселелері», «Термин және олардың аудармалары» сияқты қомақты еңбектер жарық көрді. Қазақ тіл білімінің лексикология, диалектология, ономастика, әдеби тіл, мемлекеттік тіл, стилистика, тіл мәдениеті, аударма салалары бойынша ізденістерінің нәтижесінде 500-ден аса ғылыми еңбектің, олардың ішінде 30-ға жуық монография мен оқулықтың, оқу-құралдары мен сөздіктердің авторы болғанын, «Қазақ терминологиясының жасалу көздері», «Қазақ әдеби терминологиялық лексиканың дамуы», «Мемлекеттік тілде ғылыми терминологияны қалыптастырудың теориялық, ғылыми-әдістемелік және практикалық мәселелері» атты құнды еңбектерге жетекшілік еткенін, сондай-ақ аударма проблемаларының күрделі мәселелерін қарастырған тұңғыш зерттеу жұмысы ретінде, баспасөз беттерінде автордың келелі табысы ретінде жоғары бағаланған-«Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» атты еңбегін ғылыми жұртшылық жақсы біледі.

Тіл білімі институтының «Терминология және аударма теориясы» бөлімінің 20 жылдай басшысы болған кезде оның ғылыми-зерттеушілік,

ғылымды ұйымдастырушылық қабілеті айқын да анық, жемісті болғаны баршамызға аян. Ғалымның басшылығы және қатысуымен «Тіл мәдениеті және баспасөз», «Сөз өнері», «Қазақ терминологиясының мәселелері», «Термин және олардың аудармалары» сияқты бірнеше ұжымдық еңбектердің баспа бетінен жарық көруі ғылыми жұртшылық тарапынан үлкен бағаға ие болған еді.

Академик Ө.Айтбайұлы терминология мен аударма саласын жан-жақты зерделеп, зерттеу ауқымын кеңейте түсті. Ол қиын да күрделі осы саладағы мәселелерге әлемдік ғылыми ой-пікірлерді саралай келіп, қазақ тілінің өз табиғатына тән заңдылықтарды негізге ала отырып, тың зерттеулерді өмірге әкелді. Қазақ тіл білімінің түйінді мәселелеріне, әсіресе терминология, тіл мәдениеті, аудармаға байланысты дәйектілікпен дәлелденген ойлы тұжырымдар ұсына білді. Ғалымның терең зерттеген саласы – терминология десек, өзі басқарған бөлімде терминологиялық картотека базасын қалыптастырып, 500 мыңға жуық картотекалық қордың негізі қаланды. Ғылымның ірі-ірі 5 саласы бойынша жасалған бұл материал түрлі сөздіктер жасауға, әсіресе қоғамдық ғылымдар саласы, биология ғылымы, физика-математика ғылымы, жер туралы ғылым мен техника ғылымдарының саласы бойынша өте пайдалы болғанын ғылыми орта жоғары бағалады. Солардың қатарында «Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігінің» екі томдығы жасалып, оған академик Ө.Айтбайұлының жауапты редактор болғаны – көп жылдық еңбектің нәтижелі жемісі деп бағаланды. «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» атты көлемді де мазмұнды монографиясы қазақ тіл білімінде тұңғыш рет қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы жайында жазылған құнды еңбектер қатарынан көрінді. Қазақ терминологиясы мен аудармасының мәселелері туралы көп жылғы зерттеулердің негізінде 1992 жылы «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Оның бұл жұмысы тың мәселені қозғап, айтарлықтай жаңалықтар ашып берді. Ең алдымен, бұған дейін ғылым әлемінде, тарихымызда сыры жұмбақ болып келген арыстарымыз Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының мұралары мен еңбектері тұңғыш рет тілдік тұрғыдан талданып, лайықты бағасын алды. Әсіресе А.Байтұрсынұлының қазақ лингвистикасын дамытудағы, оның ішінде қазақ терминологиясын жасаудағы зерделі ой-пікірлері мен ғылыми орны жан-жақты сараланып, дәлелденді.

Ғалымның ғылым, мәдениет, өнер қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылық еңбегіне арналған мақалалары өз алдына бір төбе. Жас ұрпаққа үлгі, өнеге болар өрелі ойларға толы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, С.Талжанов, М.Балақаев, Ә.Қайдар, З.Ахметов, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Т.Жанұзақов, С.Омарбеков, С.Исаев, Р.Әміров, Т.Қоңыров, С.Қасқабасов сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдамалық зерттеулері мен өмірнамаларын ғана айтсақ, жеткілікті болар.

Қазақ тіл білімінің бастауындағы А.Байтұрсынұлы пен Қ.Жұбановтардай тіліміздегі терминология негізін алғаш рет қалаған ата буын өкілдерінің іргелі істерін ілгері дамытуға үлес қосқан терминолог-ғалым, академик Өмірзақ Айтбаевтың есімі терминология тарланбозы деп ғылыми ортада кең тарады. Оған себеп жоғарыда айтылған қомақты еңбектерімен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі, әрі ғалым-хатшы ретіндегі атқарған мінсіз қызметінде айқын байқалды. Ғылымның түрлі саласында өмірге келіп, ала-құла қолданылып жүрген терминдердің бір ізге түсуіне, ғылыми тұрғыдан реттеліп, жүйеленуіне де атсалысқанын айтсақ, артық болмас. Биология, физиология, химия, физика, математика, теміржол, музыка, спорт, әдебиет, тіл білімі, педагогика, психология, медицина, компьютер саласына қатысты терминдерді, сөздіктерді рет-ретімен Мемтерминком талқысына салып, терминология теориясына сай сөзді саралауда және оны қолданысқа енгізуде еткен еңбегі ерекше. Академик Ө.Айтбайұлы тіл білімі бойынша ғылыми-кадрлар дайындау, жас мамандардың өсіп-жетілуіне қолғабыс жасап, үнемі оларды қолдау барысында да тынымсыз еңбек етті. Ғалымның тікелей ғылыми жетекшілік жасауының нәтижесінде ондаған шәкірттері диссертацияларын қорғап, филология ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежеге қол жеткізді.

Жалпы академиктің 60 жылға жуық еңбегінің нәтижесі, жиынтығы ретінде жарық көрген 5 томдық кітабы – тәуелсіз Қазақстанның ғылымына, оның қазақ тіл біліміне, тіпті түркологияға қосылған үлкен үлес, зор табыс болып бағаланғаны белгілі. Газет көлемі көтермейтіндіктен, бұл жолғы мақаламызда тек қазақ тіл білімінің терминологиясымен қатар, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар терминологиясы жан-жақты зерттелген «Қазақ тіл білімінің терминология мәселелері» атты еңбекке аз-кем тоқталуды жөн көрдік.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ терминологиясы жайлы алғаш рет

пікір айтып, зерттеу жұмысымен шұғылданған қазақ тіл білімінің қос алыбы – А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов болатын. Өмір талқысын бастарынан кешірген қос ғұлама өз ойларын аяқтай алмағаны тарихтан белгілі. Ата буын өкілдері көтерген терминология теориясын одан әрі дамытып, кең құлаш жаюына жол ашып, ғұламалар аманатына адал болғандар қатарында алғашқы болып айтылатын ардақты есім – академик Өмірзақ Айтбаев болатын.

Академик өз еңбегінде қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуына ерекше назар аударып, бұл мәселені тиянақты талдаған. Оны «Термин жайлы жалпы түсінік», «Қазақ терминологиясының жасалу көздері», «Жазу және терминология», «Термин жасаудың негізгі тәсілдері және олардың құрылымдық сипаты» атты тараулардан анық көруге болады.

Автор қазақ терминологиясын зерттеу барысында өзіндік ой-түйін, ғылыми пайымдаулар мен нақтылы қорытындыларға келіп, терминологиялық лексиканың қалыптасуы мен дамуын екі кезеңге бөліп қараған. Біріншісін – XIX ғасырдың екінші жартысы мен Қазан төңкерісінің аралығын алып жатқан алғашқы кезеңге жатқызса, екіншісін – тіліміздің әдебилену мен терминдену сапасын мейлінше үдете түскен бүгінгі дәуірге телиді.

Қазақ терминологиясы аталатын терминнің, ол ұғымның мейлінше кең мағынаға ие екеніне тоқтала отырып, атаудың барлық ғылым салалары мен техника тарамдарын, мерзімді баспасөз бен радио, теледидар тілін, оқу-ағарту, білім беру ісін, түрлі саяси, көркем, арнайы әдебиеттер тілін қамтитын түсініктер, атаулар жиынтығы екенін баса айтады. Бұған дәлел ретінде 1920 жылдардан бастап күні бүгінге дейін отыздан астам екі тілді терминологиялық сөздіктер жарық көргенін паш етеді.

Қазақ терминологиясының түзілуі мен қалыптасуына себеп болған факторлардың бірі жазу мәселесі болса, қоғамдағы, өмірдегі өзгерістер (коллективтендіру, конфискелеу (тәркілеу), колхоздастыру, индустрияландыру, Отан қорғау, бесжылдық жоспар, тың игеру, ғарышқа ұшу, қайта құру, т.б.) терминологиялық жүйенің дамуына тікелей байланысты болғаны жұмыста бағамдалады.

«Ақиқатында, терминологияның жасалуына ең басты – екі арна: ұлттық тіліміздің сөз байлығы мен әрқилы қолданумен байланысты қабылданған кірме сөздер болды» деп көрсету де ғалым ойының шын да, ақиқат екенін көрсетеді.

Терминжасам процесінде төл тіліміздің заңдылығына тән сөзжасам тәсілі де ізгі ықпал еткеніне тоқтала келіп, автор оларды: 1) семантикалық немесе лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалғандар; 2) морфологиялық немесе синтаксистік тәсіл арқылы жасалғандар деген пікірге келеді.

Осымен қатар, қазіргі қазақ терминологиясы қазақ әдеби тілінің ең күрделі де маңызды, болашағы зор дербес саласы болып табылады деуі де автордың зерттеу жұмысының нанымды нәтижесі екені даусыз.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы тіл білімінің көкейкесті мәселелерін қаузаған, әсіресе, терминология саласына қомақты үлес қосып, нақтылы сіңірген еңбегінің арқасында есімі елімізге ғана емес, бүкіл түркі әлеміне әйгілі, терминолог-ғалым, академик Өмірзақ Айтбайұлының терминология саласындағы теориялық тұжырымдарын ғылымға бой түзеген жас ғалымдар мен шәкірттері одан әрі дамыта түсері күмән тудырмайды.

Телқожа Жанұзақ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор

Кәрімбек Құрманалиев,
филология ғылымдарының докторы, профессор



ҚАНАТ ЗАБАЙҰЛЫ,

тарихшы, «Қазақтың ұлттық асық ойындары» кітабының авторы

**АСЫҚ – КӨШПЕНДІЛЕРДЕН
КЕЛЕ ЖАТҚАН КӨНЕ ОЙЫННЫҢ ТҮРІ...**

- Қанат аға, қазақтың көне ойындарын зерттеп, зерделеп жүрген жансыз ғой. Әуелгі әңгімеміздің әлхамын өзіңіз зерттеп жүрген асық ойынынан бастасақ деймін?

- Жарайды келістік. Асық – тек қазақтың ғана емес көшпенділердің ертеден келе жатқан ойындарының бір түрі. Әр елде өз ерекшелігімен қалыптасып, сан алуан түрмен айшықталған ойын түрлері болады ғой. Олардың біразы бізге жетті, ұмыт болғаны да бар шығар. Мүмкін, әлемде қой етін жеп, асығымен өзге ойындар ойнаған халықтар да бар шығар. Асықтың қазақ халқының ұлттық спорттық ойыны болып қалыптасқаны да қаншама. Асық ойындары әрине, ол біздің ұлттық құндылығымыз екендігі сөзсіз.

Асық – төрт түліктен өзге мал мен аша тұяқ аңдар тілерсегінде асықты жілік аталатын жілікке бекіген, қызметі аса күрделі, пішіні ықшамды, бейнесі әсем, буынға біткен шымыр сүйек,

Халқымыз асықты ерекше қастерлеген. Әр баланың өзіндік асығы мен сақасы болған. Асықтың құндылығын талай ертегіде, жыр, дастандарда жырлаған, сан қилы аңыздар да бар емес пе. Асық, «Алтын сақа» туралы қазақ халқының ертегі мен жырларында бар. «Алтын сақа» туралы ертегіні естімеген қазақ баласы жоқ та шығар. Өзіңіз төр алдында асығын шашып тастап ойнап жатқан балаларды елестетіп көріңізші. Сол асығын шашып ойнап жатқан балаларды көргенде іштей разы боламыз, тіпті ойнағың да келіп кетеді ғой. Мал асығы бар үйдің сәні де келіп,

ұрпағын ұқыптылыққа, ұлтжандылыққа баулып отырған ата-анаға разы боп қызығып та қаласың.

Қазақ халқы асықты ерте кезде қолына алып ойнай бастаған. Қазірдің өзінде кейбір үйлерде құмарта ойнайды, қазақтың қыз-келіншектерінде, бұрынғы аға буын өкілдерінде, біздің тұрғыластарымыз арасында да асық ойнамай өскен адам жоққа тән.

Ғаламторды шарлап көрсең асықтың құндылығын түсінген, зерттеу жасаған еңбектер аздап болса да баршылық, солардан түйгендерімді қағаз бетіне түсіре кеткенді де жөн көрдім.

Тіпті бала тумай жатып, жас нәрестеге арнап асық жинайтын да дәстүр болған екен. Баласы ұл болса, бесігінің басына бөрінің асығын пәле-жаладан аулақ, шымыр-қайратты болсын деп ырымдап ілсе, қыз үшін кішкентай, сынды асықты сұлу, көрікті болып бойжетсін деп тағады екен. Келіні құрсақ салғанда, атасы мен әжесі асық жинайтын ырым да бар көрінеді. Онысы – ұл, не қыз тілегені, арнаулы асық сөтерлейді екен. Бұл енді келінге көз тимесін, аман-есен босансын дегені.

Қазақта «асығың алшысынан түссін» деген ізгі тілек бар. Ойындағысы, арманы орындалып, жолы болу, ісі өрге басу деген мағынаға саяды. Мысалы «құмар» иіргенде төртеуі бірдей түссе төрт құбыласы тең деп, төрт түлігің қатар өсер, төбедегің алдыңа түсер дейді.

Асықпен ұштастырған балама сөз, мақал, мәтелдер де өте көп. *«Таламақайда ұпай жоқ»* - бейберекеттік туралы болса, *«Асықтай шымыр, оқтаудай мінсіз»* сөзі сұлулық, қуаттылық жайында, *«Алшылы шік, тауғалы бүк»* – ұлығы мен кішігі аралас, жақсысы мен жаманы аралас сөзінен мағына берсе, *«Алшы түсіп ақырып, сақа болып жапырып»* сөзі – кейбір адамдардың дәулет бітіп, билікке ие болдым деп күпиетін жайсыз мінезі, менменсіген оғаш қылықтары жайында, *«Аяғын алшысынан басу»* – аяғын маңғаздана басу, өзіне сену, еркінсу, мейманасы тасу, *«Бүге-шігесіне дейін»* – түгін қалдырмай, тәптіштеу, *«Бүк түссе де менікі, шік түссе де менікі»* – бір нәрсеге тәуекел деп кірісіп кету, бастаған да, шығыны мен жауапкершілігін де мойныма алам дегені, *«Омпа ойын бұзар, жынды жиын бұзар»* – есерсоқ мінезді адамның кез келген жиынды, жақсы бастаманы бұзып шырқын кетіретіні жайлы айтылған.

- Осы жерде асықтың адамды ептілікке үйретуінен өзге тәрбиелік тұсына да үңіліп көрсек?

- Асықтың тәрбиелік мән ерекше. Бұл әрине, рухани тәрбие десек болады.



Асық ойыны спорттық ойын, баланың күш-жігерін арттырып, мергендігін, шапшаңдығын, ептілігін және қырағылығын жетілдіреді, сергектікке баулиды. Асық ойнағанда адамның тек екі қолы емес, ойлау мүшелерінен бастап, иығы, аяғы, барлық бұлшық еттері қимылдайды. Асықтың атып ойнайтын түрлері үнемі қимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Жүгіреді, секіреді, көздейді, дәлдеп тигізеді, Үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу үлкендердің де, жас балалардың да денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады. Баланы ынтымақшыл етіп қауымдастыққа бейім тәрбиелеуде мәні зор. Аға мен іні, үлкен мен кіші бір-біріне қамқор болып келісіп ойнайды, бір-біріне бәсекелесіп ойнайды, ерегеседі, жеңеді, жеңіледі, ұтады, ұтылады, асыққа байыйды, жоқ болады, бар болады, үлкен мен кіші бір бірін сынай да ойнайды. Баланың намысын жанып, талпынысты бойға сіңіретін қасиет сіңіреді. Бұл ойынды ойнаған бала топпен жұмыс істеуді үйренеді сондай-ақ топтан озып шығу қабілетіне де ие болады.

Әділдікке баулиды жалғандықты, өтірік, арамдық, қаралықты қылықты сынайды, түзейді. Іске епті, жауапкершілігі мол жұмыскер шығады. Мұның сыртында баланы бәсекелестікке жетелеп, талаптылыққа тәрбиелейді. Өзгелердей шебер ойнап, ұтам, жеңем деп алға талпынады.

Міне, асық ойынының кереметі деп осыны айтуға болады.

Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйесін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейді. Шетелден келген қымбат дәрі-дәрмекті сатып алғанша, балаға әр күні бір сағатын бөліп асық ойнатса, баланың жүйке жүйесі ауруынан айығатын болады.

Күнде теледидиар алдында кешкі уақытын өткізетін үлкендер мен телефонға байланған жас ұрпақ буыны босап, аурудың аз-ақ алдында тұрған адамдарға бір мезгіл асық ойнатса, қабылеті артып, денелері шынығар еді.

Асықтың атауларын тек ойнаушы ғана емес баршамыз біліп ұрпаққа ұғындыру басты міндеттіміз.



- Асықтың атаулары деп айтып қалдыңыз. Енді соларды әр түрлі түсуіне орай жекелей жіліктеп айтып берсеңіз?

- Асықты ойнамас бұрын оның түрлері мен бейнелерінің, іс қимылдарының атауларын білген жөн. Алшы - асықтың «ат» жағы. Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.

Бүге – «Қой» немесе дөңі үстіне қарап жығылу. Бүге – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі.

Тәйке – асықтың «түйе» жағы. Тәйке – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. «Тұрық» – асықтың алшы не тәйке түсуі, «табан» – асықтың тәйке жағы,

Шіге – «ешкі» немесе шұңқыры үстіне қарап жығылу. Шіге – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі.

Оңқы (Омпы) – асықтың арты жоғары қарап тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі.

Шоңқы (Сомпы) – Оңқының керісінше түсуі – асықтың тұмсығының көкке қарап, тік шаншылып шоңқая түсуі,

Шіге – «ешкі» немесе шұңқыры үстіне қарап жығылу. Шіге – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Міне, осы секілді атаулары өте көп.

Бұл асықтың ойын барысындағы атаулары. Енді асықтың түрлері туралы айтайын.

Кеней (кентай) – асық ойынында ұпайға тігілетін асық. Шамасы «кішкентай», «кіші» сөздерінен шықса керек.

Сақа – асықтың ең үлкені, ірісі.

Шүкейт – жас малдың асығы.

Көктабан – қорғасын құйылған салмақты сақа асық.

Ешкімер – ешкінің асығы.

Қойлақ – қойдың асығы.

Құлжаз – құлжаның асығы.

Топай, сомпай – сиырдың асығы.

Шүкейт – киіктің асығы.

Пүш – тәйке түспесін деп, алшы жағы жонылған асық. «Пүшайман болу» деген сөз осыдан шықса керек.

Түйе асығы – бунасын.

Жылқы асығы – қидасап, киік асығы – кигат.

Арқардың асығы – қоңқар, қасқыр асығы бунақ деп аталады.

- Сақа – асықтың ең үлкені дедіңіз ғой. Сақаның қандай түрлері бар?

- Сақа – асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық жеткен еркек қойдан (серкеден) немесе қошқар-текеден алынады. Қызыл сақа- қызыл түске боялған сақа. Оңқай сақа – тұмсығы оң жаққа қарап тұрған сақа. Ал сақа- бата – оңқай сақа; оң қолмен атуға өте оңтайлы. Сары сақа – сары түске боялған сақа. Солақай сақа – тұмсығы сол жаққа қарап тұрған сақа. Сол солақай сақа – сол қолмен атуға өте оңтайлы сақа. Шикі сақа деп шикі жіліктен алынған сақаны атайды.

- Асықпен ойналатын ойынның біз білетін бір түрі «бүркіт» немесе «құс қағу» ойыны. Осы ойынның шығу тарихын кеңінен таратып айтып берсеңіз?

- Бұл ойын халық арасында «Құс қағу», «Құс салу», «Бүркіт салу», «Қаршу», «Бүркіт», «Бестас» деген атауларға ие. Жалпысы бүркітті «құс» деп тергейді ғой. Ойын аңшылық, құсбегілік өнермен сабақтас, құс салу, құсбегілердің дәстүр, жоралғысын бейнелейді, кезекпен томаға тарту, олжаны байлау, қыран бүркіттің аспандағы таңғажайып қылықтары іспетті. Сол себепті бұдан былай бұл ойынды «Бүркіт» деп бір ұғыммен ғана атаған жөн шығар.

Ойынның мәніне оралар болсақ, құсбегілер бұрыннан еткен аңшылығы, нәтиже – олжалары, жетістігіне жарай томаға тарту кезегін тоқтатады, немесе жеребе тартады. Бұл жора ойында алғаш ойын бас-

таларда қол сыртына түсірген асықтың санына бағыну сәті. Қол сыртына иірудің өзі жасы үлкен жаннан басталады. Ойыншылыр кезекпен қол сыртына түсіру арқылы кімнің бұрын томаға тартатындығын яғни «құсты» кімнің ұстайтындығын анықтайды.

Қол сыртындағы асық «құстың» қырандығын анықтайтын көрсеткіш, бүркіт тек жалғыз аңға түседі, ал «құс» екі мен төрт аң - асықты ұстайды, бұл - ойынның негізгі төл шарты.

Бүркіт, яки «құс» барлық аң - асықты теріп алуға тиіс, құржайлақ, қаралық сияқты ережеде көрсетілген қателіктер жіберсе ойын келесі құсбегі – ойыншыға ауысады. Барлық асықты түгел ала алса ол олжасының біреуін малға айырбастап «тайынша» етіп жанкүйер – қағушысына ұсынады. Ойын барлық асық «тайынша» болып біткенше жалғасады. Ең көп аң аулап, көп тайынша байлаған құсбегі ойыншы жеңеді.

Бір асық түссе «темше» болатыны «құсты» шыңдап баулу, «шынашақ» - тегеуірінділігін сынау деген мағынада. «Қаршу», «қармау» - бүркіттің шүйілуі, ілуі, «жинау» - қағушының әрекеті.

Бұл жерде ойыншы ереже бойынша асықтарды толық қағып (қармап) алуға тиіс. Олардың біреуін «тайынша» етіп қанжығалайды. Ойын барлық асық қанжығаланып біткенше жалғасады. Кім көп «тайыншалы» болады мінекей, сол жеңіске жетеді.

- Осы жерде оқырманға түсінікті болу үшін «құржайлақ», «қаралық», «тайынша» тәрізді ұғымдарға да тоқтала кетсеңіз?

Тайынша – ойынның әр кезінде барлық асықты жинап біткен соң ойнаушы бір асықты әлгіден алып өзінің жанкүйеріне ұстатады, немесе қазанына салып алады. Бұл – тайынша деп аталады.

Қаралық – ойыншы асық ойыны ережесіне сай келмейтін әділетсіз іс-әрекеттерді қолданғанда айтады. Бұл қарсылас ойыншылар, төрешілер тарапынан ескерту беру арқылы жөнге келтіріледі.

Құс – асық қағушының «томаға тартып» жоғары лақтырып жіберіп, ол төмен түскенше теруге тиісті аң - асығын теріп алғаннан кейін қайтадан тосып алатын өзгелерден гөрі салмақты, бөлек түсті асық.

Құржайлақ – қол сыртына иіру кезінде ешбір асық қолға тоқтамай, құр қол қалу. Әр кезекте бір рет қана құржайлақты қайталап иіруге рұқсат етіледі.

Қол сыртына қағу – алғаш ойнарда алақандағы асықты ептеп жоғары лақтырып, қайтар жолына әлгі қолдың сыртын төсеп, қолдың үстіне иіріп түсіріп алу.

Темше – қол сыртына жалғыз асық түскен кезде ойнаушы қаға отырып жердегі асықтарды бір бірден теріп алады. Қолдығы асық беске жеткенге дейін теріледі.

Қол күй – темше кезінде алаңдағы жатқан асықты екінші қолымен түзесе бұл қол күй болады.

Шынашақ – ең соңғы асық жалғыз болса, оны қарсыласы шынашағымен басып отырады да ойнаушы құсын лақтырып жіберген соң құс келгенше әлгі асықты тартып алып дайын тұру. Темше терген ойында «шынашақ» атымен болмайды.

Қармау – жоғары лақтырған асықты жерден терген асығы бар қолмен қағып алу.

Сауу – қол сыртындағы асықты лақтырып жіберіп астынан алақанмен тосып алу.

Жинау – егер ойыншының асығының арасы алшақ жатса 2 асық үшін 1 рет лақтырып жинайды, 4 және 3 асық үшін 2 рет жию жасауға болады.

Қаршу – қол сыртындағы асықты жоғары атып жіберіп үстінен төмен қарай қармап алуды айтады.

- Ендігі сұрақты «Хан ату» ойыны хақында қойсам деймін?

- Бұл ойын «Хан ату», «Хан тұтқындау», «Кім мерген», «Мерген сыналту» деген атауларға да ие. Ойын қырағылық, ептілік, мергендікке негізделген.

Жауынгерлік сипаттағы бұл ойында ойыншы – сардар, ал асықтар – сарбаздар, мергендер, «хан» аталатын басқасынан өзгеше асық қарсыластың қолбасшысы және оның жанында біздің сарбаздардан еш айырмашылығы жоқ өз «жансызы» бар.

Алғаш жеребе тарту үшін ойнаушылардың жеке-жеке иіріп «ханға» ұқсас асықты салыстырып санауы уақиғаны қай сардардың жетегімен бастайтындығын анықтайды.

Ойынды бастаған ойыншы, яғни жетекші сардар «хан» - қолбасшыны ататын мергенді тағайындайды, ол мерген сарбаздар арасында жүрген «жансызды анықтап атып тұтқындайды.

«Хан» мен «жансызды» тұтқындаған соң мал сойылып той жасалады. «Қой бауыздау» рәсімі өтеді. Қой бауыздау деп хан қолға алынған соң әлгі «хан» ды атқан асық – «мерген» - мен өзіне ұқсас келесі бір асықты атады. Мұны қай қолымен де таңдап атуға болады.

Ендігі кезекте әлгі сардардың басшылығында мергендер сайысы болады. Жеңілгендері ойыннан шығып сардарына келе бастайды. Ойын-

нан қателік шықса, қалған сарбаздар келесі сардардың қарамағына өтіп сайыс жалғасады.

Сайыс соңында сардарлар ұтылған сарбаздарын өз ұпай етіп қайтарып алады. Енді ойынның ойналу шартына келер болсақ, ойын тақтасына асықты еппен шашу, ойыншы асықты аса ептілікпен қос қолдап немесе бір қолмен иіреді. Қолды төңкеріп немесе ойын алаңының ортасын көздеп шиырлата иірген асық дұрыс орындалған болып есептеледі. Егер ойыншы асықты дұрыс иірмесе төреші немесе қарсыласы тарапынан ескерту алады.

Ескертуді қатарынан үш рет алған жағдайда асықты келесі ойыншыға ауыстырады. Бұл жердегі Хан деп ерекше белгілі айқын түсті асықты айтады. Ал мерген «хан» мен «жансыздан» өзге асықтар яғни сарбаздар деп аталады. Иірім-хан атқаннан бастап хан алынғанға дейінгі аралықты айтады. Ойынды бастау шарты былай болады. Әр ойыншы бес немесе он асық алады. Би, егер би болмаса ойнаушының біреуі «ханды» иіреді. «Хан» алшы, тәйке, шіге, бүге түсуі керек. Ойыншылар кезекпен өз асықтарын иіріп отырады. «Ханға» ұқсас асық кімде көп болса ол ойыншы ойын бастайды. Ол алдымен «хан»-ды соған ұқсас асықпен атады, атылған «ханды» өзге асыққа зәбір тигізбейтіндей атыс жасамаған қолмен алады. Асық ойыны барысында іс қимылмен шертудің де өз рөлі зор.

Осы жерде асықтың ату түрлеріне де тоқтала кетсем деймін.

Асықты атуға ыңғайлы саусақ бүгіліп, екінші бір саусақтың тіреуінен шертіліп барып асыққа тигені дұрыс.

Шерту - сұқ саусақ немесе ортан қолды басбармақ арқылы серпіп шерту.

Ал қиялап (ыршытып) шерту дегеніміз - сұқ саусақ пен ортан қолды бір біріне сүйей іліп олардың қайбіреуімен шерту. Бармақпен шерту-сұқ саусақ немесе ортан қолға басбармақты іле серпу арқылы шертуді айтады.

- «Қазақтың ұлттық асық ойындары» еңбегіңізде «Ат жарыстыру» мен «Тымпи» ойыны туралы да мол мағұлұмат беріпсіз?

- Иә, бұл ойындар туралы да қысқаша ғана айта кетейін. «Ат жарыстыру» ойыны халық арасында «Бәйге», «Алшы санау», «Иіркекіл», «Атқұмар», «Құмар иіру» деген атауларға да ие.

Ойын кәдімгі аламан бәйге есебінде. Ойнаушының саны, ойынның мәніне байланысты ара қашықтық белгіленеді. Ара қашықтық тізілген

асықтардың санымен салыстырылады. Әр ойнаушы – шабандоз өз жүйрігін өзі қосып, шабысына дем береді. Көнбеге келген ретімен сый сыяпат ұсынылады – ұпай беріледі.

Жеребе тартылмайды, шабандоздың жас, дәрежесіне қарай бағынады.

Әр ойыншы бәйгеге қосатын «жүйрік» асығын алады. Ойыншылар өзара келісіп бәйге қашықтығына арнаған барлық асықты алшы жағымен шұбатып, не дөңгелентіп тізеді. Ортаға «айдаушы» деп аталатын төрт асықты иіруге арнап дайындайды. Жасы үлкен ойыншы ойынды бастағаны абзал. Немесе төрт асықты әрқайсысы бір-бір рет иіріп, түскен алшының санына қарай кезек-кезек ретін тоқтатады. Ойыншылар кезекпен өз асықтарын иіреді. Олардың бір, немесе бірнешеуі алшы түсуі мүмкін. Түскен алшының санымен «жүйрік» ілгері жүреді.

Ойын ары қарай алмакезек жалғасып отырады. Ешбірі алшы түспесе «болдыру» болады, «жүйрік» қозғалмайды. Бір немесе екі, үш, төрт алшы түссе бір рет қайталап иіріп «сорпа» ішеді. Көнбеге жеткен ретімен орын иеленіп, бәйге алады. Ал «Тымпи» ойынына келер болсам, бұл сан жасырып ойнайтын ойын. «Тымпи», «Санамақ», «Сауда», «Тапқыр» деген атауларға да ие. Ойын қырағылық, ептілік, мергендікке негізделген.

Ойынның негізгі мағынасы әділ сауда жасау арқылы дәулет жинау. Ойын мақсаты ойыншы асықтарының санын жасырып қарсыластарының жасырын сыры, жасырған асықтарының санын тауып ұтып алу. Қарсыластарының барлық асығын ұтып өз қоржынына салу мақсатында ойнайды. Барлық асықты ұтып жинап алғаны әр ойыннан соң олардың асығын ұпай етіп қайтарады. Межелі ұпайға жеткені жеңіске жетеді. Әр ойыншы бес немесе он асық алады. Саудаға салғысы келген асығын уысына жасырып ұстайды да, барлығы сұқ саусағымен алаң ортасына тіреп барлық ойыншы-саудагердің асықтарының қосындысын атайды. Алдымен аталған сан қайыра қайталанбайды, яғни айтылған сандар қабаттаспау керек. Барлық ойыншылар сандарын айтып болған соң, дау тумас үшін бәрі пысықтайды да алақандарын жаяды. Қосынды есептелініп, ұтыс иесіне алақандардағы барлық асық беріледі. Осы ойын ретімен қайталап асық жасырылады. Біраздан соң бір ойыншының асығы, біртіндеп келесінікі таусылады. Ол бәріне мәлім. Ешкім оның асығы таусылып қалғанын білмесе бір рет құржайлақ ұстап ұтысқа қатысады. Бұл жолы таба алмаса ойыннан шығады. Ойын әрі қарай жалғасын

барлық асық бір ойыншы-саудагерге жиналғанша ойын жалғасады. Сол айналымның жеңімпазы ұтқан асықтарын ұпаймен айырбастап таратып беріп, келесі ойынды қайыра жалғастырады.

- Қанат аға осы бір аз ғана сұхбатымызда көп дүниелер айтылды деп есептеймін. Тұшымды әңгімеңіз үшін көп-көп рахметімді айтамын.

Сұхбаттасқан
Ықылас Ожайұлы



СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВ,

*ҰҒА академигі,
филология ғылымдарының
докторы, профессор*



НАҒАШЫБЕК ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,

*жазушы, ЮНЕСКО мәдениеттерді
жақындастыру орталығының
бас ғылыми қызметкері*

ЖАМБЫЛТАНУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

«Соғыс бітті» деген қуанышты хабарды естіп Жамбыл 1945 жылы 22 маусымда жүз жасқа жеті ай қалғанда дүниеден озды. Аманат өсиеті бойынша ұлы ақын ауылындағы баққа жерленді. Келер жылға дейін бейітіне үлкен күмбез тұрғызылды, жүз жылдығы деп асы берілді. Жерлеуіне де, жүз жылдығына да Қазақстанның басшылары түгел қатысты, атақты ақын-жазушылардың бәрі келді. Жамбылдың 125 жылдығы Жамбыл ауылында, музей алдындағы дала сахнасында өтті. Оған Д.А.Қонаев бастаған Үкімет басшылары, КСРО Жазушылар одағының бірінші хатшысы С.Марков және он бес одақтас республикадан келген жазушылардың үлкен делегациясы қатысты. Ақын Әбділда Тәжібаев баяндама жасады. 150 жылдық мерейтойында да көптеген игі шара өткізілді. Сүйінбай ақынның музейі ашылды, Жамбыл ауылындағы музей мен мектеп күрделі жөндеуден өтті. Алматыдағы Республика сарайындағы өткен салтанатта Елбасы Н.Ә.Назарбаев мазмұнды баяндама жасады. Ал 2021 жылы қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толады. Осыған байланысты кейбір ой-пікірлерімізді ортаға салуды жөн көрдік.

Қазақтың сөз өнері ежелгі заманнан бері үш түрде жасалып, ғұмыр кешіп, біздің дәуірге жетті. Олар – халықтың ауыз әдебиеті (фольклор),

авторлық ауыз әдебиеті (ақын-жыраулар поэзиясы) және жазбаша әдебиет (көне түркі мәтіндерінен бастау алады). Осы үшеуінің соңғы екеуі бүгінгі шақта да дамып келеді. Қазіргі көпжанрлы әдебиетіміз бен бүгіндері өтіп жатқан айтыстарымыз бұрынғы дәстүрді жалғастырумен бірге жаңаша, соны сипатта көрініс беріп, өзіндік ерекшеліктерге ие болуда. Мұның себебі аз емес, солардың бірі жаңа жазбаша әдебиеттің негізін салған Абай мен авторлық ауыз әдебиетін биік деңгейге көтеріп, оған жаңа сипат дарытқан Жамбылдың шығармашылығы, олардың әдеби-көркемдік ұстанымы мен талап-талғамы.

Осы екі ұлы сөз зергерінің ұлттық сана-сезіміміздің, руханиятымыздың дамуында тарихи рөл атқарғаны үшін қазақ халқы олардың есімін, мұрасын әрқашан ардақтап, ұлықтап келеді, дәріптей бермек. Сөзіміздің жарқын дәлелі ретінде Абайдың да, Жамбылдың да 150 жылдығы кең көлемде аталып өткенін, жыл сайын олардың туған күнінде өткізілетін алуан түрлі салтанатты жиналысты, шығармашылық, ғылыми шараларды еске алуға болады. Дейтұрғанмен, әдебиетіміздің екі алыбын толық зерттедік, танып-білдік деп айта алмаймыз. Кеңес өкіметі тұсында олар туралы аз жазылған жоқ, бірақ зерттеулер мен мақалалардың көбі коммунистік идеология тұрғысында болғаны белгілі. Ал енді тәуелсіздік тұсында бүкіл тарихымызды, рухани мұрамызды қайта қарап, ұлтымыздың мүддесі мен міндеті талаптарына сәйкес жаңаша зерделеп, бағалап жатқанымызда Абайдың да, Жамбылдың да мұрасына қазақ көзімен қарап, сөз өнеріміздің табиғатынан шығатын заңдылықтар негізінде зерттеу қажеттігі дау тудырмаса керек. Бүгінгі әңгімеміздің мақсаты – Жамбылдың шығармашылық мұрасы келешекте қалай насихатталып, зерттелуге тиіс, алда қандай істерді жүзеге асыру қажет деген ойларымызды ортаға салу.

Жәкеңнің шығармалары Кеңес өкіметі кезінде мыңдаған, миллиондаған данамен қазақ, орыс, тағы басқа тілдерде жарық көргені баршаға аян. 1930-1950 жылдардың арасында ол кісінің өлеңдері бүкіл әлемге белгілі болды, 160-тан астам шет тілдеріне аударылып, Жер шарына тарады. Ақиқатында, қазақ халқын дүние жүзіне алғаш танытқан адам Жамбыл десек, артық айтқандық болмас. Солай бола тұрса да Жәкеңді әлі де лайықты дәрежеде, жаңаша тани да, көрсете де алмай жүрміз. Рас, жекелеген мақалаларда жыр алыбы туралы біршама жаңа көзқарас, соны ойлар бар. Алайда бұл жеткіліксіз екені түсінікті, олармен шектеліп қалмасақ керек.

Әдетте біз ұлы тұлғаларымыз хақында олардың мерейлі тойлары жақындағанда ғана ойланып, жеделдетіп қаулы қабылдап, іс-шараларды белгілеп, той күндерді жүзеге асыруға күш саламыз. Өкінішке қарай, ойлағандарымыздың көбісі асығыс істеліп, кейбірі орындалмай қалатыны бар. Кезінде Абайдың 150 жылдығына қатысты қаулының жобасы марқұм Өзбекәлі Жәнібековтің басшылығымен 1990 жылы, яғни бақандай 5 жыл бұрын дайындалған еді. Махамбет ақынның 200 жылдығына әзірлік төрт жыл бойы жүрді. Жамбылдың 175 жылдығын қай жағынан болса да, әсіресе шығармашылық мұрасын насихаттау мен зерделеу, ұлықтау жағынан жоғары дәрежеде өткізу мақсатында осы күннен бастап қажетті құжат қабылдап, тиісті іс-шараларды белгілеп, ұйымдастыру жұмысына кіріскен жөн сияқты. Мұндай өте маңызды істе басты назар ғылыми-шығармашылық мәселелерге аударылғаны орынды болар еді. Бұл салада өте ауқымды әрі қиын да жауапты жұмыстар бар.



Ең бірінші кезекте қолға алатын шаруа – Жамбылдың өзі мен шығармашылығы туралы дүниелердің бәрін қамтыған «Библиографиялық көрсеткіш» жасау. Ендігі жаңа көрсеткіш – Жәкеңнің бізде, шетте шыққан өз шығармаларын, ақын жайында жазылған мақалаларды, зерттеулерді, өлеңдер мен поэмаларды, түсірілген фильмдерді, сахнаға қойылған спектакльдерді, салынған суреттерді, тағы басқа туындыларды түгел тізім-деген, сипаттаған еңбек болуға тиіс.

Екіншіден, аса жауапты әрі зор маңызды іс – «Жамбыл шығармала-

рының академиялық толық жинағын» құрастырып, жарыққа шығару. Осы уақытқа дейін мұндай басылым болған жоқ. Ең алғашқы толық деп саналған 1946 жылғы кітап өз мағынасындағы нағыз академиялық жинақ бола алмады және ол қазір іздеп таба алмайтын дүниеге айналды. Одан кейінгі басылымдар да толық емес, негізінен, таңдамалы сипатта болды. Бұлай болудың өзіндік себептері бар. Оның бастысы И.Сталиннің жеке басына табынушылық әшкереленген соң Жәкеңнің ол туралы және сол шақтағы партия, Кеңес қайраткерлері жайында шығарған өлең-толғауларын цензура кітаптарға енгізбейтін. Тағы бір себеп – тәуелсіздік алғаннан кейін ақынның Кеңес кезіндегі компартияның саяси-идеологиялық үгіт-насихатының әсерінен туындаған шығармаларын жинаққа енгізіп, бүгінгі оқырманға ұсыну орынсыз деп түсіну. Әлбетте қазіргі жағдайда бұл себептер ескі ұғымдардың сарқыншағы деп қабылдануға тиіс. Жеке мемлекет болып, билігіміз өз қолымызға тиген шақта бұрынғыдай шеттен немесе жоғарыдан түсетін саяси-идеологиялық нұсқаулардан, қыспақтардан, цензурадан құтылып, ой еркіндігі, сөз бостандығы, пікірлік плюрализм орнаған заманда ескіліктің тұтқынынан шығатын мезгіл жетті деп білеміз. Қазіргі уақытта әдебиет пен өнерді, көркем туындыларды талдап, бағалағанда Кеңес кезіндегідей тек саяси, әлеуметтік шартты ұстанбай, әр шығарманы көркемдік пен эстетикалық құндылығы жағынан зерделеу бірінші кезекте болуы керек. Бүгінгі жаңа талаптың бірі – «әдебиет пен өнер туындысы түсінікті болуы керек», деген ғана принципті қолданбай, «әдебиет пен өнер туындысын түсіне білу керек» деген ұстанымды басшылыққа алу. Олай болса, әдеби, тағы басқа мұрамызды да осы тұрғыдан қарастыру қажеттігі туып отыр. Ендігі бір талап – әрбір шығарманы оның қандай қоғамдық, саяси жағдайда дүниеге келгенін ескеру және сол дәуірінің талап-талғамына ұштастыра зерттеу керектігі. Үшінші талап – шығарманың авторы өзінен бұрынғы дәстүрді қалай жалғастырды, оған өзі не қосты деген шарт басты назарда болуы тиіс. Міне, Жәкеңнің академиялық толық жинағын құрастырғанда осы талаптар негізге алынса дұрыс болар еді, өйткені оның өлеңдері, толғаулары, дастандары бұл талаптарға толық сай келеді, ал мұның өзі ақын мұрасын жаңаша бағалап, зерделеуге тірек болады, оның тұлғасын жан-жақты етіп көрсетуге мүмкіндік береді. Ақынның шығармалары сол заманның көркем бейнесі екенін әрі Жамбыл да сол заманның перзенті екенін де ұмытпаған жөн.



Жамбыл – ақын, жырау, жыршы. Жамбыл – ойшыл, тарих куәгері, өмір шындығын жырлаушы. Оның орасан таланты кез келген шығармасынан көрініп тұрады. Көркемсөздің хас шебері ретінде ол небір ғажайып теңеу, метафораларды қолданып, сөзді ойнатады, құбылтады, жаңа сөз оралымдарын жасап, бейнелі тіркестер тудырады, өзіне дейінгі ақын-жыраулар үлгісін пайдалана отырып, оны жаңарта дамытады, сөйтіп өзіндік сөз қолдану мәнерін қалыптастырады. Өзінің осындай асқан көркем шеберлігі мен маржан талантын Жамбыл бұрынғы жырауларша мемлекет басшыларына тікелей қарата арнау айтып, елдік, бірлік, татулық, Отанды сүю, қорғау секілді өз кезінде өте актуальды болған мәселелерді көтеруге жұмсаған. Ертедегі жыраулар сияқты үлкен жиындарда, Жоғарғы Кеңес сессияларында, Ұлы Отан соғысы кезінде қиналған халыққа арнаған толғау-өлеңдері көркемдік сапасы мен эмоциялық күш-қуаты тұрғысынан жаңа, бүгінгі көзқараспен бағалануға тиіс және Кеңес кезіндегі өмір мен саяси-әлеуметтік жағдайды да ескеру қажет.

Еске түсірейікші, бұрынғы біздің классик жырауларымыз ханға арнай сөйлемейтін бе еді, әмірші мен халық қиналған шақта, ел басына ауыр күн туғанда ақыл айтып, өткен-кеткенді шолып, келешекті барлай айтып, жұртты бірлікке, сабырлыққа шақырмаушы ма еді?! Сыпыра жыраудың Тоқтамысқа, Асан Қайғының Жәнібекке, Шалкиіздің Би Темірге, Жиёмбеттің Есімге, Бұқардың Абылайға айтқандары Жамбылдың Кеңес өкіметінің көсемдеріне айтқанынан бөлек емес қой! Жыраулар неге солай айтты? Айтқызған дәл сол шақтағы тарихи-қоғамдық жағдай. Жамбыл да өз уақытындағы қоғамы, қауымы талап еткен соң айтты. Сол үшін оны кінәлауға бола ма? Әрине, болмайды. Пәлі, жалғыз Жамбыл ғана Кеңес өкіметін мақтады ма? Ол заманда Кеңес өкіметін, оның көсемдерін мадақтамаған, дәріптемеген ақын-жазушы бүкіл Одақта болған жоқ. Одақ қана емес, шетелдерде де Кеңеске, партия басшыларына арналған дүниелер туып жатты. Осының бәрі – шындық қой, тарих қой. Ендеше, неге біз шындықты көлегейлеп, тарихтан алып тастауымыз керек? Олай істейтін болсақ, біз компартияның сыңаржақ саясатына қайта ұрынамыз. Бүкіл мәдени, әдеби мұрамызды «мынау жақсы, халықтыкі», «мынау жаман, халыққа жат» деп тарихымызға, ой-санамызға қиянат жасаған жоқпыз ба? Демек, мұндай сауатсыздықты, қателікті қайталауға хақымыз жоқ. Әдебиет пен өнер туындыларына, мейлі ол мұра бол-

сын, мейлі бүгінгі шығарма болсын, ең алдымен руханият тұрғысынан қараған жөн, оларды көркемдік-эстетикалық жағынан түсіне біліп, бағалаған дұрыс. Ақынды, жазушыны «нені жазды» деп қана емес, «қалай жазды» деп танитын шарт алға шығуы керек. Осы аспектіден келгенде Жәкеңнің Кеңес өкіметі мен партия көсемдеріне және кеңес жауынгерлеріне арнаған өлеңдері мен толғаулары көркемдік, әсіресе эмоциялық қуаты жағынан ерекшеленіп тұрады, олар нағыз жыраулық поэзияның үлгісі. Демек, оларды жақсы ғылыми түсініктермен академиялық жинаққа енгізу тарихи әділдік болады деп ойлаймыз. Академиялық толық жинақ құрастырылса, ол өз кезегінде Жамбылтанудың аясын кеңейтіп, бұл салада басқа да қажетті істерге негіз болары анық.

Оны жасау барысында Жәкең туындыларында баяндалатын тарихи оқиғалар, сөз болатын тұлғалар, жер-су атаулары туралы мол дерек жиналады. Демек, Жамбыл және тарих, Жамбыл және қоғам, Жамбыл және өнер, Жамбыл және мәдениет деген зерттеулер жүргізсе, Жамбылтану жаңа белеске көтерілері күмәнсіз.

Академиялық толық жинақ «Жамбыл тілінің сөздігін» жасау үшін бірден-бір дерек болмақ. Мұндай сөздік Жәкең тілінің ғана емес, қазақ тілінің екі ғасырда қалай дамып, өзгергенін де көрсетері анық. Ақынның XIX және XX ғасырларда туған шығармаларын салыстыра зерттеп, тіл тарихына қатысты тың байқаулар жасауға болады.

Жамбыл шығармаларының шетелде жариялануы қандай дәрежеде?

Ұлы ақын өлең-жырлары әлемнің 160-тан астам тілдеріне аударылды. Ал 150 жылдық тойына орай Қытайда, Иранда, Ресейде жинағы жарыққа шықты. Сол кездегі, сол елдегі елші қайраткерлер Мырзатай Жолдасбеков, Қуаныш Сұлтанов, Тайыр Мансұровтар осы кітаптарды аудартып шығарған еді. Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов Мәскеуден орыс тілінде кітап жазып ұсынды. Түркияда елші болып тұрғанда Жансейіт Түймебаев біраз игі шаралар ұйымдастырды, Сүйінбай, Жамбыл кітабын түрікшеге аудартып шығарды. Әсіресе ТҮРКСОЙ-да және сол елде елшілікте істеген Мәлік Отарбаев деген талантты қаламгердің ұсынысы мен араласуының нәтижесінде Анкарада Сүйінбай ескерткіші мен алаңы ашылды, бір көшеге Жамбыл есімі беріліп, осы ақындар жайлы ауқымды іс-шаралар өткізілді.

Енді ұлттық аударма бюросы Жамбылдың таңдамалы бір томдығын алты тілге аударып, таратса дұрыс болар еді.

Жазушы Әбіш Кекілбайұлының алғысөзімен 1996 жылы үш тілде «Жамбыл әлемі» атты фотоальбом он бес мың данамен Чехославакиядан басып шығарылып, мерейтойда қонақтарға кәде-сый ретінде таратылған еді. Сол дәстүрді жалғастырып, түрлі-түсті суретті қазақ, орыс, ағылшын тілінде «Әлемді жыры шарлаған» атты фотоальбом шығаруымыз керек-ақ.

Осыдан он бес жыл бұрын Жүргенов атындағы ұлттық Өнер академиясында «Жамбыл және түрік әлемі» атты халықаралық конференция өтті. Онда ТҮРКСОЙ ұйымының басшысы Д.Қасейінов, академик ғалымдар, түркітанушылар баяндама жасап, «Жамбыл – түркі әлемінің бас ақыны» деген баға берді.

Жамбыл мұрасын шетелде насихаттау, жинағын шығаруда еліміздің шетелдегі елшілері белсенділік танытады деген үміттеміз.

Жамбыл мерейтойына арнап кітаптар шығару жайлы пікірімізді білдіре кетпекпіз. Ұлы ақынның 170 жылдығына Шымкент, Талдықорған, Қостанай қалаларындағы университеттер жинақтар әзірледі. Ал Абай атындағы ұлттық педогогика университеті төрт томдығын, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті екі томдығын шығарды.

Бұдан ширек ғасыр бұрын С.Бегалиннің «Жамбыл» романы тұңғыш рет жарық көрді. Сапарғали Бегалин Жәкеңнің көзі тірісінде он жыл бойы ұлы ақын елінде болып, ғұмырнамасын жазып алған. Бірақ оны шығаруға рұқсат бермей, өртетіп жіберген. Бір данасын өзіне құпия ұстап, жастығының ішіне салып, тіктіріп сақтаған бұл өте құнды жәдігер қысқартылып, жарты ғасырдан кейін тәуелсіздік кезінде аз таралыммен әзер шықты. Енді сол С.Бегалин нұсқасын тездетіп, толық күйінде шығаруымыз керек. Жамбылға жаңаша көзқарастағы мақалалар мен зерттеулер әзірленуі қажет, бірақ ондай еңбектерде комплиментарлықтан гөрі ғылыми жағына көңіл бөлінсе.

Көркемсуретті фильм түсіргенімізде асығыстыққа жол бермегеніміз жөн. Сапалы, салмақты толыққанды кино түсіру – елдігімізге сын. Жасыратыны жоқ тарихи тұлғалар жайлы асығыс-үсігіс шала, піспеген дүниелерді көріп қарнымыз ашады.

Жамбыл жайлы документті фильм түсіріп, ол бүгінгі уақыт биігіне сай жан-жақты қамтылған сом туынды болып, эталон ретінде көрсетілетін шығарма болғаны дұрыс.

Жамбыл жайлы шығармалардың жайы қалай? Шынын айтқанда, Жамбыл бейнесі көркем прозада әлі күнге дейін сомдалған жоқ. П.Кузнецовтің «Бақытын тапқан адам» деп жазған романы саясатқа

бейімделген публицистикалық дүние. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жазылған М.Жолдасбековтің «Жамбылдың жастық шағы», У.Қалижановтың публицистикалық-деректі шығармасы мен Н.Қапалбекұлының «Бала Жамбыл» повесі, бірлі-жарым жазушылардың әңгімелерінен басқа ештеңе жоқ. Кең тынысты, үлкен ауқымды ұлы жырау жайлы роман жазылмай жатыр.

Осы орайда Кенен Әзірбаевтың, Тайыр Жароков бастаған ақындардың Жәкең жайлы таңдаулы өлеңдерін құрастырып, кітап етіп шығарып қоюымыз қажет.

Жамбыл елінде мынандай істерді жүзеге асырсақ деген ұсыныстарымызды білдірмекпіз. Жамбылдың ата-бабалары бейітіне мазар тұрғызу. Әкесі – Жапа, шешесі – Ұлдан, атасы Ыстыбай, бауырлары, балалары жатқан қорым-бейітті кезінде үлкен жүректі қайраткер азамат С.Үмбетов қоршатып қойған еді. Енді осы мазарда жатқандардың, туған, қайтыс болған жылдары көрсетіліп, арнайы құлпытас орнатып үстіне мазар салынғаны жөн-ақ. Жамбыл ауылында музыка мектебін, Ұзынағашта өлкетану музейін салу да кезек күттірмес маңызды мәселе. Жамбылды тәрбиелеп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай баптап өсірген Сарыбай би Айдосұлының туғанына 200 жыл толады. Бұл тарихи тұлғаға да өз дәрежесінде тарихи-танымдық шаралар ұйымдастырылғаны абзал.

Жалпы, Алматы облысы Жамбыл ауданын – ашық аспан астындағы музей-қорық деп ЮНЕСКО тізіміне кіргізуді ойластырсақ.

Оған бұл өңірдегі тарихи-танымдық, мәдени ескерткіштер, музейлер, қорықтар, фауна мен флорасы, тарихи тұлғалары молынан жетеді.

Президентіміз Қ.Тоқаев Абай өлеңін жатқа айтып, бүкіл елімізге үлкен қозғалыс туғызды. Бұл тағылымды іс «Жамбыл жылында» да жалғасын табатын шығар деп ойлаймыз.

Жамбыл жылында әр ауыл 175 көшет отырғызса, ол мәуелеп өсіп, әр ауыл ажарын ашады ғой.

Алматы облысының орталығы – Талдықорғанда көрнекі жерде Жамбыл ескерткіші тұрса қандай ғанибет!

Ал Алматыдағы Достық көшесіндегі жыр алыбы ескерткішін жанында тұрған биік тұғырға көтеріп қойса деген көпшіліктің ұсынысы ескерілуі тиіс.

М.Әуезов атап көрсеткендей: «Жамбыл тек өз шығармаларымен ғана емес, сонымен бірге өзі тәрбиелеп, баулыған – ер, әйел ақындар



тобымен де халық поэзиясының бұтағы, бүрі мол бәйтерегі». Ұлы ақын тәрбиелеп, жанына ерткен Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Есдәулет Қандеков, Саяділ Керімбеков тағы басқа да шәкірттері жайлы ғылыми деректер, сондай-ақ «Жамбылдың ақын шәкірттері» деген арнаулы көптомдығы шығарылса жаман болмас еді. Қырғыз еліне, Мәскеу архивіне ғылыми экспедиция жіберіп, жаңа фактілер, деректерді табуға болар еді.

Ұлы ақынның ауылында жылда 28 ақпан – туған күніне орай «Жамбыл күні» өтеді. Бұл игі дәстүр өткен ғасырдың алпысыншы жылдарда басталған болатын. Ал тоқсаныншы жылдардан бері қарай облыс әкімдері өздері қатысып, мазмұнды өтуіне тікелей атсалысуда.

«2021 жылды – Жамбыл жылы» деп жариялап, кешенді жоспар жасап, ұлы ақын аруағына бас иіп, дана да дара алып ақынды ардақтау – бүгінгі ұрпақ парызы.

Иә, Жамбыл мерекесі – жыр мерекесі, халық мерекесі. Оны сапалы, мазмұнды өткізсек деген ой-пікірлеріміздің бір парасын ортаға салуды жөн көрдік.



МАЗМҰНЫ

Ә.Қаба. Жаңа істерге жаңашыл бастама керек.....3

Рухани жаңғыру

Қазақ жазуы тарихы.....5

А. Байтұрсынұлы. Дыбыстарды жіктеу туралы.....8

А.Фазылжанова, Е.Маралбек. Тілтанушы ретіндегі қорытындымыз.....15

Қ.Күдеринова. Қазақ жазуы қандай жазу?.....23

Қ.Ерғалиев. Ұлттық мүддеден туындаған.....26

А.Қаршығаева. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшірудің маңызы.....28

Х.Әбжанов. Жазуымыз да, дыбысымыз да қазақтықпен көмкеріледі...32

Н.Рсалиева. Латын жазуы бізді үш әлеммен біріктіреді.....34

Тіл тұтас

Н.Аитова, А.Қадырхан. Әлем тілдері әліпбиіндегі диакритикалық таңбалардың қолданылу ерекшеліктері.....37

А.Пирниязова. Қарақалпақ тілінің латын графикасына көшуіндегі мәселелер мен жетістіктер.....46

А.Каксин. Түркі жазуын латын әліпбиіне көшіру жағдайы мен алғышарттары туралы (хакас және қазақ тілдерінің салыстырмалы материалдары бойынша).....53

Таңбалар сыры

А.Алдаш. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі.....59

Г.Мамырбек. И мен у-ды неге таратып жазуға болмайды?.....62

Л.Еспекова. Латын әліпбиі және диакритикалық таңбалар.....64

З.Садырбаева. Бүгінгі қазақ тілінің емле-ережелері.....67

Б.Момынова. Әліпбидегі кейбір кірме әріптер туралы (х, һ).....70

Е.Маралбек. Қосарға.....72

Е.Тілешов. Латын әліпбиіне көшу – тілге жаңа серпін.....76

Тіл-тамыр

М.Малбақов. Ескі кірме сөздерді латынграфикалы қазақ әліпбиімен жазу жайында.....81

Б.Қалиұлы. Қазақ дыбыстарының ерекшелігін сақтайық.....85



Әдістеме

С.Кенжемұратова, Ж.Жақанова. Әліпбиді үйретудің негізгі
ұстанымдары.....90

Сөз сыры

Э.Өтебаева. Академик Ә.Қайдардың қазақ этнолингвистикалық
сөздігі жайында.....93

Талқы

С.Ерғали. «Двоиниктің» баламасын «СыңарЛАС» деуге әбден болады...97

Алаш

Ж.Әнесұлы. Ахаңның «әліпбиі», М.Дулатовтың Түркістанға сапары...99

Терминология

Т.Жанұзақ, К.Құрманәлиев. Терминология тарланбозы.....111

Таным

Қ.Забайұлы. Асық – көшпенділерден келе жатқан көне ойынның
түрі.....116

Жамбыл Жабаев-175

С.Қасқабасов. Н. Қапалбекұлы. Жамбылтанудағы өзекті мәселелер..126

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ә.Қаба**
Жауапты редактор **Қ.Есентаев**
Корректор **М.Шіменбай**
Дизайнын жасап, электронды нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Сығанақ көшесі, 25,
Тел.: 8 (7172) 27-30-43
Tilortalyk@mail.ru

Беттеуге берілген күні 4.05.2021 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 9.05.2021 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 11,3